

Тауарлар мен көлік құралдарын кедендік ресімдеу туралы

Күшін жойған

Мемлекеттік кіріс министрлігі Кеден комитеті төрағасының 2001 жылғы 15 ақпандағы N 54 бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2001 жылғы 30 наурызда тіркелді. Тіркеу N 1442. Күші жойылды - ҚР Кедендік бақылау агенттігі төрағасының 2003 жылғы 11 маусымдағы N 288 бұйрығымен.

"Қазақстан Республикасындағы кеден ісі туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

1. Қоса беріліп отырған:

Уақытша сақтау орындарына қойылатын міндеттемелер туралы нұсқаулық;
Кедендік ресімдеуді жүргізудің орны мен уақыты туралы нұсқаулық;
Кедендік жүк декларациясын тапсыру мерзімін ұзарту ережесі;
Жүк кеден декларациясын, құжаттар мен кеден мақсаттары үшін қажет қосымша мәліметтерді ұсыну, қабылдау мен тексеру жөніндегі нұсқаулық;
Қазақстан Республикасының сыртқы экономикалық қызметіне қатысушылардың алдын-ала жасалатын операциялар сатысында есеп құжаттарын ұсынуының тәртібі;
Кеден құжаттарының электрондық көшірмелерін қалыптастыруға арналған растауларды берудің Ережесі;
Міндетті сертификаттауға жататын тауарларды кедендік ресімдеу мен кедендік бақылаудың Ережесі;
Жедел жеткізілімдер кезінде тауарларды кедендік ресімдеу Ережесі;
Тауарларды алдын ала мәлімдеу рәсімін қолдану жөніндегі Ереже;
Тауарларды арагідік мәлімдеу рәсімін қолдану жөніндегі Ереже;
Кедендік брокер ретінде іс-әрекет жасау құқығын беретін лицензияларды беру, күшін тоқтату және кері шақыру жөніндегі нұсқаулық;
Кедендік ресімдеу жөніндегі маманға біліктілік аттестатын берудің ережесі;
Мамандарды кедендік ресімдеу бойынша аттестация жүргізу жөніндегі Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кіріс министрлігі Кеден комитетінің Орталық комиссиясы туралы ереже;
"Жасыл және қызыл дәліздер" жүйесін пайдалана отырып жеке тұлғалар өткізетін тауарларды кедендік ресімдеу және кедендік бақылау жөніндегі ереже;
Қазақстан Республикасының кеден шекарасы арқылы өтетін болмаса халықаралық байланыс үшін ашық кеден бақылауы аймағында не әуежай аймағында орналасқан жеке тұлғаларға жеке қарау жүргізудің тәртібі туралы

н ұ с қ а у л ы қ ;

Жеке тұлғалардың Қазақстан Республикасының кеден шекарасы арқылы алып өтетін тауарларын кедендік ресімдеу, декларациялау және кедендік бақылаудың осы Ережесі;

Қысқаша декларацияны толтыру жөніндегі нұсқаулық;

"Астана - жаңа қала" арнайы экономикалық аймағының аумағында еркін кедендік аймақ режимінде мәлімделетін тауарларды кедендік бақылау мен кедендік ресімдеудің ережесі.

Ескерту. 1-тармақ толықтырылды - Мемлекеттік кіріс министрінің 2002 жылғы 6 наурыздағы N 69 бұйрығымен .

2. Құқықтық қамтамасыз ету басқармасы (Г.Ә. Мұхамедиева) осы бұйрықтың мемлекеттік тіркелуін қамтамасыз етсін.

3. Баспасөз қызметі (Б.Т. Омарәлиев) осы бұйрықтың бұқаралық ақпарат құралдарында жариялануын қамтамасыз етсін.

4. Қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кіріс министрлігі Кеден комитетінің кейбір бұйрықтарының күші жойылды деп т а н ы л с ы н .

5. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кіріс министрлігінің Кеден комитеті төрағасының орынбасары Б.Т. Ж ұ м а б а е в қ а жүктелсін.

6. Осы бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күшіне енеді.

Төраға

Тауарлар мен көлік құралдарын
кедендік ресімдеу туралы
Қазақстан Республикасының
Мемлекеттік кіріс министрлігі
К е д е н к о м и т е т і н і ң
2 0 0 1 ж ы л ғ ы 1 5 а қ п а н д а ғы
N 5 4 б ұ й р ы ғы н а
қосымша

**Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кіріс
министрлігі Кеден комитетінің күші жойылған кейбір
бұйрықтарының
ТІЗБЕСІ**

1. "Тауарлар мен көлік құралдарын уақытша сақтаудың кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кіріс министрлігі Кеден

комитетінің 1999 жылғы 3 қарашадағы N 532-Б бұйрығы .

2. "Жүктік кедендік декларациялардың электрондық көшірмелері туралы" Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кіріс министрлігі Кеден комитетінің 1998 жылғы 30 қарашадағы N 242-Б бұйрығы .

3. "Міндетті сертификаттауға жататын өнімдерді (тауарларды) Қазақстан Республикасының аумағына әкелудің тәртібін қолдануға енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кеден комитетінің 1997 жылғы 4 маусымдағы N 175-Б бұйрығы .

4. "Жүктік кедендік декларацияны берудің мерзімдерін ұзарту туралы ережелерді бекіту туралы" Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кіріс министрлігі Кеден комитетінің 2000 жылғы 22 мамырдағы N 160-Б бұйрығы .

5. "Мерзімді және алдын ала декларациялаудың рәсімі туралы" Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кеден комитетінің 1997 жылғы 23 маусымдағы N 161 - Б б ұ й р ы ғ ы .

6. "Толық емес мерзімді декларациялау туралы" Қазақстан Республикасы Кеден комитетінің 1996 жылғы 31 қазандағы N 222-Б бұйрығы .

7. "Тауарларды жедел әкелу кезінде кедендік ресімдеу туралы" Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кеден комитетінің 1997 жылғы 8 шілдедегі N 176-Б б ұ й р ы ғ ы .

8. "Кедендік брокер ретінде қызметті жүзеге асыру құқығына арналған лицензияларды берудің, қолданылуын тоқтата тұрудың және кері қайтарып алудың тәртібі туралы нұсқаулықты бекіту туралы" Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кіріс министрлігі Кеден комитетінің 1999 жылғы 3 қарашадағы N 529 - Б б ұ й р ы ғ ы .

9. "Қазақстан Республикасының аумағында кедендік жеңілдіктерді пайдаланатын тұлғалар кедендік қоймалардан босататын тауарларды кедендік бақылау туралы нұсқаулықты қолдануға енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кеден комитетінің 1997 жылғы 23 сәуірдегі N 107-Б бұйрығы .

К е л і с і л д і

Қазақстан	Республикасының
Мемлекеттік	кіріс министрі
2001 жылғы	15 ақпан

Б е к і т і л д і

Қазақстан	Республикасы
Мемлекеттік	кіріс министрлігі
Кеден	комитетінің
N 54	бұйрығымен
2001 жылғы 15 ақпандағы	

Уақытша сақтау орындарына қойылатын міндетті талаптар туралы нұсқаулық 1. Жалпы ережелер

1. Уақытша сақтау орындарына қойылатын міндетті талаптар туралы осы нұсқаулық (бұдан әрі - нұсқаулық) тауарлар мен көлік құралдарын уақытша сақтау орындарына қойылатын талаптарды анықтайды.

2. "Қазақстан Республикасындағы Кеден ісі туралы" (бұдан әрі - "Кеден ісі туралы Заң") Қазақстан Республикасы Заңының 171-бабына сәйкес кедендік бақылау аймағындағы арнайы бөлінген және жайғастырылған үй-жайлар, ашық алаңқайлар, көлік құралдары немесе өзге де орындар (уақытша сақтау қоймалары, кедендік қоймалар, бос қоймалар) тауарлар мен көлік құралдарының уақытша сақтау орындары болып табылады.

3. Уақытша сақтау орындарын айқындау мақсаттарында кедендік бақылау аймақтарын құруды және кедендік бақылау аймақтарының шекараларын белгілеуді Қазақстан Республикасының кедендік органдары белгіленген тәртіпте жүзеге асырады.

4. Уақытша сақтау орындарына қойылатын талаптар кеден органына тауарлар мен көлік құралдарын жеткізу сәтінен бастап және оларды шығаруға дейін кеден бақылауынан жүзеге асырудың қажеттілігі мен жеткіліктілігін қамтамасыз ету өлшеміне немесе таңдалған кеден режиміне сәйкес тұлғаға билік етуді беруге байланысты белгіленеді.

2. Уақытша сақтау қоймаларына қойылатын талаптар

5. Уақытша сақтау қоймасының (бұдан әрі - УСҚ) құрастырылуы, жайғастырылуы және жабдықтылуы төмендегі талаптарға сәйкес болуы қажет:

1) тауарлардың, көлік құралдарының УСҚ-на кеден бақылауынан тыс келіп түсу мүмкіндігін және оларды алу мүмкіндігін болдырмау;

2) УСҚ-дағы тауарлар мен көлік құралдарының сақталуын қамтамасыз ету;

3) үшінші тұлғалардың тауарларға және көлік құралдарына қол жеткізу мүмкіндігін болдырмау;

4) жалғаспалы түсіру алаңдарын қоса алғанда УСҚ аумағы бүкіл периметрі бойынша белгіленуі және қоршалуы және көлік құралдарының қауіпсіз қозғалысын қамтамасыз ететін тегіс жолының болуы тиіс. УСҚ аумағының қоршауы үздіксіз және тұтас конструкцияны білдіруі әрі биіктігі 2,2 метрден кем болмауы тиіс;

5) УСҚ аумағында УСҚ-ның бөлігі болып есептелмейтін құрылыстар мен ғимараттардың болмауы;

6) УСҚ техникалық жағынан жарамды ену жолдарымен, сондай-ақ жабық

тексеру алаңдарымен жабдықталуы;

7) өрт қауіпсіздігінің талаптарына сәйкестігі;

8) санитарлық және техникалық нормаларға сәйкестігі;

9) Кеден ісі туралы Заңның 180-бабында көзделген УСҚ-да орналасқан тауарлармен операциялар жасау мүмкіндігін қамтамасыз ету;

10) қауіпсіздік пен еңбекті қорғау талаптарына сәйкес келетін қажетті түсіру-тиеу техникаларының, сондай-ақ уақытша сақтауға орналастырылатын тауарлар мен көлік құралдарының сипатына сәйкес келетін сертификацияланған өлшеу жабдықтарының болуын қамтамасыз ету;

11) радиациялық бақылау жөніндегі сертификацияланған құралдардың болуын қамтамасыз ету.

Ескерту: 5-тармақ өзгертілді, толықтырылды - ҚР Кедендік бақылау агенттігі төрағасының 2003 жылғы 6 қаңтардағы N 3 бұйрығымен .

6. Аталған талаптардан басқа, УСҚ иесі мыналарды қамтамасыз ету тиіс:

1) қоймада сақталатын тауарларға автоматтандырылған есеп жүргізу. Бұл орайда, есеп жүргізу үшін ақпаратты компьютермен өндеудің бір құралын пайдалануға болады;

2) кеден органдарының қызметкерлері үшін УСҚ-да кедендік бақылау мен кедендік ресімдеуді жүзеге асыруға арналған қажетті қызметтік үй-жайлардың, жабдықтардың және байланыс құралдарының болуы.

Ескерту: 6-тармақ өзгертілді - ҚР Кедендік бақылау агенттігі төрағасының 2003 жылғы 6 қаңтардағы N 3 бұйрығымен .

3. Арнайы бөлінген және жайғастырылған үй-жайларға қойылатын талаптар

7. Арнайы бөлінген және жайғастырылған үй-жай (бұдан әрі - үй-жай) осы Нұсқаулықтың 5-тармағының 9), 10)-тармақшаларында және 6-тармақтың 2)-тармақшасында белгіленген талаптарды қоспағанда, осы Нұсқаулықтың 5, 6-тармақтарына сәйкес УСҚ-ының конструкциясына және жайғастырылуына қойылатын талаптарға жауап беруі тиіс.

8. Уақытша сақтау орны ретінде үй-жайдың бір бөлігін пайдаланған кезде, ол үй-жайдың қалған бөлігінен темір бетон, бетон, кірпіш, металл конструкциясы немесе осы материалдардың араласуы түріндегі конструкция болып табылатын толассыз қоршаумен қоршалуы, сондай-ақ осы Нұсқаулықтың 7-тармағына сәйкес қалған талаптарға жауап беруі тиіс.

9. Үй-жай (алаңқай) бір мекен-жайда орналасқан және бірыңғай әрі тұтас кешен болып табылған жағдайда ғана, ол уақытша сақтау орны болып танылады.

4. Ашық алаңқайларға қойылатын талаптар

10. Ашық алаңқайдың аумағына қойылатын талаптар мынадай болуы тиіс:

1) бүкіл периметрі бойынша белгіленуі және қоршалуы тиіс. Ашық алаңқай аумағының қоршауы темір бетон, бетон, кірпіш, металл конструкциясы немесе осы материалдардың араласуы түріндегі толассыз конструкция болып табылуы тиіс және оның биіктігі кемінде 2,2 метр болуы тиіс;

2) кедендік бақылауды іске асыру үшін жеткілікті техникалық құралдармен қамтамасыз етілуі;

3) осы Нұсқаулықтың 5 тармағындағы 1)-3), 5)-8), 11)-тармақшаларында және 6-тармақтың 1)-тармақшасында белгіленген санитарлық нормаларға және талаптарға жауап беруі.

Ескерту: 10-тармақ толықтырылды - ҚР Кедендік бақылау агенттігі төрағасының 2003 жылғы 6 қаңтардағы N 3 бұйрығымен .

11. Әуе, теңіз және өзен порттарының, темір жол станцияларының аумағында орналасқан ашық алаңқайлар үшін кедендік бақылау аймақтарын белгілеу мүдделі тұлғалардың (әуе, теңіз және өзен порттарының, темір жол станцияларының әкімшілігімен) келісуі негізінде жүргізіледі.

5. Көлік құралдарына қойылатын талаптар

12. Көлік құралын, тауарларды халықаралық жол тасымалы (бұдан әрі - ХЖТ) рәсімін пайдаланумен тасымалдау және жеткізу кезінде немесе көлік құралын артынша ашық алаңқайларға орналастыру шартымен, бір тәулікке дейін уақытша сақтау орны ретінде тануға рұқсат етіледі.

13. Уақытша сақтау орны ретінде пайдалануға рұқсат етілетін және ХЖТ рәсімін пайдаланумен тасымал рұқсат етілмеген көлік құралы Жабдықтар және көлік құралдарын (контейнерлерді) кедендік мөрлер мен пломбылар арқылы тауар тасымалына жіберу тәртібі туралы Нұсқаулықта белгіленген тиісті жабдыққа қойылатын талаптарға жауап беруі тиіс.

6. Кедендік және бос қоймаларға қойылатын талаптар

14. Кедендік қойманы және бос қойманы, уақытша сақтау орнына арналған үй-жайдың бөлігі жеке шығарылып, келу-кету жолдарымен жабдықталған жағдайда, уақытша сақтау орны ретінде тануға рұқсат етіледі.

15. Кедендік қоймалардың және бос қоймалардың иегерлері уақытша сақтау орны болып танылған кедендік немесе бос қойманың бөліктерінде сақталатын

тауарларға жеке есеп жүргізуді қамтамасыз етуі тиіс. Бұл орайда, осындай есеп жүргізу үшін ақпаратты компьютермен өңдеудің бір құралын пайдалануға болады.

7. Қорытынды ережелер

16. Арнайы бөліп берілген және жайғастырылған үй-жайлар, ашық алаңқайлар, көлік құралдары, уақытша сақтау қоймалары, кедендік қоймалар және бос қоймалар оларды уақытша сақтау орны ретінде пайдаланудың толық мерзімі кезінде белгіленген талаптарға сәйкес болуы тиіс.

17. Уақытша сақтау орындарының иелері уақытша сақтау орындарының қалыпты қызмет етуіне кедергі жасайтын уақытша сақтау орындарының конструкциясындағы және жайғастырылуындағы өзгерістер туралы кедендік органдарға уақтылы хабарлауға міндетті.

К е л і с і л д і

Қазақстан

Республикасының

Мемлекеттік

кіріс

министрі

2001 жылғы 15 ақпан

Б е к і т і л д і

Қазақстан

Республикасы

Мемлекеттік

кіріс

Кеден

комитетінің

министрлігі

№ 54 бұйрығымен

2001 жылғы 15 ақпандағы

Кедендік ресімдеуді жүргізудің орны мен уақыты туралы нұсқаулық

1. Жалпы ережелер

1. Осы Кедендік ресімдеуді жүргізудің орны мен уақыты туралы нұсқаулық (бұдан әрі - Нұсқаулық) "Қазақстан Республикасындағы кеден ісі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі - Кеден ісі туралы заң) 154-бабына сәйкес әзірленді және оның ішінде тауарлар мен көлік құралдарына кедендік ресімдеу жүргізілетін тауарлар мен көлік құралдарын кедендік ресімдеудің орнын, кеден органдарының қызмет аймағын, сондай-ақ Қазақстан Республикасы кеден органының жұмыс уақытын анықтайды.

2. Кеден органдарының қызмет аймағын Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кіріс министрлігінің Кеден комитеті белгілейді және жариялануға жатады.

3. Тауарлар мен көлік құралдарын кедендік ресімдеу Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес айқындалатын кеден органының жұмыс уақытында жүзеге асырылады. Қазақстан Республикасы кеден органдарының жұмыс уақыты туралы хабарлау кеден органдары орналасқан орындардағы маңдайша жазуларда және стендтерде орналастыру жолымен жүзеге асырылады.

4. Тауарлар мен көлік құралдарын сақтау, тауарлармен және көлік құралдарымен жүк және өзге де операциялар, кедендік ресімдеу мақсаттары үшін сынамалар мен үлгілер алу, тауарлар мен көлік құралдарын тексеру тауарлар мен көлік құралдарына кедендік ресімдеуді жүзеге асыратын кеден органының қызмет аймағында орналасқан олардың уақытша сақтау орнында жүзеге асырылады.

Тауарлармен көлік құралдарын кедендік ресімдеу осы тармақта көрсетілген уақытша сақтау орнында олардың үй-жайынсыз аяқталған жағдайда, тауарлардың орналастырылған орнында жүзеге асырылады.

2. Заңды тұлғалармен Қазақстан Республикасының кедендік шекарасы арқылы өткізілетін тауарлар мен көлік құралдарына кедендік ресімдеуді жүргізудің орны

5. Тауарлар мен көлік құралдарын алушы (жөнелтуші) заңды тұлғаның не оның құрылымдық бөлімшесі тіркелген кеден органының қызмет аймағы (бұдан әрі - негізгі кеден органы тіркеу орны) заңды тұлғалармен Қазақстан Республикасының кедендік шекарасы арқылы өткізілетін тауарлар мен көлік құралдарының кедендік ресімдеу орны болып табылады.

Қызмет аймағында алушы (жөнелтуші) орын болып табылатын басқа кеден органындағы (заңды тұлға не оның құрылымдық бөлімшесі тіркелген кеден органынан ерекше) тауарлар мен көлік құралдарын кедендік ресімдеу осы Нұсқаулықпен белгіленген тәртіпте берілетін тіркеу орны кеден органының рұқсатымен жүргізіледі.

Ескерту: 5-тармақ толықтырылды - Мемлекеттік кіріс министрлігі Кеден комитетінің 2002 жылғы 23 ақпандағы N 54 бұйрығымен .

6. Кеден қоймасы, еркін қойма, бажсыз сауда дүкені, еркін кеден аймағының кеден режимдерінде тауарлар мен көлік құралдарын кедендік ресімдеу қызмет аймағы кеден, еркін қоймалар, бажсыз сауда дүкені, еркін аймағына сәйкес болып табылатын кеден органына жүргізіледі.

Тауарларды транзиті кеден режимінде тауарлар мен көлік құралдарын кедендік ресімдеу қызмет аймағында Қазақстан Республикасының кеден аумағына тауарлар мен көлік құралдарын әкелу орны болып табылатын кеден органында жүргізіледі.

7. Еркін кеден аймағындағы кедендік режимде тауарларды кедендік ресімдеуді жүзеге асыратын кеден органы өзге кеден режиміне еркін кеден аймағындағы кеден режимін өзгерту кезінде тауарларды кедендік ресімдеу орны болып табылады.

Қызмет аймағында тиісті кеден, еркін қойма болып табылатын кеден органы кеден қоймасы, еркін қоймасының кеден режиміне еркін кеден аймағындағы кеден режимін өзгерту кезінде тауарларды кедендік ресімдеу орны болып табылады.

8. Қазақстан Республикасының кедендік аумағына бос көлік құралдарының және жолаушылар тасымалдайтын көлік құралдарының (тауар ретінде өткізілетіндерді есептемегенде) кіру кезінде Қазақстан Республикасының кедендік шекарасын қиып өтетін кеден орны болып қызмет аймағында Қазақстан Республикасының кедендік аумағына көрсетілген көлік құралдарының әкелу орны бар кеден органы табылады.

9. Мүдделі тұлғаның өтініші бойынша және оның есебі үшін Кеден ісі туралы заңның 154-бабына сәйкес кедендік ресімдеу Қазақстан Республикасының кеден органының келісімімен өзге де орындарда және Қазақстан Республикасы кеден органының жұмыстан тыс уақыттарында жүргізіледі.

Заңды тұлғаны тіркеу орнынан ерекшеленетін өзге орында тауарлар мен көлік құралдарын кедендік ресімдеуге рұқсат:

1) мұндай тұлғада кедендік төлемдер мен (немесе) салықтарды төлеу бойынша берешегі болмаған;

2) негізгі кеден органының қызмет аймағынан тысқары жердегі орын тауарлар мен көлік құралдарының алу (жөнелту) орны болып табылған кезде еркін нысанда ресімделетін тауарлар мен көлік құралдарын алушының (жөнелтушінің) жазбаша өтініші негізінде тіркеу орнын кеден органы береді.

Алушының (жөнелтушінің) өтінішінде келесі мәліметтер: сыртқы экономикалық қызметке қатысушының атауы; олар кедендік ресімделеді деп топшыланатын кеден органы (бұдан әрі - ресімдеуші кеден органы) болуы тиіс. Өтінішке сыртқы сауда келісім-шарты немесе шарттарымен алу (жөнелту) орны болып кеден органының қызмет аймағында алынатын (жөнелтілетін) тауарлар мен көлік құралдарын кедендік ресімдеу жүргізілетін орын айқындалған алынатын (жөнелтілетін) тауарлар мен көлік құралдарын кедендік ресімдеу үшін негіз болып табылатын өзге де құжаттар қоса берілуі керек.

Рұқсат өтініш алынған күннен бастап үш күндік мерзімде 3 данада

ресімделеді: олардың біріншісі сыртқы экономикалық қызметке қатысушыға беріледі, екіншісі - ресімдеуші кеден органына жіберіледі, үшіншісі - бақылауды жүзеге асыру үшін негізгі кеден органында қалады.

Рұқсат бұл мерзім ішінде осы тармақтың 1) және 2)-тармақшаларында белгіленген шарттар бұзылмаған жағдайлар кезінде бір жыл ішінде күшінде болады.

Осы тармақтың 1) және 2)-тармақшаларында белгіленген шарттарды сақтауды бақылау олардың бұзылуы анықталған жағдайда берілген рұқсатты сыртқы экономикалық қызметтің қатысушысын және ресімдеуші кеден органын құлақтандыру жолымен қайтарып алатын негізгі кеден органы жүзеге асырады. Қайтарып алу ресімдеуші кеден органын құлақтандырған күннен бастап қолданылады, бұл ретте құлақтандыру негізгі кеден органымен жедел жолмен факсимильді немесе электронды байланыс құралдарын пайдалануымен қамтамасыз етілуі керек.

3. Жеке тұлғалармен Қазақстан Республикасының кедендік шекарасы арқылы өткізілетін тауарлар мен көлік құралдарына кедендік ресімдеуді жүргізетін орын

10. Жеке тұлғалармен Қазақстан Республикасының кедендік шекарасы арқылы өткізілетін тауарлар мен көлік құралдарын кедендік ресімдеу жеке тұлғалармен Қазақстан Республикасының кедендік шекарасы арқылы өткізілетін тауарлар мен көлік құралдарын кедендік ресімдеу және кедендік бақылау тәртібіне талаптарға айқындайтын кеден органдары жүргізеді.

4. Қорытынды ережелер

11. Осы Нұсқаулықтың талаптарын бұзғаны үшін Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жауапқа тартылады.

К е л і с і л д і

Қазақстан

Республикасының

Мемлекеттік

кіріс

министрі

2001 жылғы 15 ақпан

Б е к і т і л д і

Қазақстан

Республикасы

Мемлекеттік

кіріс

Кеден

комитетінің

министрлігі

№ 54

бұйрығымен

2001 жылғы 15 ақпандағы

Кедендік жүк декларациясын тапсыру мерзімін ұзарту ережесі

1. Осы Кедендік жүк декларациясын тапсыру мерзімін ұзарту ережесі (бұдан әрі - Ереже) "Қазақстан Республикасындағы Кеден ісі туралы" (бұдан әрі - Кеден ісі туралы Заң) Қазақстан Республикасы Заңының 195-бабына сәйкес әзірленді және кедендік жүк декларациясын (бұдан әрі - КЖД) тапсыру мерзімін ұзартудың тәртібін анықтайды.

2. Осы Ереже Тауарларды құбыр көлігімен, электр желісі арқылы жылжытқан кезде уақытша КЖД пайдалануды, арагідік мәлімдеуді, алдын ала мәлімдеуді, сондай-ақ жедел жеткізілім кезінде тауарларды кедендік ресімдеуден өткізуді қоспағанда, КЖД қолданылуымен тауарларды және осындай тауарларды тасымалдайтын көлік құралдарын мәлімдеудің барлық жағдайларына қолданылады.

3. КЖД тапсыру мерзімін ұзарту мынадай тауарларға қатысты қолданылады:

кедендік баждар және салықтар салынбайтындар;

КЖД тапсыру мерзімін ұзарту туралы өтініш келіп түскен күні кедендік баждар мен салықтар төленуі қамтамасыз етілген жағдайда, кедендік баждар және салықтар салынатындар;

Кеден ісі туралы Заңның 195-бабында белгіленген мерзімде КЖД тапсыру күні оларға қатысты кедендік баждар мен салықтардың ставкалары көтерілетін болса, немесе тарифтік емес реттеу шаралары қолданылатын болса.

4. КЖД тапсырудың мерзімін ұзартуды тауарлар мен көлік құралдарын кедендік ресімдеуді жүргізілетін Қазақстан Республикасының кеден органы жүзеге асырады.

5. Ұзарту мерзімі ескеріле отырып, КЖД тапсырудың нақты мерзімі тауарларды және осындай тауарларды тасымалдайтын көлік құралдарын көрсету күнінен бастап екі айдан аспауы тиіс.

6. КЖД тапсырудың мерзімін ұзарту осы Ережелердің 1-қосымшасына сәйкес белгіленген нысанда құрастырылған нысанда толтырылған мәлімдеушінің жазбаша өтініші негізінде жүргізіледі және де ол үшін тауарларды алушы (жіберуші) тұлғаның кедендік баждар мен салықтардан қарызы болмауы шарт.

7. Өтініш Кеден ісі туралы Заңның 195-бабында белгіленген КЖД тапсыру мерзімі аяқталғанға дейін, Қазақстан Республикасының кедендік органының лауазымды адамымен өтініштің қаралуы мерзімі ескеріле отырып, беріледі.

Қазақстан Республикасының кедендік органының лауазымды адамы өтінішті оның Қазақстан Республикасының кедендік органына келіп түсу уақытынан бастап үш күннен кешіктірместен қарайды.

Тауарлардың атауы, саны, көліктік құжаттардың NN

қысқаша декларацияда, тауарларды уақытша сақтау орны

дейін

б а й л а н ы с т ы

КЖД белгіленген мерзімде тапсырмаудың себебі көрсетіледі

КЖД-ны және кедендік мақсаттарда, аталған тауарларды кедендік
ресімдеу үшін қажет құжаттарды

-ге дейін

КЖД тапсыру мерзімі көрсетіледі

тапсыруға міндеттімін

Қосымша беріліп отырған құжаттар:

1 .
2 .
3 .

4.

Д е к л а р а н т

ҚОЛЫ

200 __ж." __ "

К е д е н д і к ж ү к д е к л а р а ц и я с ы н
т а п с ы р у м е р з і м і н ұ з а р т у
ережелеріне 2 қосымша

кедендік органның атауы

N__ **пешім**

Осы арқылы өтініште көрсетілген тауарларға КЖД тапсырудың мерзімін
ұзартуға рұқсат етіледі

дейін

200 __ж." __ "

К. О. б а с т ы ғ ы

ҚОЛЫ

М.О.

Қазақстан Республикасының кедендік органына ол бекіткен мерзімде тауарларға және көлік құралдарына арналған КЖД-ны, сондай-ақ кедендік мақсаттарда қажет құжаттар мен мәліметтерді тапсырмаған үшін "Қазақстан Республикасындағы кеден ісі туралы" Қазақстан Республикасы Заңында көзделген жауапкершілік туындайды.

К е л і с і л д і

Қазақстан

Республикасының

Мемлекеттік

кіріс

министрі

2001 жылғы 15 ақпан

Б е к і т і л д і

Қазақстан

Республикасы

Мемлекеттік

кіріс

Кеден

комитетінің

министрлігі

№ 54 б ұ й р ы ғ ы м е н

2001 жылғы 15 ақпандағы

**Жүк кеден декларациясын, құжаттар мен кеден
мақсаттары үшін қажет қосымша мәліметтерді
ұсыну, қабылдау мен тексеру жөніндегі
ЕРЕЖЕ**

1. Жалпы ережелер

1. Осы Жүк кеден декларациясын, құжаттар мен кеден мақсаттары үшін қажет қосымша мәліметтерді ұсыну, қабылдау мен тексеру жөніндегі нұсқаулық (бұдан әрі - Нұсқаулық) "Қазақстан Республикасындағы кеден ісі туралы" Қазақстан Республикасының Заңына (бұдан әрі - Кеден ісі туралы заң) сәйкес әзірленген және таңдап алынған кеден режимдерінде жүк кеден декларациясын, құжаттар мен кеден мақсаттары үшін қажет қосымша мәліметтерді ұсынудың, қабылдау мен тексерудің тәртібін анықтайды.

2. Осы Ереже жүк кеден декларациясын қолдана отырып, сонымен қатар уақытша, мерзімді, жартылай және алдын ала мәлімдеудің рәсімдерін пайдалана отырып, сондай-ақ жедел жеткізілімдерді кедендік рәсімдеген кезде тауарларды мәлімдеудің барлық жағдайында қолданылады.

3. Жүк кеден декларациясын декларант Қазақстан Республикасының кеден заңдарымен белгіленген мерзімде негізгі кедендік ресімдеу жүргізілетін Қазақстан Республикасының кеден органына береді.

Негізгі кедендік ресімдеу деген ұғым тауарларды белгілі бір кеден режиміне орналастырып, осы режимді Қазақстан Республикасының кеден заңдарының талаптары мен ережелеріне сәйкес аяқтауды білдіреді.

4. Жүк кеден декларациясын ұсынған кезде тауарлар, тауарларды түтікті құбыр көлігі мен электр желісі бойынша тасымалдағанда, тауарларды мерзімді мәлімдегенде, толық емес мерзімді мәлімдегенде, алдын ала мәлімдегенде және тауарлардың кеден бақылауында тұру шартымен оларды кеден органына ұсынғаннан кейін, тауарларға бір тәуліктің ішінде кедендік ресімдеуді жүргізуді аяқтаған кездегі жағдайларды қоспағанда, тауарлар уақытша сақтау орындарында тұруы тиіс.

2. Жүк кеден декларациясын ұсыну және қабылдау

5. Декларанттың жүк кеден декларациясын беруі, декларанттың кеден органына жүк кеден декларациясында аталған және осы Ереженің 24 және 25-тармақтарында анықталған мәліметтерді растайтын құжаттармен бірге жүргізілуі тиіс.

Декларанттың кеден органына келісілген мерзімде тиісті құжаттардың, егер осы құжаттың түпнұсқасы тауарларды шығару туралы шешімді қабылдау үшін міндетті болып табылса, түпнұсқасын жеткізу туралы міндеттемені ұсынумен бірге жүк кеден декларациясында аталған мәліметтерді растайтын құжаттардың көшірмесін ұсынуына болады.

Егер құжаттардың түпнұсқасын ұсыну міндетті болмаса, декларанттың мөрімен расталған құжаттардың көшірмесі, ілеспелі хат болған кезде ғана қабылданады.

6. Жүк кеден декларациясының (бұдан әрі - ЖКД) қағаздағы нұсқасымен бірге, декларант оның электрондық көшірмесін қоса ұсынады, бұған мерзімді мәлімдеу рәсімі бойынша уақытша немесе толық емес мәлімдеуді пайдалана отырып мәлімделген жағдайлары қосылмайды. Соңғы айтылған жағдайда ЖКД-ның электрондық көшірмесі толық ЖКД-сын берген кезде, ұсынылады.

7. ЖКД-сын және осы Ереженің 24 және 25-тармақтарында анықталған құжаттармен қоса, құжаттардың тізімдемесі екі данада осы Ереженің 1-қосымшасымен келісе отырып, бір мезгілде кеден органына беріледі.

8. ЖКД-сы мен құжаттар және кеден мақсаттары үшін қажет қосымша құжаттарды қабылдау кеден органының кеден декларациясын қабылдауға, тіркеуге және есепке алуға жауапты лауазымды тұлғасымен (бұдан әрі - жауапты

қызметкер) жүзеге асырылады.

ЖКД-сында аталған мәліметтерді растайтын құжаттар мен ЖКД-сында бар ақпараттар мен (немесе) ЖКД-сында мәлімделген мәліметтерді растайтын құжаттарды тексеру мақсатында қосымша сұрау салынған құжаттар, Кеден ісі туралы заңның 198-бабына сәйкес құжаттар мен кеден мақсаттары үшін қажет қосымша мәліметтер болып табылады.

9. Осы Ереженің 24 және 25-тармақтарында анықталған құжаттарды ұсынбау декларацияны қабылдаудан бас тарту үшін негіз бола алмайды.

Бұл жағдайда, жауапты қызметкер, ЖКД-сын қабылдаған күннен бастап санағанда 10 күннен аспауға тиіс мерзімде жетіспеген құжаттардың тізімдемесін көрсетіп, осы Ереженің 2-қосымшасына келтірілген нысан бойынша тізімдемеге қосымша болып табылатын талап парағын толтырады.

Есеп беру мақсатында талап парағы жеке журналда тіркеледі.

10. Жауапты қызметкердің ЖКД-сын қабылдауы, таңдап алған кеден режиміне сәйкес Қазақстан Республикасының кеден аумағы арқылы тасымалданатын тауарлардың негізгі кедендік ресімдеуінің басталғанын куәландырады және кедендік ресімдеу мен кедендік бақылаудың бірінші кезеңіне жатады.

11. ЖКД-сын қабылдау ЖКД-сын Тіркеу журналында тіркеу нөмірінің жазбасымен Кеден комитетінің 1995 жылғы 26 қыркүйектегі N 127 бұйрығымен бекітілген ЖКД толтыру тәртібі туралы Нұсқаулыққа сәйкес қалыптастырылатын тіркеу нөмірінің "Анықтама нөмірі" ЖКД 7-бағанында қою жолымен ресімделеді.

12. Кеден ісі туралы заңның 199-бабына сәйкес тіркелген сәттен бастап ЖКД-сы заңды күші бар құжат болып табылады.

13. ЖКД-сын тіркеген кезде құжаттар тізімдемесінде жауапты қызметкер:

1) ЖКД-сын кедендік ресімдеуге қабылдаған күнді растайтын ЖКД-сының тіркеме нөмірі қойылады;

2) қызметкердің фамилиясы, лауазымы көрсетіледі;

"Декларация қабылданды" деген жазу жазылып, ЖКД-сын қабылдаған күн мен уақыты қойылады.

Жүргізілген жазу мен белгілердің барлығына жауапты қызметкердің жеке нөмірлі мөрімен расталады.

Расталғаннан кейін, тізімдеменің бірінші данасы декларантқа беріледі, екінші данасы - ұсынылған ЖКД-сы мен құжаттарға енгізіледі.

14. Қабылданған ЖКД-сы, осы Ереженің 6-тармағында көрсетілген жағдайларда ұсынылатын оның электрондық көшірмесі негізгі кедендік ресімдеуді жүргізу барысында кеден мақсаттары үшін қажет құжаттар және құжаттардың тізімдемесі деректі және нақты бақылау кезеңдеріне тапсырылады:

1) тауарлардың кодын, шыққан елін сыртқы экономикалық қызметтің Тауарлар номенклатурасына сәйкес дұрыс анықталуын, сондай-ақ тарифтік емес реттеу шараларының сақталуын бақылау кезеңі;

2) валюталық бақылау мен кедендік құнын бақылау кезеңі;

3) кеден төлемдері мен салықтарын бақылау кезеңі;

4) тауарларды тексеру мен шығару кезеңі.

15. ЖКД-сын тексеру барысында кеден органының лауазымды тұлғасы кеден органы бастығының рұқсатымен, ЖКД-сында бар ақпараттар мен (немесе) ЖКД-сында мәлімделген мәліметтерді растайтын құжаттарды (бұдан әрі - қосымша мәліметтер құрамында бар құжаттар) тексеру мақсатында қосымша мәліметтерге сұраныс салуға құқығы бар. Бұл ретте, талап парағына кеден органының бастығы қолын қояды.

16. ЖКД-сы мен оның электрондық көшірмесіне тексеру аяқталған соң, кезеңдік құжаттық бақылауды атқарып жүрген кеден органының лауазымды тұлғасы, ЖКД-ның бірінші данасындағы белгілерден басқа, құжаттар тізімдемесінің келесі бетінде тиісті кезеңдерде жүргізілген бақылаудың нәтижелері туралы "Тексерілді, ескерту жоқ" не болмаса "Қосымша құжаттар мен (немесе) мәліметтерді ұсыну қажет" деген жазу түрінде белгілер қояды және құрамында қосымша құжаттары бар құжаттар тізбесі мен оларды ұсыну мерзімдерін көрсетіп, құжаттық бақылаудың кезеңінде ЖКД-ны тексеруге жауапты кеден органының лауазымды тұлғасы жеке нөмірлі мөрін басып, қолы қойылған талап парағын толтырады.

Құрамында қосымша мәліметтер бар құжаттарды кеден органына ұсыну мерзімі ЖКД-ны қабылдаған күннен бастап санағанда 3 күннен аспауы тиіс, көрсетілген мерзім кеден органы бастығының рұқсатымен ЖКД-ны қабылдаған күннен 10 күнге ұзартылуы мүмкін.

17. Ескертулер болмаған кезде, ЖКД-сы мен құжаттар және (немесе) кеден мақсаттары үшін қажет қосымша құжаттар, тексеру мен шығару кезеңіне, таңдап алынған кеден режиміне сәйкес кедендік ресімдеудің рәсімдерін аяқтау үшін беріледі.

18. ЖКД-сында ескертулер болған кезде, талап парағы мен кеден мақсаттары үшін қажет құжаттар қабылдау кезеңіне жіберіледі. Жауапты қызметкер декларантқа талап парағын береді. Бұл ретте, декларанттың өкілдігі тізімдеменің екінші данасында талап парағының қабылданған уақыты, күнін көрсетіп, қолын қояды. ЖКД-сы, тізімдеме, кеден мақсаттары үшін қажет құжаттар декларантқа қайтарылмайды, құрамында қосымша мәліметтер бар құжаттарды ұсынғанға дейін қабылдау кезеңінде қалады.

Құжаттық бақылау кезеңінде, осы Ереженің 24 және 25-тармақтарында көрсетілген құжаттардың болмауы анықталғанда, талап парағына ЖКД-ны

3. Кедендік ресімдеу үшін қажет құжаттар

24. Кеден ісі туралы заңның 198-бабына сәйкес, кеден мақсаттары үшін қажет құжаттар болып табылады:

1) кедендік ресімдеуге жататын тауарларға меншіктік құқығы бар екенін растайтын құжаттар (иелену немесе пайдалану құқығы);

сыртқы саудалық келісім-шарт, шарт, келісім не болмаса кедендік ресімдеуге жататын тауарларға иелену немесе пайдалану құқығы бар екенін растайтын өзге де құжаттар;

жоғарыда аталған құжаттар болмаған жағдайда - құны 5000 АҚШ долларынан аспайтын баламалы тауарлардың шот-фактурасы;

2) Қазақстан Республикасының кеден аумағы арқылы тауарларды нақты тасымалдағанын растайтын құжаттар;
көлік құжаттары;

3) тауарлардың кеден құнын растаушылар Қазақстан Республикасының кеден аумағына әкелінетін тауарлардың кеден құнын мәлімдеу және түзету үшін көзделген құжаттар;

4) тауарлардың шыққан елін растайтын құжаттар;
экспорттаушы, тауардың шыққан жерін шот-фактура немесе проформ-шотта мәлімдеуі;

5) төленгенін немесе кеден алымдары мен (немесе) кеден баждары мен (немесе) салықтарын кеден режимінің шартына байланысты төлеуді қамтамасыз етуді растайтын және төлемдер мен салықтары бойынша жеңілдіктер берілгенін растайтын құжаттар;

төлемнің орындалғаны туралы банкінің белгісі бар төлем тапсырмасы және қолма қол ақшасыз тәртіпте төленген кезде - жүргізілген операцияны растайтын төлеушінің жеке шотының үзінді көшірмесі;

қолма қол ақшалай төлеген кезде - бас бухгалтердің немесе оның уәкілетті тұлғасының, кассирдің қолдары қойылған, мөрмен құпталған кеден органының кіріс кассалық ордерінің түбіртегі;

б) декларанттың кеден декларациясын өз атынан беруге өкілеттігі бар екенін растайтын құжаттар;

декларанттың штатында тұрған жеке тұлғаға сенім хат не болмаса кедендік ресімдеу үшін жауапты тұлғаның қызметіне қабылдағаны туралы бұйрық;

не болмаса, кеден брокері тауарлар мен көлік құралдарын мәлімдеген кезде - брокерлік қызмет көрсету туралы шарт және кедендік ресімдеу бойынша маманның біліктік аттестаты.

25. Кеден режимдерінің талаптарына сәйкес мынадай құжаттар:

1) тауарларды еркін айналысқа шығарудың кедендік режимі:

стандарттың міндетті талаптарына сәйкес келетінін растайтын құжаттар; өнімнің қауіпсіздігіне сәйкес келетіні туралы сертификат, немесе өтініш-декларация, фитосанитарлық (карантиндік) сертификат, санитарлық-тазалық сертификат, ветеринарлық сертификат. Аталған сертификаттар Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерімен белгіленген жағдайларда ғана міндетті сертификат қажет ететін тауарлар үшін беріледі;

уәкілетті мемлекеттік органдардан тиісті рұқсаттар мен Қазақстан Республикасының заңдарында не болмаса Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарында көрсетілген жағдайлардағы өзге құжаттар:

лицензия - лицензиялауға жататын немесе Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес квоталауға жататын тауарлар үшін;

мәмілелік төлқұжат - Қазақстан Республикасының Ұлттық банк басқармасының 1998 жылғы 5 желтоқсандағы N 271 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасындағы экспорттық-импорттық валюталық бақылау ұйымы туралы нұсқаулыққа (бұдан әрі - Нұсқаулық) сәйкес;

тауарлардың шыққан жерін растайтын құжаттар:

тарифтік артықшылықтарды қолдану үшін Қазақстан Республикасының аумағына әкелінген тауарлардың шыққан жерін анықтау тәртібі туралы нұсқаулыққа сәйкес ресімделген тауарлардың шыққан жері туралы СТ-1 нысандағы сертификат (ТМД-ға қатысушы мемлекеттерден шыққан тауарлар үшін) не болмаса А нысандағы сертификат (артықшылықтың ұлттық жүйесін пайдаланушы елдерден шыққан тауарлар үшін);

тарифтік емес реттеу шараларын қолдану үшін, Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарын орындау үшін, сондай-ақ Қазақстан Республикасының қоршаған табиғи ортаны, халықтың денсаулығын, қазақстандық тұтынушылардың құқығын қорғау, қоғамдық тәртіпті, мемлекеттік қауіпсіздікті және өзге де Қазақстан Республикасының өмірдегі маңызды мүдделерін қорғау үшін - шыққан елдің уәкілетті органдары берген шыққан жері туралы сертификат;

кедендік төлемдер мен салықтар (қосымша құнға салынатын салықтар мен акциздер) бойынша жеңілдіктер беру үшін негіздің болғанын растайтын құжаттар - кеден төлемдерін салу тәртібі мен кеден төлемдерін қайтару тәртібі туралы нұсқаулықта және Қазақстан Республикасының кеден аумағына әкелінетін тауарларға қатысты қосымша құн мен акциздерге салынатын салықтарды қолдану туралы нұсқаулықта көрсетілген құжаттар;

2) тауарлар экспортының кеден режимі:

стандарттың міндетті талаптарына сәйкес келетінін растайтын құжаттар;

Қазақстан Республикасының заңдарында көрсетілген жағдайлардағы

сәйкестік

сертификаты;

уәкілетті мемлекеттік органдардан тиісті рұқсаттар мен Қазақстан Республикасының заңдарында не болмаса Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарында көрсетілген жағдайлардағы өзге құжаттар:

лицензия - лицензиялауға жататын немесе Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес квоталауға жататын тауарлар, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес экспорттық бақылауға жататын тауарлар; мәмілелік төлқұжат - Нұсқаулыққа сәйкес;

тауарлардың шыққан жерін растайтын құжаттар;

шыққан жері туралы сертификат - егер оның ұсынылуы Қазақстан Республикасының халықаралық міндеттемелерінде көрсетілген немесе тиісті келісім-шарттарда тіркелген болса;

3) тауарлар кері импортының кеден режимі:

тауарлар экспортының кеден режиміне сәйкес ресімделген ЖКД;

Кеден ісі туралы заңның 31-бабының бірінші бөліміндегі төртінші абзацына сәйкес тауарлардың өзгермеген күйін растайтын құжаттар; стандарттың міндетті талаптарына сәйкес келетінін растайтын құжаттар;

өнімнің қауіпсіздігіне сәйкес келетіні туралы сертификат, немесе өтініш-декларация, фитосанитарлық (карантиндік) сертификат, санитарлық-тазалық сертификат, ветеринарлық сертификат. Аталған сертификаттар Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерімен белгіленген жағдайларда ғана міндетті сертификат қажет ететін тауарлар үшін беріледі;

экету кеден баждарын қайтарған жағдайда - кеден баждарының төленгенін растайтын құжаттар;

4) тауарлар транзитінің кеден режимі:

кеден мөрлері мен пломбалары қойылған тауарларды тасымалдау үшін көлік құралына берілген рұқсат туралы куәлік;

кеден баждары мен (немесе) салықтарын төлеуді қамтамасыз ету шартымен транзитті жүзеге асырғанда тиесілі сомалардың төленуін қамтамасыз етуін растайтын құжаттар - тиесілі соманы депозитке қолма-қол ақшасыз төлем тәртібімен төлеген кезде - төлемнің орындалғаны туралы банкінің белгісі бар төлем тапсырмасы және жүргізілген операцияны дәлелдейтін төлеушінің дербес шотының үзінді көшірмесі;

тиесілі соманы депозитке қолма-қол ақшалай төлем тәртібімен төлеген кезде - бас бухгалтердің немесе оның уәкілінің қолы қойылған және кассирдің мөрімен (кассирдің мөртабаны) расталған кеден органының кіріс кассасы ордерінің түбіртегі;

Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес экспорттық бақылауға

жататын өнімдерді транзиттеуге Қазақстан Республикасының Үкіметі берген
р ұ қ с а т қ а ғ а з ;

5) кеден қоймасының кеден режимі:
тауарларды жайғастыруға кеден қоймасының иесімен жасалған шарт;
стандарттың міндетті талаптарына сәйкес келетінін растайтын құжаттар;
өнімнің қауіпсіздігіне сәйкес келетіні туралы сертификат, немесе
өтініш-декларация, фитосанитарлық (карантиндік) сертификат,
санитарлық-тазалық сертификат, ветеринарлық сертификат. Аталған
сертификаттар Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерімен
белгіленген жағдайларда ғана міндетті сертификат қажет ететін тауарлар үшін
б е р і л е д і ;

6) бажсыз сауда жасайтын дүкеннің кеден режимі:
бажсыз сауда жасайтын дүкен арқылы тауарларды өткізуге бажсыз сауда
жасайтын дүкеннің иесімен жасалған шарт;
стандарттың міндетті талаптарына сәйкес келетінін растайтын құжаттар;
өнімнің қауіпсіздігіне сәйкес келетіні туралы сертификат, немесе
өтініш-декларация, фитосанитарлық (карантиндік) сертификат,
санитарлық-тазалық сертификат, ветеринарлық сертификат. Аталған
сертификаттар Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерімен
белгіленген жағдайларда ғана міндетті сертификат қажет ететін тауарлар үшін
б е р і л е д і ;

7) кеден аумағында тауарларды ұқсату режимі:
ұқсату шарттары туралы міндеттеме;
олардың шығарылуына тарифтік емес реттеу шаралары мен (немесе) кеден
баждары қолданылатын отандық тауарларды пайдаланған кезде Қазақстан
Республикасының уәкілетті мемлекеттік органы берген рұқсат қағазы;
стандарттың міндетті талаптарына сәйкес келетінін растайтын құжаттар;
өнімнің қауіпсіздігіне сәйкес келетіні туралы сертификат, немесе
өтініш-декларация, фитосанитарлық (карантиндік) сертификат,
санитарлық-тазалық сертификат, ветеринарлық сертификат. Аталған
сертификаттар Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерімен
белгіленген жағдайларда ғана міндетті сертификат қажет ететін тауарлар үшін
б е р і л е д і ;

ұқсату бойынша жасалатын іс-қимылдарға қатысты кәсіпорынның қолданып
жүрген технологиялық құжаттары;

Қазақстан Республикасының Үкіметі анықтаған тізімдеме бойынша тауарлар
үшін өнім шығымының міндетті мөлшері мен ұқсату мерзімін белгілеу жөніндегі
Қазақстан Республикасының уәкілетті мемлекеттік органының қорытындысы ;

8) кеден бақылаумен тауарларды ұқсату кеден режимі:

тауарларды ұқсатудың шарттары туралы міндеттеме;
стандарттың міндетті талаптарына сәйкес келетінін растайтын құжаттар;
өнімнің қауіпсіздігіне сәйкес келетіні туралы сертификат, немесе
өтініш-декларация, фитосанитарлық (карантиндік) сертификат,
санитарлық-тазалық сертификат, ветеринарлық сертификат. Аталған
сертификаттар Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерімен
белгіленген жағдайларда ғана міндетті сертификат қажет ететін тауарлар үшін
б е р і л е д і ;

кәсіпорынның қолданып жүрген технологиялық құжаттарын ұқсату бойынша
жасалатын операцияның кәсіпорынның кәдуілгі технологиялық процесіне сәйкес
келетінін растайтын құжаттар;

9) тауарларды уақытша әкелу мен уақытша әкету кеден режимі:
тауарларды кері әкелу (әкету) туралы міндеттеме;
стандарттың міндетті талаптарына сәйкес келетінін растайтын құжаттар;
өнімнің қауіпсіздігіне сәйкес келетіні туралы сертификат, немесе
өтініш-декларация, фитосанитарлық (карантиндік) сертификат,
санитарлық-тазалық сертификат, ветеринарлық сертификат. Аталған
сертификаттар Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерімен
белгіленген жағдайларда ғана міндетті сертификат қажет ететін тауарлар үшін
беріледі; Уақытша әкелінетін тауарлар үшін беріледі;

Кеден ісі туралы заңның 70-бабына сәйкес белгіленген мерзімде уақытша
әкелінген (әкетілген) тауарларды қайтармаған кезде, аталған кеден режимін
а я қ т а у ү ш і н :

уақытша әкетілген кезде - Қазақстан Республикасының шетелдегі консулдық
мекемесі берген растама;

уақытша әкелген кезде - Қазақстан Республикасының уәкілетті мемлекеттік
органының растамасы;

10) еркін кеден аймағының кеден режимі:
стандарттың міндетті талаптарына сәйкес келетінін растайтын құжаттар;
өнімнің қауіпсіздігіне сәйкес келетіні туралы сертификат, немесе
өтініш-декларация, фитосанитарлық (карантиндік) сертификат,
санитарлық-тазалық сертификат, ветеринарлық сертификат. Аталған
сертификаттар Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерімен
белгіленген жағдайларда ғана міндетті сертификат қажет ететін тауарлар үшін
б е р і л е д і ;

ұқсатуға арналған тауарлар ретінде мәлімделген тауарларды әкелу -
тауарларды ұқсату жеткілікті ұқсатудың өлшемдеріне сәйкес келетіні туралы
қ ұ ж а т т ы қ растауы;

11) еркін қойманың кеден режимі:

тауарларды сақтау туралы еркін қойманың иесімен жасалған шарт;
стандарттың міндетті талаптарына сәйкес келетінін растайтын құжаттар;
өнімнің қауіпсіздігіне сәйкес келетіні туралы сертификат, немесе
өтініш-декларация, фитосанитарлық (карантиндік) сертификат,
санитарлық-тазалық сертификат, ветеринарлық сертификат. Аталған
сертификаттар Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерімен
белгіленген жағдайларда ғана міндетті сертификат қажет ететін тауарлар үшін
б е р і л е д і ;

12) тауарларды кеден аумағынан тыс жерлерде ұқсатудың кеден режимі:
тауарларды ұқсатудың шарттары туралы міндеттеме;
стандарттың міндетті талаптарына сәйкес келетінін растайтын құжаттар;
Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жағдайлардағы сәйкестік
с е р т и ф и к а т ы ;

Қазақстан Республикасының Үкіметі анықтаған тізімдеме бойынша
тауарлардың ұқсатылған өнім шығымының міндетті мөлшері мен ұқсату
мерзімін белгілеу жөніндегі уәкілетті Қазақстан Республикасының мемлекеттік
о р г а н ы н ы ң қ о р ы т ы н д ы с ы ;

Ұқсату үшін әкетілген тауарларды қайтармаған кезде - егер тауарлардың
авария немесе тежеусіз күштің әрекеті салдарынан жойылуы не біржола жоғалуы
, тасымалдау мен сақтаудың қалыпты жағдайлары кезіндегі табиғи тозуы
себебімен жетіспеуі немесе кемуі, не Қазақстан Республикасының заңдары
бойынша шетел мемлекеті органдарының немесе лауазымды адамдарының
жолсыз әрекеттері салдарынан иеліктен шығып кету жәйттерін Қазақстан
Республикасының шетелдегі консулдық мекемелерінің растауы. Тауарлар не
ұқсату өнімдерін қайтарудың мүмкін еместігін растайтын құжаттарды ЖКД-сын
ұсынған кезде беруге талап қойылмайды және ол тауарлар не ұқсату өнімдерінің
белгіленген мерзімі аяқталғанға дейін жүргізіледі;

13) тауарлардың кері экспорт кеден режимі:
тауардың шетелдік екенін растайтын құжаттар:
тауарларды кері экспорт кеден режимінде немесе кеден қоймасының кеден
режимінде, бажсыз сауда жасайтын дүкен, еркін қойма, еркін кеден аймағы,
тауарларды Қазақстан Республикасының кеден аумағында, кеден бақылауымен
тауарларды ұқсату кеден режимінде (Қазақстан Республикасының аумағында
ұқсатылмаған тауарларды шетелдік тауарларды ұқсатудың мүмкіндігі көзделген
кеден режимінің шегінде тауарларды әкеткен жағдайларда) ресімделген
Ж К Д - н ы ң к ө ш і р м е с і ;

стандарттың міндетті талаптарына сәйкес келетінін растайтын құжаттар;
Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жағдайлардағы сәйкестік
с е р т и ф и к а т ы ;

тауарлар шыққан елдегі уәкілетті органның тауарлардың кері экспортына берген рұқсаты, егер Қазақстан Республикасымен бекітілген халықаралық шарттарымен тауарлардың кері экспортына рұқсат тек аталған рұқсат қағазы болған кезде беріледі;

әкелу кеден баждары, салықтары мен өсімақының төленгенін растайтын құжаттар. Олардың әкетілгеніне екі айдан астам уақыт болған, тауарлардың кері экспорты кеден режимінде ресімделген тауарлар үшін беріледі;

Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес, тасымалданатын тауарлармен өз атынан іс-әрекетті жасау үшін жеткілікті өкілеттігі бар тұлғаның тауарлардың кері экспортына келісімі; Тұлғаның келісімі кері экспортты көздейтін шарттың ережелеріне сәйкес білінеді не болмаса аталған тұлғаның өтінішінде жазбаша түрде дәлелденеді.

14) тауарларды жою кеден режимі:

Қазақстан Республикасының Табиғи ресурстар мен қоршаған ортаны сақтау министрлігі аумақтық органының қорытындысы;

Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау жөніндегі агенттігінің аумақтық органының қорытындысы;

15) мемлекет пайдасы үшін тауарлардан бас тарту кеден режимі: стандарттың міндетті талаптарына сәйкес келетінін растайтын құжаттар; өнімнің қауіпсіздігіне сәйкес келетіні туралы сертификат, немесе өтініш-декларация, фитосанитарлық (карантиндік) сертификат, санитарлық-тазалық сертификат, ветеринарлық сертификат. Аталған сертификаттар Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерімен белгіленген жағдайларда ғана міндетті сертификат қажет ететін тауарлар үшін беріледі.

26. Егер алушының (жөнелтушінің) мемлекеттік тіркелу орны тұрған кеден органының қызмет аймағынан тысқары жерде тауарларға кедендік ресімдеу жүргізілсе, Кедендік ресімдеуді жүргізудің орны мен уақыты туралы нұсқаулықпен белгіленген тәртіпте берілетін кеден органының рұқсаты ұсынылады.

27. Бір кеден режимінің екінші кеден режиміне ауысуы ЖКД-сын ұсыну осы Ереженің ережелеріне сәйкес таңдап алынған кеден режиміне қатысты жүзеге асырылады.

Жүк кеден декларациясын, құжаттар мен кеден мақсаттары үшін қажет қосымша мәліметтерді ұсыну, қабылдау және тексеру ережесіне 1-қосымша

м ө р т а б а н м е н к е д е н
о р г а н ы л а у а з ы м д ы
т ұ л ғ а с ы н ы ң ж е к е
нөмірлі мөріне арналған орын

**N_____ Жүк кеден декларациясына қосылатын ҚҰЖАТТАР ТІЗІМДЕМЕСІ
(ұсынылатын)**

(декларанттың атауы)

N р/с	Құжаттардың атауы	Парақтар с а н ы	Даналар с а н ы	Ескертулер
-------	-------------------	---------------------	--------------------	------------

_____	Декларанттың уәкілетті
тұлғасының қолы	М.О.
Жүк кеден декларациясын,	
құжаттар мен кеден мақсаттары	
үшін қажет қосымша мәліметтерді	
ұсыну, қабылдау және тексеру	
ережесіне 2-қосымша	

(декларанттың атауы)

**Қосымша құжаттар мен кеден мақсаттары
үшін қажет қосымша мәліметтердің
ТАЛАП ПАРАҒЫ**

N р/с	Құжаттардың атауы	Беру мерзімі	Ескертулер
-------	-------------------	--------------	------------

Кеден органы бөлім бастығының қолы
(кеден органының бастығы) -
кеден органының мөрімен расталады.

К е л і с і л д і

Қазақстан Республикасының
Мемлекеттік кіріс министрі

2001 жылғы 15 ақпан

Б е к і т і л д і

Қазақстан Республикасы

Мемлекеттік кіріс

Кеден комитетінің министрлігі

N 54 б ұ й р ы ғ ы м е н

2001 жылғы 15 ақпандағы

Қазақстан Республикасының сыртқы экономикалық қызметіне қатысушылардың алдын-ала жасалатын операциялар сатысында есеп құжаттарын ұсынуының ЕРЕЖЕСІ

1. Осы Қазақстан Республикасының сыртқы экономикалық қызметіне қатысушылардың алдын-ала жасалатын операциялар сатысында есеп құжаттарын ұсынуының ережесі (бұдан әрі - Ереже) тауарлар мен көлік құралдарын негізгі кедендік ресімдеуді жүргізуді жеңілдету мен жеделдетуді және оларды белгілі бір кедендік режимге орналастыруды қамтамасыз ету мақсатында кеден органдарының сыртқы экономикалық қызметке қатысушылардың есебін (бұдан әрі - есеп) жүргізуінің рәсімін айқындайды.

2. Есеп жүргізуге сыртқы экономикалық қызметті жүзеге асыратын заңды т ұ л ғ а л а р ж а т а д ы .

Бұл ретте есеп жүргізу сыртқы экономикалық қызметке қатысушыны (бұдан әрі - СЭҚ-ға қатысушы) мемлекеттік тіркеген жер қызмет аймағында орналасқан кеден органында жүзеге асырылады.

3. Есепті мынадай құжаттардың:

- 1) мемлекеттік тіркелгендігі туралы куәлік;
- 2) заңды тұлғаның КҰЖЖ (кәсіпорындар мен ұйымдардың жалпы жіктеушісі) кодтарын көрсете отырып статистика басқармасы берген статистикалық к ә р т і ш к е н і ң ;
- 3) салық төлеушінің тіркеу нөмірін көрсете отырып салық органы берген тіркелгені туралы анықтама;
- 4) банктен теңгемен және (немесе) валютада шоттар ашқандығы туралы анықтаманың негізінде тиісті кеден органы жүргізеді.

4. Осы Ереженің 3-тармағында көзделген құжаттардың көшірмелері оның түпнұсқасы қоса ұсынылған жағдайда нотариалды түрде расталмауы мүмкін. Бұл

ретте құжаттардың көшірмелерін оларды түпнұсқасымен салыстыруды жүргізгеннен кейін кеден органы растайды.

Есеп үшін ұсынылған құжаттар нөмірленеді және арнайы папкіге тігіледі.

5. Кеден органдары ұсынылған құжаттардың негізінде СЭҚ-ға қатысушының осы Ережеге Қосымшаға сәйкес белгіленген үлгідегі есеп кәртiшкесiн ресiмдейдi.

Есеп кәртiшкесiнiң бiр данасы кеден органында қалады, екiншiсi - есепке арналған барлық құжаттар қабылданған сәттен бастап келесi жұмыс күнiнiң аяқталуынан кешiктiрiлмейтiн мерзiмде СЭҚ-ға қатысушыға берiледi.

6. Есеп үшiн кеден органына ұсынылған мәлiметтер өзгерген жағдайда СЭҚ-ға қатысушының Ереженiң 3-тармағында белгiленген тәртiппен өзгерген мәлiметтердi қамтыйтын құжаттарды ұсынуы қажет.

7. Есеп кәртiшкесiнде көрсетiлген мәлiметтердi кеден органдары негiзгi кедендiк ресiмдеудi жүргiзу кезiнде жүктiк кедендiк декларацияда қамтылған ақпараттарды тексеру мақсатында пайдаланады.

Қазақстан Республикасының
сыртқы экономикалық қызметіне
қатысушылардың алдын-ала
жасалатын операциялар
сатысында есеп құжаттарын
ұсынуының ережесіне
қосымша

(Қазақстан Республикасы кеден органының атауы)

N _____ СЭҚ қатысушының есеп кәртiшкесi

КҰЖЖ коды: _____

Ұйымның атауы: _____

СОАТО: _____
(коды) (облыс , қала)

Кәсіпорынның санаты: _____
(коды) (аты)

_____ Есеп шотының N (теңгемен)

Валюталық шоттың N (валютаның атауы)

Мекен-жайы: _____

(почталық индекс; қала)

Статистика басқармасында тіркелген күні _____

Жауапты инспектор

(қолы)

(аты-жөні)

Күні

И н с п е к т о р д ы ң ж е к е

нөмірлі мөрінің орыны

К е л і с і л д і

Қазақстан

Республикасының

Мемлекеттік

кіріс

министрі

2001 жылғы 15 ақпан

Б е к і т і л д і

Қазақстан

Республикасы

Мемлекеттік

кіріс

Кеден

комитетінің

министрлігі

№ 54

бұйрығымен

2001 жылғы 15 ақпандағы

Кеден құжаттарының электрондық көшірмелерін қалыптастыруға арналған растауларды берудің ережесі

1. Жалпы ережелер

1. Кеден құжаттарының электрондық көшірмелерін қалыптастыруға арналған растауларды берудің осы Ережесі (бұдан әрі - Ереже) "Қазақстан Республикасындағы Кеден ісі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 193-бабына сәйкес әзірленді және кеден құжаттарының электрондық көшірмелерін қалыптастыруға арналған растауларды берудің тәртібін белгілейді.

2. Кеден құжаттарының электрондық көшірмелерін қалыптастыруға арналған растауды (бұдан әрі - растау) Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кіріс министрлігінің Кеден комитеті (бұдан әрі - Кеден комитеті) береді.

2. Растауларды берудің, тоқтатудың және кері қайтарып алудың тәртібі

3. Растау мүдделі адамның осы Ереженің бірінші қосымшасына сәйкес ресімделген өтінішінің негізінде беріледі. Өтінішті алған кезде Кеден комитеті осы Ереженің 2-қосымшасына сәйкес нысан бойынша өтініштер мен растауларды тіркеу журналында оларды есепке алуды жүргізеді.

4. Растау кеден құжаттарының электрондық көшірмелерін тікелей жүзеге асыратын сыртқы экономикалық қызметке қатынасушы не ұсыным бойынша

кеден брокеріне ұсынылуы мүмкін:

1) электрондық тасығыштардағы кеден құжаттарының электрондық көшірмелерін қалыптастыру жөніндегі бағдарлама. Бағдарлама Кеден комитетінің форматтарына (бұдан әрі - формат) сәйкес келуі тиіс;

2) егер өтініш беруші кедендік брокер болып табылса, кедендік брокер ретінде қызметін жүзеге асыру құқығына арналған лицензияның көшірмесі.

5. Растау осы Ереженің 3-қосымшасына сәйкес нысан бойынша екі данада ресімделеді, оның біреуі өтуші берушіге беріледі, екіншісі Кеден комитетінде қ а л а д ы .

Ресімделген растауға код беріледі, ол өтініштер мен растауларды тіркеу журналына және растаулар тізіліміне енгізіледі, сондай-ақ одан әрі кеден құжатының әрбір ресімделген электрондық көшірмесінің белгілі бір тұсына е н г і з і л е д і .

Растау өтініш тіркелгеннен кейінгі үш күндік мерзімде өтініш берушіге беріледі.

6. Сыртқы экономикалық қызметке қатысушыға берілген растау сыртқы экономикалық қызметтің басқа да қатысушылары алып жүретін тауарларға арналған кеден құжаттарының электрондық көшірмелерін қалыптастыру үшін пайдаланылмайды.

7. Осы Ереженің 4-тармағында белгіленген талаптарды орындамаған жағдайда растауды беруден бас тартылуы мүмкін. Растауды беруден бас тартқан жағдайда, Кеден комитеті өтініш тіркелген күннен бастап үш күннен кешіктірместен бас тартудың себептерін мазмұндай отырып, бұл туралы жазбаша түрде өтініш берушіге хабарлайды.

8 . Р а с т а у д ы :

1) кеден құжаттарының электрондық көшірмелерінде деректер дұрыс көрсетілмегені а н ы қ т а л ғ а н ;

2) осы Ереженің 6-тармағында белгіленген талаптар бұзылған;

3) кеден брокерінің лицензиясы кері қайтарылып алынған жағдайларда Кеден комитеті кері қайтарып алуы мүмкін.

9. Растаудың қолданыс мерзімі шектелмейді.

Пішімдері өзгерген жағдайда өзгерген пішімдерге сәйкес бағдарламаны Кеден комитеті өтініш берушіге ұсынғанға дейін растаудың қолданысы т о қ т а т ы л а д ы .

Және де растаудың қолданысын қалпына келтіру растауды беру үшін белгіленген мерзімде жүргізіледі.

Кеден комитеті пішімді өзгерту туралы ақпаратты жариялауды қамтамасыз етеді.

3. Қорытынды ереже

10. Осы Ережеде белгіленген талаптарды бұзғаны үшін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жауапкершілік көзделген.

Кеден құжаттарының электрондық
көшірмелерін қалыптастыруға
арналған растауларды берудің
ережелеріне 1-қосымша

ӨТІНІШ

(толық және қысқа заңды атауы, КҰЖЖ коды,

СТТН коды, заңдық және іс жүзіндегі мекен-жайы, мемлекеттік
тіркеу туралы куәліктің нөмірі

өтініш беруші - кедендік брокерге арналған тиісті лицензияның
нөмірі, есеп айырысу және валюталық шоттар, осы шоттар
ашылған банктердің мекен-жайлар және КҰЖЖ және СТТН кодтары).

Кеден құжаттарының электрондық көшірмелерін қалыптастыруға
арналған растауларды беруді сұраймын:

(Электрондық көшірмелерін қалыптастыру көзделген кеден
құжаттарының түрін көрсету керек)

Заңды тұлға басшысының

аты-жөні қолы Мөр

Кеден құжаттарының электрондық
көшірмелерін қалыптастыруға
арналған растауларды берудің
ережелеріне 2-қосымша

**Кеден құжаттарының электрондық көшірмелерін қалыптастыруға
арналған өтініштерді және растауларды тіркеу кітабы**

N	Өтініш	Өтінішті	Кедендік брокер	Растаудың нөмірі және
p/c	берушінің	(тіркеу)	үшін бағдарла.	күні, бас тартылған

атауы беру маның, лицензия. жағдайда - бас тарту
күні ның болуы туралы хаттың N мен
к ү н і

Кеден құжаттарының электрондық
көшірмелерін қалыптастыруға
арналған растауларды берудің
ережелеріне 3-қосымша

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кіріс министрлігі
Кеден комитеті Растау N ____

Осымен _____
(өтініш беруші заңды тұлғаның атауы, КҰЖЖ коды, СТТН коды,

заңдық және іс жүзіндегі мекен-жайы, тіркеу туралы куәліктің нөмірі)
төмендегідей кеден құжаттарының электрондық көшірмелерін
қалыптастыруға арналған растау беріледі:

1. _____;
2. _____;
3. _____;
4. _____.

*Қазақстан Республикасы Мемлекеттік
кіріс министрлігі Кеден комитетінің Төрағасы*

Мөр орны 200__жылғы "___" _____

К е л і с і л д і

Қазақстан Республикасының
Мемлекеттік кіріс министрі

2001 жылғы 15 ақпан

Б е к і т і л д і

Қазақстан Республикасы
Мемлекеттік кіріс

Кеден комитетінің министрлігі

N 54 б ұ й р ы ғ ы м е н

2001 жылғы 15 ақпандағы

Қазақстан Республикасы

Экономика және сауда

министрлігінің Стандарттау,

метрологиялау және

сертификаттау
комитетінің
2001 жылғы 15 ақпан

жөніндегі
төрағасы

Міндетті сертификаттауға жататын тауарларды кедендік ресімдеу мен кедендік бақылаудың ЕРЕЖЕЛЕРІ

1. Жалпы ережелер

1. Міндетті сертификаттауға жататын тауарларды кедендік ресімдеу мен кедендік бақылаудың осы Ережесі (бұдан әрі - Ереже) лицензиялау туралы заңдарға, Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы кеден ісі туралы" (бұдан әрі - кеден ісі туралы Заң) Заңының 153 және 203-баптарына сәйкес әзірленген және Қазақстан Республикасының кеден аумағына әкелінетін тауарларды кедендік ресімдеу мен кедендік бақылау және міндетті сертификаттауға жататын тауарлардың тәртібін анықтайды.

2. Өнімнің сертификатталуын жүргізу тәртібі мен ережелеріне қойылатын жалпы талаптар "Сертификаттау туралы" Қазақстан Республикасының Заңымен және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 16-қарашада шыққан "Кеден одағы туралы келісімге қатысушы мемлекеттерге әкелінетін тауарларға қатысты техникалық, медициналық, фармацевтік, санитарлық, ветеринарлық, фитосанитарлық және экологиялық стандарттар, нормалар, ережелер мен талаптар" N 1716 қаулысымен бекітілген.

3. Міндетті сертификаттауға жататын тауарлардың тізбесін Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітеді.

4. Әкелінген тауарлардың стандартқа, техникалық регламентке немесе Қазақстан Республикасында қолданылып жүрген өзге де нормативтік құжаттарға сәйкес келетінін растау Қазақстан Республикасының сертификаттың мемлекеттік жүйесінде аккредитивтелінген сертификаттау жөніндегі органдардың өнімді сертификаттау жолымен, немесе сертификаттау бойынша шетел органдары берген сертификатты мойындау жолымен жүзеге асырылады.

2. Кедендік ресімдеу мен кедендік бақылау тәртібі

5. Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген нормалар шегінде жеке тұлғалар әкелген тауарларды, сондай-ақ шетел мемлекеттері мен халықаралық ұйымдар өкілдігінің ресми пайдалануы, сондай-ақ олармен бірге тұратын отбасы мүшелерін қоса алғанда, осындай өкілдіктердегі қызметкерлердің жеке

пайдалануы үшін арналған тауарларды кедендік ресімдеу, сәйкестендіру сертификатын ұсынусыз жүргізіледі.

6. Қазақстан Республикасының кеден шекарасы арқылы алып өтетін тауарлар мынадай кеден режимдерінде міндетті сертификаттауға жатады:

- 1) Тауарларды еркін айналым үшін шығару;
- 2) К е р і и м п о р т ;
- 3) Б а ж с ы з с а у д а д ү к е н і ;
- 4) Тауарларды уақытша әкелу және уақытша әкету (тауарларды уақытша ә к е л у б ө л і г і н д е) ;
- 5) Жабдықтарды әкелу бөлігінде еркін кеден аймағы;
- 6) Еркін қойма (жабдықтарды әкелу бөлігінде);
- 7) Тауарларды кеден аумағынан тыс жерде ұқсату (ұқсату өнімдерін әкелу б ө л і г і н д е) ;
- 8) Мемлекет пайдасы үшін тауардан бас тарту.

7. Кедендік ресімдеу жүргізген кеден органына сәйкестендіру сертификаты жүк кеден декларациясымен бірге беріледі және ол кеден мақсаттары үшін қажет құжаттар болып табылады.

8. Жүк кеден декларациясын берген кезде сәйкестендіру сертификаты болмаған кезде, кеден органына осы Ереженің қосымшасында көрсетілген нысан бойынша өтініш-декларация беріледі.

9. Кедендік ресімдеу мен кедендік бақылау мақсаттары үшін белгіленген тәртіпте сәйкестендіру сертификатының расталған көшірмесі пайдаланылуы мүмкін. Ол келесі аталған тұлғалардың біреуімен:

- 1) н о т а р и у с п е н ;
- 2) сертификат берген органмен;
- 3) сертификаттау стандартизация, метрология бойынша аумақтық м е м л е к е т т і к о р г а н м е н ;
- 4) кеден одағына мүше-мемлекеттердің консулдық мекемелерімен расталады.

10. Ұсынылған сертификаттың көшірмесі кеден органының іс қағаздарында қалады және қайтарылуға жатпайды.

11. Кеден органының рұқсатымен сертификаттау мақсаттары үшін тауарларға қатысты өкілеттері бар декларант не болмаса өзге тұлғалар кеден бақылауымен әкелінген тауарларды тексере алады, сондай-ақ олардан сынамалар мен үлгілерді Қазақстан Республикасының кеден заңнамалары белгілеген тәртіпте алады.

12. Ұсынылған сертификаттың сенімсіз екендігіне жеткілікті негіз бар деген ұғым пайда болған кезде, кеден органы декларанттан тауарға берілген сертификаттың шынайы екендігін дәлелдеуді талап етеді не болмаса сертификат берген органнан тиісті ақпаратқа сұрау салады.

3. Қорытынды ережелер

13. Осы Ережемен белгіленген талаптарды бұзу Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жауапкершілікке әкеледі.

Міндетті _____ сертификаттауға
ж а т а т ы н _____ т а у а р л а р д ы
к е д е н д і к _____ р е с і м д е у _____ м е н
к е д е н д і к _____ б а қ ы л а у д ы ң
Е р е ж е с і н е
қосымша

ӨНІМНІҢ ҚАУІПСІЗДІГІ ТУРАЛЫ ДЕКЛАРАЦИЯ - ӨТІНІШ (ЖҰМЫСТАРДЫҢ, КӨРСЕТІЛГЕН ҚЫЗМЕТТІҢ) (өнімді өткізу құқығынсыз) 026302 КСД

200- ж. " __ " _____ N _____

(кәсіпорынның (ұйымның, мекеменің) аталуы) _____

(мекен-жайы) _____

а т ы н а н
(кәсіпорынның бастығы) _____

(аты-жөні) _____

(өнімнің аталуы мен белгісі)

(жұмыс, көрсетілген қызмет)
(жүргізілген жұмыстар, көрсетілген қызметтер) _____

(олар бойынша шығарылатын құжаттар)

адам өмірінің, денсаулығының, мүліктерінің және қоршаған ортаның қауіпсіздігін қамтамасыз ететін аталған өнім үшін белгіленген мәлімделген сәтте қолданыста болған барлық талаптарға сәйкес келетіні туралы айрықша жауапкершілікпен өзінің атынан мәлімдейді.

(мемлекеттік стандарттың, санитарлық норма мен

ережелердің, құрылыс нормасы мен ережелердің _____

және өзге құжаттардың аталуы мен белгілері)

мөрдін

Кәсіпорынның бастығы

О Р Н Ы

(қолы, аты-жөні)

(Қазақстан Республикасының аумақтық

Мемлекеттік стандартының немесе оның өкілетті органының,

мекен-жайы аталуы)

N " " мерзімге дейін жасалған шарт бойынша
осы өтініш-декларация бақыланды

(шарттың тоқтатылған күні)

М ө р д і н

орны

Сертификаттау бойынша

органның бастығы немесе

оның уәкілетті органы

(қолы, аты-жөні)

Ескерту. Мәлімдеушіде, қауіпсіздік талаптарын белгілейтін
стандарттар мен өзге нормативтік құжаттар бойынша
деректер болмаған кезде, бұл жол толтырылмайды.

СЕРТИФИКАТТАУ БОЙЫНША ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК ЖҮЙЕСІ

(сертификаттау жөніндегі органның

аталуы мен мекен-жайы)

N 0049501 КСС

СӘЙКЕСТІК СЕРТИФИКАТЫ

Мемлекеттік реестрде тіркелген

" " ж.

N

сақтау шарттары сақталуымен

" ____ " _____ 200 ____

жылға дейін күші бар

1. Осы сертификат мәлімдеушінің ! ! ! ! ! СЭҚ ТН-ның
коды _____ кәсіпорында (фирмада) жасалған өнімін
к у ә л а н д ы р а д ы ,

_____ және сертификаттауға ұсынылған _____ атауымен
_____ өндірістің тұрпаты, маркасы немесе топтаманың шамасы

_____ (нормативтік құжаттар мен оның тармақтары)
_____ нормативтік құжаттардың талаптарына сәйкес келеді.

2. _____
_____ (аталуы мен оның мекен-жайы)

Мәлімдеуші (өнім дайындаушы, сатушы), осы сертификатта
көрсетілген нормативтік құжаттардың талабына өткізетін
өнімдердің және солар бойынша сыналған үлгілер дайындалған
техникалық құжаттарға сәйкес келуіне, сондай-ақ тұтынушыларға
сертификаттың болғаны туралы хабардар етеді.

3. " ____ " _____ ж. N ____ хаттама, зертхананың сынақтаған
аккредиттелген зертхананың аталуы

_____ (мемлекеттік реестрдегі тіркеме N, шетелдік сертификаттың
N, " ____ " _____, сапалықтың (өндірістің) сертификаттық
жүйесі) негізінде сертификат берілген.

4. _____
_____ (сертификаттау жөніндегі аккредиттелген органның

_____ аталуы мен мекен-жайы)

инспекциялық бақылауды жүзеге асырды.

М.О.

Сертификат берген органның бастығы

_____ (қолы)

_____ (фамилиясы, аты-жөні)

**ӨНІМ ДАЙЫНДАУШЫЛАРДЫҢ, (САТУШЫЛАРДЫҢ)
ЖӘНЕ БАҚЫЛАУШЫ ОРГАНДАРДЫҢ НАЗАРЫНА**

Сертификаттың көшірмесі тек белгіленген үлгілерде орындалады.

К е л і с і л д і

Қазақстан Республикасының
Мемлекеттік кіріс министрі

2001 жылғы 15 ақпан

Б е к і т і л д і

Қазақстан Республикасы
Мемлекеттік кіріс
Кеден комитетінің министрлігі

№ 54 б ұ й р ы ғ ы м е н

2001 жылғы 15 ақпандағы

Жедел жеткізілімдер кезінде тауарларды кедендік ресімдеу Ережелері

1. Осы Ережелерде жедел жеткізілімдер кезінде тауарларды кедендік ресімдеудің оңайлатылған тәртібі анықталады.

2. "Қазақстан Республикасындағы кеден ісі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 160-бабына сәйкес табиғи апаттар, авариялар, катастрофалар, тірі жануарлар, тез бұзылатын тауарлар, радиоактивті материалдар, хабарламалар және бұқаралық ақпарат мақсаттарындағы материалдар кезінде қажетті болатын тауарларды кедендік ресімдеу оңайлатылған тәртіпте жүргізіледі.

3. Қазақстан Республикасының кедендік органдары жедел жеткізілімдер кезінде тауарларды уақытша сақтауға орналастырмастан кедендік ресімдеуден өткізеді.

4. Жедел жеткізілімдер кезіндегі мәлімдеу кедендік органға өтініш және кедендік органға кедендік жүк мәлімдемесін кейінірек берумен уақытша кедендік мәлімдеме болып саналатын тауарлармен бірге жіберілетін құжаттар беру арқылы жүзеге асырылады.

Өтініште тауар жіберушілер және тауар алушылар, жіберуші және тауарлар жіберілген елдер, тауарлардың атауы, сипаттамасы, саны, брутто-салмағы және құны, тауарларды пайдалану мақсаттары туралы мәліметтер, сондай-ақ әкелінетін тауарлар тартылатын олардың кедендік режимі, белгіленген мерзімдерде кедендік жүк мәлімдемесін, кедендік мақсаттарға қажетті құжаттарды беру туралы міндеттеме болуы тиіс.

Кедендік жүк мәлімдемесі кедендік органға кеден тауарлардың шығуы күнінен бастап 30 күннен кешіктірместен жіберіледі.

Жедел жеткізілімдерді кедендік ресімдеу кезінде Қазақстан

Республикасының кедендік органы тауармен бірге жүретін құжаттарды және мәлімдеушінің өтінішін қабылдаған күні күшінде болатын нормативтік құқықтық кесімдер қолданылады.

5. Кедендік баждар мен салықтар салынған тауарлар осы Ережелердің 6-тармағында көзделген жағдайларды қоспағанда, кедендік баждар мен салықтарды төлеу қамтамасыз етілген жағдайда ғана оңайлатылған тәртіпте ресімделуі мүмкін.

6. Авария, катастрофа немесе табиғи апат болған төтенше жағдай туындаған күнінен бастап бір айдың ішінде әкелінетін және оның салдарын жою жөніндегі дереу іс-шаралар (құтқару және медициналық жабдық, медикамент, уақытша тұрғын үй және басқалар) өткізуге арналған, кедендік баждар мен салықтар салынған тауарлардың жедел жеткізілім кезіндегі кедендік ресімделуі Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар жөніндегі агенттігі Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кіріс министрлігінің Кеден комитетіне төтенше жағдайдың күні мен өту орны туралы мәліметтерді тапсырған жағдайда ғана кедендік баждар мен салықтар төлеуді қамтамасыз етпестен жүргізілуі мүмкін.

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кіріс министрлігінің Кеден комитеті осындай дәлелдеу мәліметтерінің болуы туралы тауарлардың кедендік ресімделуі жүргізілуі тиіс бағынысты кедендік органдарға хабарлайды.

7. Қазақстан Республикасының кедендік аумағына әкелінетін және ветеринарлық, фитосанитарлық, экологиялық және мемлекеттік бақылаудың басқа да түрлерінен өткізуге жататын тауарлар осы Ережелердің 3-тармағына сәйкес оларды жылжытушы отандық тұлға тиісті министрліктер мен ведомстволардың рұқсатын алғанға дейін мұндай тауарларды пайдаланбау туралы немесе тауарларды Қазақстан Республикасының кедендік аумағында пайдалану үшін қажетті рәсімдерді толық орындағаны туралы міндеттеме берген жағдайда ғана ресімделуі мүмкін.

8. Сыртқа шығару тұрғысынан Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес шектеулер белгіленген немесе мемлекеттік органдардың тарапынан бақылауға жататын тауарлар осы Ережелердің 3-тармағына сәйкес оларды жылжытушы тұлға тиісті рұқсаттар көрсеткен жағдайда ғана ресімделуі мүмкін.

9. Кедендік төлемдер мен салықтардан тауарларды босату Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүргізіледі.

10. Қазақстан Республикасының кедендік заңнамасына сәйкес осы Ережелерде белгіленген тәртіпті бұзудан жауапкершілік туындайды.

К е л і с і л д і

Қ а з а қ с т а н

Мемлекеттік

2001 жылғы 15 ақпан

Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

кіріс

м и н и с т р і

Б е к і т і л д і

Қазақстан Республикасы

Мемлекеттік кіріс

Кеден комитетінің министрлігі

№ 54 бұйрығымен

2001 жылғы 15 ақпандағы

Тауарларды алдын ала мәлімдеу рәсімін қолдану жөніндегі ЕРЕЖЕ

1. Тауарларды алдын ала мәлімдеу рәсімін қолдану жөніндегі осы Ережелер (бұдан әрі - Ережелер) "Қазақстан Республикасындағы Кеден ісі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 202-бабына сәйкес әзірленді және Қазақстан Республикасының кедендік аумағына әкелінетін тауарларды алдын ала мәлімдеудің тәртібін анықтайды.

2. Тауарларды алдын ала мәлімдеу декларанттың Қазақстан Республикасының кедендік органына тауарлардың жеткізілетін орынға келуіне дейін отыз күн қалған мерзімнің ішінде мәлімдеу жасағанда қолданылады.

3. Тауарларды алдын ала мәлімдеу рәсімін пайдалану үшін декларант тауарларға кедендік ресімдеу жүргізетін Қазақстан Республикасының кедендік органына (бұдан әрі - ресімдеуші кедендік орган) тауарларды көрсетпестен бұрын 9-тармақта көрсетілген ерекшеліктер ескеріле отырып, белгіленген тәртіпте толтырылған, әкелінетін тауарларға арналған кедендік жүк мәлімдемесін (бұдан әрі - КЖМ) тапсырады.

КЖМ кедендік ресімдеу мен кедендік бақылау жүргізу үшін қажетті әрі жеткілікті Кеден ісі туралы Заңның 198-бабында көзделген құжаттармен бірге беріледі. Бұл орайда кедендік ресімдеуге көліктік және тауармен бірге алып жүретін құжаттардың көшірмелері алынуы мүмкін. Көліктік және тауармен бірге алып жүретін құжаттардың түпнұсқалары ресімдеуші кедендік органға тауарларды көрсету кезінде беріледі (егер, соңғыларды КЖМ тапсыру кезінде көрсетуге мүмкіндік болмағанда).

4. Тауарлар ресімдеуші кедендік органға берілуі тиіс мерзім КЖМ-ді кедендік органда тіркеу күнінен есептеледі. Егер осы мерзімде тауарлар ресімдеуші кедендік органға көрсетілмесе, КЖМ-нің күші жойылады.

5. Тауарларды алдын ала мәлімдеу рәсімі бойынша мәлімделінетін тауарға ресімдеуші кедендік органның КЖМ-ді қабылдау күніне қолданылып жүрген Қазақстан Республикасының заңнамасы қолданылады.

6. Тауарларды Қазақстан Республикасының кедендік органына көрсету кезінде декларант көліктік құжаттар мен тауармен бірге алып жүретін

құжаттардың түпнұсқаларын береді (егер олар КЖМ тапсыру күні көрсетілмеген болса), олар КЖМ тіркеу кезінде құрастырылатын тізілімге енгізілуі тиіс.

7. Тауарларды шығару қарауды, ұқсастыру рәсімін, КЖМ-де көрсетілген мәліметтердің іс жүзіндегі мәліметтерге сәйкестігін тексеруді қоса алғанда, тауарларға кедендік бақылау жүргізілгеннен кейін жүргізіледі.

8. Құн, сан немесе салмақ көрсеткіштері бұрын мәлімделген көрсеткіштерден айырмашылығы болып (тауармен бірге жүретін құжаттардың көшірмелері негізінде) өзгерген жағдайда, құны мен санының өзгеруін растайтын құжаттар міндетті түрде көрсетіледі (коммерциялық кесімдер, Сауда-өнеркәсіп п а л а т а с ы н ы ң к е с і м д е р і) .

Мұндай жағдайда ресімдеуші кедендік органға белгіленген тәртіпте, іс жүзіндегі мәліметтердің ескерілуімен толтырылған және алдын ала ресімделген КЖМ бланкісінің қоса берілуімен КЖМ-нің жаңа бланкісі тапсырылады. КЖМ-нің жаңа бланкісіне КЖМ-нің дәл сол тіркеу нөмірі беріледі. Алдын ала ресімделген КЖМ-нің бланкісі таңылады және белгіленген тәртіпте жаңа КЖМ-мен бірге сақталады.

9. КЖМ белгіленген тәртіпте толтырылады. Бұл орайда "Декларацияның түрі " атты 1 графаның үшінші кіші бөлімінде "ААМ" - алдын ала мәлімдеу к ө р с е т і л е д і .

Жаңа КЖМ берілген жағдайда 8-тармаққа сәйкес КЖМ-нің 40-графасында алдын ала ресімделген КЖМ-нің нөмірі көрсетіледі.

10. Ресімдеуші кедендік орган алдын ала мәлімдеу рәсімінің қолданылуымен тауарларды кедендік ресімдеуді, бұл тауарлар кедендік бақылауда болып ресімдеуші кедендік органға олар көрсетілгеннен кейін кедендік ресімдеу бір тәуліктің ішінде аяқталған жағдайда, уақытша сақтау орнына орналастырмастан жүргізеді.

11. Осы Ережелерде белгіленген талаптарды бұзғаны үшін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жауапкершілік туындайды.

К е л і с і л д і

Қазақстан

Республикасының

Мемлекеттік

кіріс

министрі

2001 жылғы 15 ақпан

Б е к і т і л д і

Қазақстан

Республикасы

Мемлекеттік

кіріс

Кеден

комитетінің

министрлігі

N 54

б ұ й р ы ғ ы м е н

2001 жылғы 15 ақпандағы

Тауарларды арагiдiк мiлiмдеу рiсiмiн қолдану жөнiндегi ЕРЕЖЕ

1. Жалпы ережелер

1. Тауарларды арагiдiк мiлiмдеу рiсiмiн қолдану жөнiндегi осы ережелер (бұдан әрi - Ережелер) "Қазақстан Республикасындағы Кеден iсi туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 202-бабына сәйкес және тауарларды арагiдiк мiлiмдеудiң тәртiбiн анықтайды.

2. Тауарларды арагiдiк мiлiмдеу рiсiмi Қазақстан Республикасының кедендiк шекарасы арқылы бiрыңғай тауарларды бiрыңғай тұлға тұрақты түрде тасымалдаған кезде кедендiк органның рұқсатымен тауарларды еркiн айналысқа және экспортқа шығарудың кедендiк режимдерiне сәйкес қолданылады. Арагiдiк мiлiмдеу рiсiмiн қолдану жөнiндегi рұқсат осы Ереженiң 1-қосымшасында белгiленген нысанда берiледi.

3. Тәуелсiз Мемлекеттер Достастығы сыртқы экономикалық iс-әрекетiнiң Тауарлық тiзбесi бойынша 9 белгiнiң деңгейiнде жiктеу коды бiрыңғай болған жағдайда тауарлар бiрыңғай болып есептеледi (бұдан әрi - ТМД СЭИӨ ТТ).

4. Егер, бiрыңғай тұлға бiрыңғай тауарды күнтiзбелiк бiр айдың iшiнде екi немесе одан да көп рет жеткiзген жағдайда, тауар Қазақстан Республикасының кедендiк шекарасы арқылы бiрыңғай тұлғамен тұрақты түрде тасымалданатын болып қаралады.

5. Жекелеген жеткiзiлiмдердiң немесе тасымалдау құралдарының санына қарамастан бiр сыртқы сауда шарты бойынша, күнтiзбелiк бiр айдың iшiнде тасымалданатын бiрыңғай тауарлар кедендiк мақсаттар үшiн бiрыңғай тұтастық болып қаралады.

6. Тауарларды арагiдiк мiлiмдеу рiсiмiн қолдану кезiнде тауарларды кедендiк рiсiмдеуге қатысты Қазақстан Республикасы Кеден органы арагiдiк кедендiк жүк мiлiмдемесiн (бұдан әрi - АКЖМ) қабылдау күнi күшiнде болатын Қазақстан Республикасының нормативтiк құқықтық кесiмдерi қолданылады.

7. Арагiдiк мiлiмдеу рiсiмiн пайдалана отырып, тауарларды кедендiк рiсiмдеу мұндай тауарларды уақытша сақтау орындарына орналастырылмастан жүргiзiледi.

2. Арагiдiк мiлiмдеу рiсiмiн пайдалануға арналған рұқсаттарды беру тәртiбi

8. Арагiдiк мiлiмдеу рiсiмiн пайдалануға арналған рұқсатты алу үшiн (бұдан әрi - рұқсат) мүдделi тұлға Қазақстан Республикасының кедендiк органына

тауарды жылжытушы тұлғаның басшысы қол қойған еркін нысандағы өтінішті тапсырады және де онда төмендегідей мәліметтер көрсетіледі:

1) 9 белгінің деңгейіндегі ТМД СЭІӨ ТТ бойынша жіктеу коды көрсетіле отырып, тауарлардың атаулары;

2) күнтізбелік бір айдың ішінде тауарларды тасымалдаудың болжамды жиілігі мен көлемдері;

3) тауардың шығу тегі болып табылатын ел;

4) олардың негізінде тауарларды кедендік ресімдеу жүргізілетін сыртқы сауда шартының немесе басқа да құжаттың реквизиттері (күні және нөмірі);

5) тауарлардың болжамдалған кедендік құны;

6) ішке тасу кезінде тауар жіберушінің, сондай-ақ сыртқа шығару кезінде тауар алушының атаулары;

7) сыртқа шығару кезінде - ол арқылы тауар шығару жүргізілетін кедендік өткізу пункті.

9. Өтініш келіп түскен күнінен бастап үш күннің ішінде оны Қазақстан Республикасының кедендік органы қарауы тиіс. Кедендік орган бастығының рұқсатымен бұл мерзім 10 күнге дейін ұзартылуы мүмкін.

10. Әкелінетін тауарларға қатысты рұқсат төмендегілерге орай алдын ала шешім қабылданған жағдайда беріледі:

1) тауарлардың жіктелуі;

2) тауардың шығу тегі болып табылатын ел.

11. Рұқсат төмендегідей жағдайда берілмейді:

1) тауарларды болжамды жылжыту арагідік мәлімдеу рәсімін пайдалану талаптарына сәйкес келмесе;

2) кедендік ережелерді бұзғаны үшін сот арқылы жазаға тартылған адамдарға;

3) кедендік төлемдер мен салықтарды төлеу бойынша қарызы бар адамдарға.

12. Кедендік төлемдер мен салықтарды алдына ала төлеудің сомалары кедендік органның депозит есепшотына түскен уақыттан бастап рұқсат қолданылымды болып есептеледі.

13. Рұқсат, олардың негізінде тауарларды кедендік ресімдеу жүргізілетін сыртқы сауда шартының немесе басқа да құжаттың қолданыста болу мерзіміне беріледі.

14. Рұқсат кері шақырылуы мүмкін немесе оның күші төмендегідей жағдайларда тоқтатылуы мүмкін:

1) оларға қатысты істерді сот қарайтын кедендік ережелерді тұлға бұзған жағдайда;

2) кедендік төлемдер және салықтар бойынша тұлға қарыздар болса, сондай-ақ ай сайынғы кедендік төлемдер мен салықтардың сомалары кедендік

органның депозитіне түспесе;

3) осы Ережелерде көзделген арагідік мәлімдеу рәсімін пайдаланудың талаптары сақталмаса.

3. Кедендік жүк мәлімдемесін берудің, қабылдаудың және тексерудің арагідік мәлімдеу рәсімін пайдалану кезіндегі тәртібі

15. Арагідік мәлімдеу жеткізілім айының алдындағы айда АКЖМ беру арқылы жүргізіледі. Бұл орайда АКЖМ тауарлардың бірыңғай партиясына толтырылады.

16. АКЖМ толтыру, беру, қабылдау және тіркеу кедендік жүк мәлімдемелерін (бұдан әрі - КЖМ), сондай-ақ төменде көрсетілген ерекшеліктер ескеріле отырып, кедендік мақсаттарға қажетті құжаттарды және қосымша мәліметтерді беру, қабылдау және тексеру Ережелерінде белгіленген талаптарға сәйкес іске асырылады:

1-графаның "Мәлімдеменің түрі" деген үшінші кіші бөлімінде "ТАМ" деген жазба енгізіледі;

көлік құралдарының нөмірлері туралы мәліметтер көрсетілмейді; тауарлардың санына қатысты мәліметтер, жеткізілуге болжамдалған тауарлардың саны ескеріле отырып, болжамды түрде көрсетіледі.

17. Қазақстан Республикасының кедендік органдары тауарлардың күнтізбелік айдың ішіндегі әрбір жеткізіліміне есеп жүргізеді және қозғалысын іс жүзінде бақылайды.

18. Арагідік мәлімдеу рәсімін пайдаланумен тауарлар қозғалысы жүргізілген күнтізбелік айдан кейін 10 күннен кешіктірместен, толық КЖМ беріледі, ол әкелінген немесе әкетілген тауарлардың іс жүзіндегі саны есепке алына отырып, толтырылады. Бұл орайда толық КЖМ-іне АКЖМ-інің анықтамалық нөмірі таңылады, ал "Жүк орындары және тауарлардың сипаттамасы" деген" КЖМ 31-графасында мәлімдеуші "... үшін жеткізілім" деген қосымша жазба енгізеді, онда тауар жеткізілімі жасалған күнтізбелік айдың және жылдың атауы көрсетіледі.

Мәліметтерді көрсету үшін КЖМ парағының екінші жағындағы орын жеткіліксіз болса, КЖМ парағының екінші жағы ретінде басқа қағаз парақ қолданылады, онда "КЖМ парағының екінші жағы N_____" деген жазба жасалады.

19. Кедендік төлемдер мен салықтар АКЖМ қабылданған күні немесе оған дейін төленеді.

4. Тауарларды еркін айналысқа шығару жөніндегі кедендік режимге сәйкес жылжытылатын тауарларды арагідік мәлімдеу рәсімі пайдаланыла отырып жасалатын кедендік ресімдеудің ерекшеліктері

20. Әрбір партияның жеткізілім орнына келіп түсуі кезінде тауарлар мен көлік құралдары кедендік органға көрсетіледі, ал оларға қатысты көлік және тауармен бірге жүретін құжаттар кедендік органға беріледі.

21. Кедендік органның лауазымды адамы тауармен бірге жүретін құжаттарда және АКЖМ көрсетілген мәліметтердің тауарларды қарау қорытындыларына сәйкестігін тексереді.

22. Мәлімдеуші берген құжаттардағы мәліметтер қарау қорытындыларына сәйкес келген жағдайда, кедендік бақылауды жүргізетін Қазақстан Республикасы кедендік органының лауазымды адамы көліктік және тауармен бірге жүретін құжаттарда мынадай жазба жасайды (немесе штамп қояды): "Шығару рұқсат етілді. Арагідік мәлімдеу", ол аталған лауазымды адамның қолымен және жеке нөмірлі мөрімен расталады және АКЖМ нөмірі, тауарларды шығару күні көрсетіледі.

23. Әкелінетін тауарлардың саны АКЖМ көрсетілген көлемнен асқан жағдайларда, мәлімдеушінің өтініш бойынша кедендік төлемдер мен салықтардың төленуімен әкелінген тауарлардың саны туралы мәліметтерге түзетулер енгізіледі. Мәліметтерге түзетулер енгізу АКЖМ беру түрінде жасалады және де бұрын берілген АКЖМ мәлімделмеген тауарлар туралы мәліметтер көрсетіледі.

24. Тауарлар іс жүзінде әкелінбеген жағдайда, мәлімдеушінің данасын қосқанда, АКЖМ барлық даналары Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кіріс министрлігінің Кеден Комитеті (бұдан әрі - Кеден Комитеті) белгілеген тәртіпте жойылуға жатады. Бұл орайда келесі айға арналған АКЖМ әкелінбеген тауарлардың саны ескеріле отырып толтырылады.

Әкелінген тауарлар көлемінің АКЖМ мәлімделген көлемнен айырмашылығы болған жағдайда, толық АКЖМ әкелінген тауарлардың іс жүзіндегі саны ескеріле отырып толтырылады. Бұл орайда келесі айға арналған АКЖМ осындай өзгерістер ескеріле отырып толтырылады.

5. Тауар экспорты жөніндегі кедендік режимге сәйкес жылжытылатын тауарларды арагідік мәлімдеу рәсімі

пайдаланыла отырып жасалатын кедендік ресімдеудің ерекшеліктері

25. Рұқсат берген және АКЖМ ресімдеген Қазақстан Республикасының кедендік органы Қазақстан Республикасының кедендік шекарасындағы өткізу пунктінде орналасқан, ол арқылы тауарларды іс жүзінде шығару жүргізілетін Қазақстан Республикасының кедендік органына (бұдан әрі - шекаралық кедендік орган) арагідік мәлімдеу рәсімін ашу туралы ақпаратты береді және онда әкетілетін тауарлар туралы негізгі мәліметтерді көрсетеді, сондай-ақ Қазақстан Республикасының кедендік шекарасында кедендік бақылауды жүзеге асыру үшін ресімделген АКЖМ көшірмесін ай сайын береді.

26. Жіберудің кедендік органына тауардың жіберілетін әрбір партиясын көрсеткен кезде, тауарға қатысты көліктік және тауармен бірге жүретін құжаттар да көрсетіледі. Қазақстан Республикасы кедендік органының лауазымды адамы құжаттарды көрсетілген мәліметтердің тауарларды қарау қорытындыларына сәйкестігін тексереді.

27. Мәлімдеуші берген құжаттардағы мәліметтер қарау қорытындыларына сәйкес болған жағдайда, жіберудің кедендік органының лауазымды адамы көліктік және тауармен бірге жүретін құжаттарда мынадай жазба жасайды (немесе штамп қояды): "Шығаруға рұқсат етілді. Арагідік мәлімдеу" және АКЖМ нөмірі мен тауарларды шығару күнін көрсетеді, олар аталған лауазымды адамның қолымен және жеке нөмірлі мөрімен расталады.

28. Әкетілген тауарлардың іс жүзіндегі саны АКЖМ арқылы мәлімделген тауарлар санынан аса алмайды.

29. Тауарлар іс жүзінде шығарылмаған жағдайда, мәлімдеушінің данасын қоса алғанда, АКЖМ барлық даналары Кеден Комитеті белгілеген тәртіпте жойылуға жатады. Бұл орайда келесі айға арналған АКЖМ шығарылмаған тауарлар саны ескеріле отырып толықтырылады.

АКЖМ арқылы мәлімделген көлеммен салыстырғанда шығарылған тауарлардың саны аз болған жағдайда, толық АКЖМ тауарлардың іс жүзінде шығарылған саны ескеріле отырып толықтырылады. Бұл орайда келесі айға арналған АКЖМ осындай өзгерістер ескеріле отырып толықтырылады.

6. Арагідік мәлімдеу рәсімін пайдалануды бақылау

30. Арагідік мәлімдеу рәсімі бойынша кедендік ресімдеуді жүргізетін Қазақстан Республикасының кедендік органдары кедендік бақылау мақсаттары үшін, арагідік мәлімдеу рәсіміне сәйкес жылжытылатын тауарлардың есебін осы Ережелердің 2-қосымшасында белгіленген нысандағы кітапта жүргізеді. Кітап

тауарларды арагiдiк мaлiмдеу туралы соңғы жазба жасалған күннен бастап Қазақстан Республикасының кедендік органында бес жыл бойы сақталады.

31. Белгіленген тәртіпті бұзумен тауар жылжытатын тұлғалар үшін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жауапкершілік туындайды.

Тауарларды арагiдiк мaлiмдеу
рәсiмiн қолдану Ережелеріне
1-қосымша

Тауарларды арагiдiк мaлiмдеу рәсiмiн пайдалану жөнiндегi

РҰҚСАТ

2000 жылғы "___" _____ N XXXXX/0000

< * >

Кедендік органның атауы

Осымен рұқсат етіледі _____

(тұлғаның атауы, мекен-жай)

тауарлар үшін арагiдiк мaлiмдеу рәсiмiн пайдалану

_____,
(ТМД СЭІӨ ТТ сәйкес тауарлардың атауы және коды)
кедендік режимге сәйкес шарт немесе басқа құжат бойынша
жылжытылатын

(күні _____ және нөмірі _____)

Рұқсат берілді "___" _____ мерзімге дейін.

Рұқсатқа Кедендік органның басшысы қол қояды (БКБ, КБ және кедендер) және ол Кедендік органның мөрімен расталады.

<*> **Ескертпе** . Рұқсаттың нөмірі төмендегідей қалыптасады:

X X X X X / 0 0 0 0 , онда :

XXXXX - Рұқсатты берген кедендік органның коды;

0000 - Рұқсаттың реттік саны.

Тауарларды арагiдiк мaлiмдеу
рәсiмiн қолдану Ережелеріне
2-қосымша

Арагiдiк мaлiмдеу рәсiмi бойынша ресiмделген тауарларға есеп жүргізу кітабы

N р/с	Мәлімдеуші	АКЖМ N	Рұқсат нөмірі және күні	Тауар атауы және саны	Тауарды қарауға бақылау беру күні	Кедендік жүргізген лауазымды адамның аты - жөні
1	2	3	4	5	6	7

Ескертпе:

1) кітапта АКЖМ арқылы ресімделген тауарлардың әрбір жеткізілімі бойынша мәліметтер көрсетіледі;

2) жеткізілім айы аяқталған кезде әрбір АКЖМ бойынша қорытынды мәліметтер жасалады;

3) рұқсаттың күш мерзімі аяқталған кезде әрбір рұқсат бойынша қорытынды мәліметтер жасалады.

К е л і с і л д і

Қазақстан

Республикасының

Мемлекеттік

кіріс

министрі

2001 жылғы 15 ақпан

Б е к і т і л д і

Қазақстан

Республикасы

Мемлекеттік

кіріс

Кеден

комитетінің

министрлігі

N 54

б ұ й р ы ғ ы м е н

2001 жылғы 15 ақпандағы

Кедендік брокер ретінде іс-әрекет жасау құқығын беретін лицензияларды беру, күшін тоқтату және кері шақыру жөніндегі НҰСҚАУЛЫҚ

1. Жалпы ережелер

1. Кедендік брокер ретінде іс-әрекетті жүзеге асыру құқығына арналған лицензияларды беру, күшін тоқтату және кері шақыру туралы осы ережелер (бұдан әрі - Ережелер) лицензиялау туралы заңнамаға және "Қазақстан Республикасындағы Кеден ісі туралы" Қазақстан Республикасының Заңына (бұдан әрі - Кеден ісі туралы заң) сәйкес әзірленді және кедендік брокер ретінде

іс-әрекетті жүзеге асыру құқығына арналған лицензияларды берудің, күшін тоқтатудың және кері шақырудың тәртібін анықтайды.

2. Кедендік брокер ретінде іс-әрекетті жүзеге асыру құқығына арналған лицензияларды (бұдан әрі - лицензиялар) Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кіріс министрлігінің Кеден комитеті (бұдан әрі - Кеден комитеті) береді.

3. Лицензиялар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес құрылған, Қазақстан Республикасында тұрғылықты орны бар, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 27 маусымдағы N 959 қаулысында бекітілген біліктілік талаптарға жауап беретін және осы Ережелердің 2-бөлігінде көрсетілген заңды тұлғаларға осы Ережелерге қатысты 1-қосымшаға сәйкес белгіленген нысанда беріледі.

2. Кедендік брокер ретінде іс-әрекетті жүзеге асыруға қойылатын біліктілік талаптар

4. Кедендік брокер ретінде іс-әрекетті жүзеге асыру құқығына арналған лицензияны алу үшін заңды тұлғалар мынадай біліктілік талаптарға жауап беруі тиіс :

1) штатта белгіленген тәртіпте біліктілік аттестат алған кедендік ресімдеу жөніндегі маманның болуы ;

2) Қазақстан Республикасының кедендік органдары қолданылатын ақпаратты өңдеудің автоматтандырылған құралдары мен бағдарламалық өнімдеріне сәйкес келетін ақпаратты өңдеудің автоматтандырылған құралдары мен бағдарламалық өнімдерді қосқанда, кедендік брокер ретінде іс-әрекетті жүзеге асыруға мүмкіндік беретін материалдық-техникалық жабдықтың болуы;

3) есеп пен есеп беру жүргізуді қамтамасыз ететін, кедендік бақылауға жататын тауарлармен және көлік құралдармен іс-қимылдар жасауды дәлме-дәл әрі жан-жақты бейнелей алатын шарттардың болуы;

4) кедендік баждар мен салықтарды, кедендік төлемдерді, айыппұлдарды және кедендік ережелердің бұзылғаны үшін нысандар болып табылатын тауарлар мен көлік құралдарының құнын төлеуді кейінгі қалдырған және бөліп төлеген үшін проценттерді, сондай-ақ уәкілетті банктің кепілдігімен немесе бағамы Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Қазынашылық комитетіндегі Қазақстан Республикасының кедендік органының депозиттік есепшотына (бұдан әрі - кедендік органның есепшоты) салу күніне Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкімен белгіленетін, Қазақстан Республикасының валютасында немесе шетелдік валютада Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінің бағамы

бойынша 200000 АҚШ долларына тең мөлшерде ақша салумен жүргізілетін кедендік төлемдерді төлеудің мерзімін бұзғаны үшін пеня төлеуді қамтамасыз ету.

3. Лицензияларды беру тәртібі

5. Лицензияны алу үшін мынадай құжаттар қажет:

1) "Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 17 сәуірдегі N 2201 Қаулысын іске асыру туралы" 1995 жылғы 29 желтоқсандағы N 1894 Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысымен бекітілген нысанда лицензия беру жөніндегі заңды тұлғаның өтініші (бұдан әрі - өтініш беруші);

2) өтініште көрсетілген мәліметтерді растайтын құжаттар, сондай-ақ өтініш берушінің біліктілік талаптарға сәйкестігі, атап айтқанда:

мемлекеттік тіркеу туралы куәліктің нотариалдық түрде куәландырылған
к ө ш і р м е с і ;

өтініш берушінің штатында кедендік ресімдеу жүргізетін кем дегенде бір маман бар екендігі туралы құжат, сондай-ақ штатта тұрған кедендік ресімдеу мамандарының Кедендік комитет берген біліктілік куәліктерінің нотариалды
р а с т а л ғ а н к ө ш і р м е л е р і ;

3) лицензиялық алымның төленгені туралы квитанция;

4) Іс-әрекеті жүзеге асырылатын аумағында кедендік брокер және (немесе) оның филиалы орналасқан кедендік органның кедендік брокер ретінде іс-әрекетті жүзеге асыруға мүмкіндік беретін материалдық-техникалық жабдықтың бар болуы туралы, кедендік брокердің тауарлармен көлік құралдарын кедендік ресімдеу және оған байланысты есеп жүргізу операцияларын есепке алуды жүргізуге белгіленген талаптарға сәйкес есептік құжаттаманың бар болуы туралы
қ о р ы т ы н д ы с ы ;

5) Кедендік брокерде бар бағдарламалық қамтамасыз ету форматтарының кедендік органдарының кедендік құжаттаманы автоматикалық өңдеуден өткізуде және кедендік статистикасын жүргізуде пайдаланылатын форматтардың сәйкестігі туралы Қазақстан Республикасының өкілетті органының ұйғарысы;

6) Кеден органының есеп шотына 200000 АҚШ долларына тең соманың түсіруі туралы Қазақстан Республикасы кедендік органының растауы мен төлемдік құжаттың көшірмесі.

6. Лицензияларды беру туралы өтініш "Лицензиялау туралы" Қазақстан Республикасының Заңының 17-тармағы белгілеген мерзімде қаралады.

7. Лицензия беру туралы өтінішті қарау барысында Кедендік комитет өтініш берушінің берген деректерімен құжаттарының нақты екенін растайтын құжаттар сұратуға құқылы.

8. Лицензиялау туралы заңдарында белгілеген негіздемелер бойынша лицензия берілмейді.

4. Лицензияның күшін уақытша тоқтату және кері шақыру тәртібі

9. Кедендік брокермен лицензияда көрсетілген талаптар орындалмаған жағдайда, Кедендік комитеттің шешімімен лицензия күшін уақытша тоқтату себебін көрсете отырып алты айлық мерзімге дейін тоқтатылуы мүмкін.

Шағын кәсіпкерлік субъектісі болып табылатын кедендік брокердің лицензиясын тоқтату лицензиялау туралы заңға сәйкес жүргізіледі.

10. Лицензияның күшін уақытша тоқтату туралы шешімді Кедендік комитет кедендік брокермен кеден заңдарын бұзу фактілері жайлы кедендік органдардың хабарландыру негізінде қабылдайды.

11. Лицензия күші оны тоқтату себептерінің жойылғаннан кейін лицензия күшін қайталап бастау туралы қабылданған күнінен бастап жаңартылады. Лицензия күшін уақытша тоқтату және оның күшін жаңарту туралы шешім Кеден комитетінің бұйрығы нысанында қабылданады.

12. Лицензиялау туралы заңдарда белгілеген жағдайларда, лицензия сот арқылы қайтарылады.

13. Лицензия күшін тоқтату, Кеден ісі туралы Заңға сәйкес кедендік ережені бұзған үшін салынатын жаза түрінде қолданылуы мүмкін.

14. Лицензияны қайтып алу немесе уақытша тоқтату жағдайында, кедендік брокер лицензияны қайтып алу немесе тоқтату туралы хабарландыру алғаннан кейін 15 күннен артық кешікпей кедендік брокер қызмет жасаған аумағындағы кедендік органдарға кедендік бақылауға тиісті лицензия күшінің бүкіл кезеңіндегі тауарлар және көлік құралдарымен жүргізген операциялардың есептілігін өткізуі тиіс.

15. Лицензияны қайтып алу немесе оның күшін уақытша тоқтату туралы сот шешімі күшіне енбей тұрғанда қабылданған кедендік декларациясы Кеден ісі туралы Заңның 20-тармағына сәйкес өкілетті тұлғаның пәрменімен қайтарылуы мүмкін. Тауарлармен көлік құралдары шықпаған, кедендік декларацияны қайтару құқығы жойылған жағдайда, кедендік декларацияның күші кедендік органдар а р қ ы л ы ж о й ы л а д ы .

Кедендік декларациясы қайтып алынған немесе күші жойылған тауарлармен көлік құралдары кедендік заңдарға сәйкес кедендік ресімдеуге жатады. Кедендік декларациялардың күшін жою барысында кедендік органдар Қазақстан

Республикасының кеден заңдарына сәйкес тауарларымен көліктік құралдары кедендік ресімдеуден өтуі тиіс тұлғаларды жалпы белгіленген тәртіпте ресімдеуден өткізу қажеттігін жазбаша хабар беруі тиіс.

16. Лицензияны қайтып алу жағдайында кедендік бақылауға мақсатталған кедендік делдалдың тауарлармен көлік құралдарын кедендік ресімдеу жөніндегі өкілетті тұлғалармен істелген шарттары мынадай жағдайларды қамтамасыз еткенде дұрыс деп танылады:

1) жасалған шарттармен кедендік делдал өз міндеттемелерін толық орындағанда;

2) Кедендік режимге жататын тауарлармен көлік құралдардың іс-әрекеті аяқталса немесе кедендік делдалдың кедендік режимінің іс-әрекетін аяқтауға байланысты басқа міндеттемелері жоқ болған жағдайда;

3) Есептілік құжаттарын тексеруде келістерді жүзеге асыру сәтінде Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жауапқа тартылатын заң бұзушылықтар анықталмағанда.

17. Кедендік брокерлер қызметін жүзеге асырған аумақтың кедендік органдары аталған келістерге байланысты тауарлармен көлік құралдары шығысымен іріктеулі кедендік бақылауды жүзеге асырады.

18. Осы Нұсқаудың 16-тармағының шартына сәйкес келмеген жағдайда, тауарлармен көлік құралдары заңмен белгіленген тәртіппен кедендік ресімделуден өтуі тиіс.

19. Лицензияны қайтып алу жағдайында, кедендік органдар Қазақстан Республикасының кедендік заңдарына сәйкес тауарлармен көлік құралдары кедендік ресімдеуден өтуі тиіс тұлғаларды хабарландыру алғаннан кейін 30 күннен кешікпей осындай ресімдеудің қажеттілігі туралы жазбаша хабар беруі тиіс.

5. Лицензия күшінің жойылуы

20. Лицензия күші мынадай жағдайларда жойылады:

- 1) лицензия кері шақырып алынғанда;
- 2) кедендік делдал қайта құрылғанда немесе жойылғанда.

21. **Тармақпен алынып тасталынды - ҚР Кедендік бақылау агенттігі төрағасының 2002 жылғы 12 қарашадағы N 95 бұйрығымен .**

6. Қосымша ережелер

22. Лицензияға енгізілмейтін, лицензия алу жөніндегі өтініште кедендік брокер туралы көрсетілген деректер өзгерген кезде кедендік брокер өзгеріс болған сәтінен айлық мерзімде бұл жөнінде Кеден комитетіне жазбаша түрде х а б а р б е р у і т и і с .

Тұлғаның қайта тіркелуіне байланысты лицензияда көрсетілген деректердің өзгерген жағдайында, лицензияның арғы бетінде Кеден комитетінің төрағасы растаған және Кедендік комитетінің мөрі басылған тиісті жазу жазылады.

Ескерту: 22-тармақ жаңа редакцияда жазылды - ҚР Кедендік бақылау агенттігі төрағасының 2002 жылғы 12 қарашадағы N 95 бұйрығымен .

23. Лицензияны жоғалтып алған кезде кедендік брокер 10 күн ішінде көшірмесін алуға құқылы. Сонымен бірге, жеке қызмет түрлерімен айналысуға пұрсат алу үшін алым төлейді.

7. Қорытынды ережелер

24. Лицензиялаумен байланысты кедендік органдардың шешімдері белгіленген заң тәртібімен шағымдалуы мүмкін.

25. Лицензияны қайтарып алу жағдайында кедендік делдалмен өкілетті тұлғалар арасындағы қатынастар Қазақстан Республикасының заңдары арқылы реттеледі.

Кедендік брокер ретінде іс-әрекет жасау
құқығын беретін лицензияларды беру,
күшін тоқтату және кері шақыру
жөніндегі осы нұсқаулыққа

1-қосымша

Қазақстан Республикасы мемлекеттік кіріс министрлігінің
Кеден комитеті

Мемлекеттік лицензия

_____ берілді
(заңды тұлғаның толық атауы)

Кедендік брокер ретінде іс-әрекет жасауға
Лицензия іс-әрекетінің ерекше шарттары _____

Төраға _____
(Аты-жөні)

Қала _____ Берілу күні 200__ж. "___" _____

К е л і с і л д і

Қазақстан Республикасының
Мемлекеттік кіріс министрі

2001 жылғы 15 ақпан

Б е к і т і л д і

Қазақстан Республикасы

Мемлекеттік кіріс

Кеден комитетінің министрлігі

№ 54 бұйрығымен

2001 жылғы 15 ақпандағы

Кедендік ресімдеу жөніндегі маманға біліктілік аттестатын берудің ережесі

1. Жалпы ережелер

1. Осы Кедендік ресімдеу жөніндегі маманға біліктілік аттестатын берудің ережесі (бұдан әрі - Ереже) кедендік ресімдеу жөніндегі маманға (бұдан әрі - маман) қойылатын біліктілік талаптарын, біліктілік аттестатын (бұдан әрі - аттестат) беру туралы өтінішті қараудың, аттестаттарды берудің, қайтарып алудың, қайта тіркеудің, аттестаттардың қолданысын тоқтатудың, аттестатты жарамсыз деп танудың тәртібін белгілейді.

2. Маман өзінің қызметін "Қазақстан Республикасындағы Кеден ісі туралы" Қазақстан Республикасының Заңына (бұдан әрі - Кеден ісі туралы заң), Қазақстан Республикасының Үкіметі 1997 жылғы 14 сәуірдегі № 556 қаулысымен бекітілген Кедендік брокер туралы ережеге және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес жүзеге асырады.

3. Маман өзі штатында тұратын кедендік брокердің атынан кедендік ресімдеу жөніндегі іс-қимылды жасауға құқылы.

4. Кедендік брокер мен маманның қарым-қатынасы Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жасалатын жеке дара еңбек шартының негізінде құрылады.

5. Мамандардың тізілімін Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кіріс министрлігінің Кеден комитеті (бұдан әрі - Кеден комитеті) жүргізеді.

2. Маманға қойылатын біліктілік талаптары

6. Біліктілік емтиханын тапсырған және Кеден комитетінің аттестатын алған ортадан төмен емес білімі бар отандық жеке тұлға маман бола алады.

7. Біліктілік емтиханы мынадай тақырыптар бойынша өткізіледі:

к е д е н і с і ;

азаматтық, әкімшілік, қылмыстық, халықаралық құқық негіздері;
салықтық, валюталық заңдардың негіздері.

8. Біліктілік емтихандары кедендік ресімдеу жөніндегі мамандарды аттестациялауға белгіленген талаптарға сәйкес жүргізіледі.

9. Біліктілік емтиханын өткізуге арналған сұрақтардың тізбесін Комиссия бекітеді.

3. Өтініштерді қараудың және аттестаттар берудің тәртібі

10. Аттестат алу үшін Кеден комитетіне мынадай құжаттар тапсырылады:
осы Ереженің 1-қосымшасына сәйкес белгіленген нысан бойынша аттестат
б е р у т у р а л ы ө т і н і ш ;

біліктілік емтиханын тапсыру туралы Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кіріс министрлігі Кеден комитетінің Орталық комиссиясының анықтамасы ;

біліктілік аттестаты берілгені үшін алым төленгендігі туралы түбіртек.

11. Осы Ереженің 2-қосымшасына сәйкес белгіленген нысан бойынша аттестаттарды беру өтініш алған күннен бастап 10 күн ішінде жүргізіледі.

12. Аттестаттарды берген кезде Кеден комитеті:

Осы Ереженің 3-тармақшасына сәйкес белгіленген нысан бойынша маманның карточкасын ресімдейді. Карточка екі данада ресімделеді, олардың бірі - маманға беріледі, екіншісі - Кеден комитетінде қалады;

және осы Ереженің 4-қосымшасына сәйкес белгіленген нысан бойынша мамандар аттестаттарын тіркеу журналында тіркеу жүргізіледі.

13. Аттестатпен бірге маманға осы Ереженің 5-қосымшасына сәйкес белгіленген нысан бойынша кедендік ресімдеу жөніндегі маманның куәлігі беріледі, оның нөмірі аттестатты тіркеу нөміріне сәйкес келуі тиіс.

4. Аттестаттардың қолданысын тоқтатудың тәртібі

14. Аттестаттың қолданысы:

1) кеден ісін құқықтық реттеу елеулі түрде өзгерген жағдайда маман бір айлық мерзімде өзінің білімін жаңа талаптарға лайық растай алмаса;

2) егер осы Ережеге сәйкес қойылатын талаптарға маманның сәйкестігін растау мақсатында айлық мерзімде аттестациялау кезінде маман аттестациялаудан өтпесе;

3)кеден Ережелерін бұзғаны үшін жазалау ретінде тоқтатылуы мүмкін.

15. Аттестаттың қолданысын тоқтату туралы шешімді кеден органы бұйрық нысанында қабылдайды. Бұйрық шығару Қазақстан Республикасы сотының шешімі бойынша аттестаттың қолданысы тоқтатылған жағдайда талап етілмейді.

16. Аттестаттың қолданысын тоқтату туралы немесе аттестаттың қолданысын тоқтату түрінде жаза қолданылып, кеден ережелерін бұзу туралы іс жүргізуге қатысты шешім шығарған кеден органы маманды, штатында маман тұратын

кедендік брокерді, сондай-ақ Кеден комитетін қабылданған шешім туралы хабардар етеді.

17. Тоқтату кеден органдары тоқтату туралы шешім қабылдаған күннен бастап немесе сот шешімі күшіне енген кезден бастап күшіне енеді.

18. Аттестаттың қолданысы екі айға дейінгі мерзімге тоқтатылуы мүмкін.

19. Аттестаттың қолданысы кеден органдарының шешімі бойынша қалпына келтіріледі, ол мынадай тәртіппен:

осы Ереженің 14-тармағының 1), 2)-тармақшаларында көрсетілген негіздер бойынша тоқтатылса - осы Ережеде көзделген тәртіппен аттестациялаудан өткеннен кейін;

осы Ереженің 14-бабының 3)-тармақшасында көрсетілген негіз бойынша тоқтатылса - кеден органының қаулысында немесе сот шешімінде көрсетілген тоқтатудың мерзімі біткен соң кеден органының бұйрығы ретінде ресімделеді.

20. Кеден ісін құқықтық ресімдеуді елеулі түрде өзгерту туралы шешімді және көрсетілген негіздер бойынша аттестаттардың қолданысын тоқтату туралы шешімді Кеден комитеті қабылдайды және ол жариялануға жатады.

21. Аттестаттың қолданысын тоқтату үшін негіз болып табылатындай маманның қызметінен заңсыздық тапқан кеден органы ол туралы қызмет аймағында кедендік брокерді мемлекеттік тіркеу орны орналасқан, штатында маман тұратын кеден органын кідіріссіз хабардар етеді.

22. Кеден органдарының бірінің шешімі бойынша аттестатының қолданысы тоқтатылған маман басқа кедендік органдардың қызмет аймағында кедендік ресімдеу жөніндегі іс-қимылды жасауға құқылы емес.

5. Мамандарды аттестациялауды өткізудің тәртібі

23. Мамандарды аттестациялау: аттестатты берген кезінен бастап әрбір үш жыл өтісімен; кеден ісін құқықтық реттеу елеулі түрде өзгерген жағдайда жүргізіледі.

24. Мамандарды кезекті аттестациялауды жүргізу туралы шешімді Комиссия дайындайды және ол жариялауға жатады.

25. Комиссия аттестациялауды жүргізудің күні, орны және басқа да шарттары туралы мамандарды хабардар етеді.

26. Мамандарды аттестациялау Комиссияның шешімі бойынша біліктілік емтиханын немесе тест тапсыру нысанында жүргізілуі мүмкін.

27. Кеден ісін құқықтық реттеудің елеулі түрдегі өзгерісі туралы шешім қабылданған жағдайда осындай шешім қабылданған күннен бастап бір айдан кешіктірілместен аттестациялау өткізіледі.

28. Өткізудің күні, орны көрсетілген аттестациялауды өткізу туралы шешім, сондай-ақ аттестациялау нысаны жариялануға жатады.

28-1. Кедендік ресімдеу жөніндегі маманды қайта аттестациялау кезінде біліктілік аттестатын беру үшін алынатын алым төленбестен, осы Тәртіптің 3-тарауында белгіленген тәртіппен жаңа бланк беріле отырып, аттестатты қайта ресімдеу жүргізіледі. < * >

Ескрту: 28-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Кедендік бақылау агенттігі төрағасының 2002 жылғы 14 қарашадағы N 98 бұйрығымен .

6. Аттестаттарды қайтарып алудың және оларды жарамсыз деп танудың тәртібі

29. Аттестат мынадай жағдайларда:

аттестат өтініш беруші ұсынған толық емес немесе дұрыс емес мәліметтердің негізінде берілсе және олардың аттестат беру туралы шешім қабылдау үшін елеулі маңызы болған болса;

маман Қазақстан Республикасының кеден органдары алдында өзінің міндеттерін орындамаса;

маман кедендік ресімдеу кезінде Қазақстан Республикасының заңдарын, атап айтқанда, оның кедендік төлемдер мен салықтарға қатысты бөлігінде заңсыздық жасаса;

маман Қазақстан Республикасының қылмыстық заңдарында көзделген қылмысты жасағанда, сондай-ақ Кеден ісі туралы заңда көзделген құқық бұзушылық жасаған жағдайда кінәлі деп танылса;

маман кеден ісі саласында құқық бұзғандығына немесе қылмыс жасағандығына кінәлі деп таныса;

маман коммерциялық құпия немесе құпия ақпарат құрайтын мәліметтерді заңсыз пайдалану арқылы белгілі бір тұлғаға заңсыз түрде елеулі нұқсан келтірсе ;

аттестат қолданысын тоқтату туралы шешім қабылданған күннен бастап екі ай өтісімен маман өзіне берілген біліктілікке сәйкестігін дәлелдей алмаса қайтарып алынуы мүмкін.

30. Аттестатты қайтарып алу туралы шешімді Кеден комитеті бұйрық нысанында қабылдайды. Бұйрық шығару Қазақстан Республикасы сотының шешімі бойынша қайтарылып алынған жағдайда талап етілмейді.

31. Аттестатты қайтарып алған кезде Кеден комитеті қабылданған шешім туралы маманды, штатында маман тұрған кедендік брокерді жазбаша түрде хабардар етеді.

32. Аттестатты қайтарып алу туралы немесе оны жарамсыз деп тану туралы хабарлама алған маман хабарлама алған күннен бастап (сот шешімі күшіне енген кезден бастап) 5 күн ішінде кейінірек оларды Кеден комитетіне беру үшін қызмет аймағында кедендік брокерді мемлекеттік тіркеу орны орналасқан кеден органына өзінің аттестатын, куәлігін және жеке нөмірі бар мөрін тапсыруға тиіс.

33. Аттестатты беру туралы екінші қайтара өтініш аттестатты қайтарып алу үшін негіз болған себептер жойылған жағдайда оны қайтарып алған күннен бастап алты ай өтісімен қаралуы мүмкін.

34. Аттестатты қайта беру осы Ережеге сәйкес жалпы тәртіппен жүргізіледі.

35. Аттестат жоғалған жағдайда маманның өтініші бойынша аттестат жарамсыз деп танылады. Жаңа аттестатты беру маманның біліктілік талаптарына толық сәйкестігі жағдайында аттестат берілгені үшін алым төлей отырып жүргізіледі.

7. Аттестаттарды қайта тіркеудің тәртібі

36. Кедендік брокерді банкрот деп таныған жағдайда онда жұмыс істейтін мамандардың аттестаттары қайта тіркелуі тиіс.

37. Аттестатты қайта тіркеу мамандардың тізіліміне және кедендік ресімдеу жөніндегі маманның карточкасына тиісті жазбалар енгізу арқылы жүзеге асырылады.

38. Аттестатты қайта тіркеу кедендік брокердің банкротқа ұшырау фактісін растайтын құжаттардың көшірмелері қоса тіркелген маманның тиісті хабарламасы алынған күннен бастап 10 күн ішінде жүргізіледі.

39. Кедендік брокермен еңбек шартын жасасқан жағдайда маман бұл туралы Кеден комитетіне хабарлауға міндетті.

Екі және одан да көп кедендік брокерлердің штатында тұрған бір маманның кедендік ресімдеу жөніндегі қызметін жүзеге асыруына бір мезгілде жол берілмейді.

40. Қайта тіркеу жүргізілетін аттестаттың қолданысы аттестат қайта тіркелгенге дейін тоқтатылады.

8. Қорытынды ережелер

41. Кедендік брокермен еңбек қатынастары тоқтатылған кезде маман осындай өзгерістер туралы Кеден комитетіне хабарлауға міндетті.

42. Маман кедендік брокермен жеке дара еңбек шартын жасасқан кезден бастап кеден брокерінің атынан кедендік ресімдеу жөніндегі операцияларды жүзеге асыруға құқылы.

43. Кедендік ресімдеу жөніндегі маманның аттестаты және (немесе) куәлігі және (немесе) маманның жеке нөмірі бар мөрі жоғалған жағдайда маманның өтініші бойынша аттестаттың, куәліктің немесе жеке нөмірі бар мөрдің тиісті көшірмесі беріледі. Бұл орайда аттестаттың, куәліктің бланкілерінің, жеке нөмірі бар мөрді дайындаудың құны өндіріліп алынуы тиіс.

44. Аттестаттарды қайтарып алу, олардың қолданысын тоқтату, жарамсыз деп тану туралы кеден органдарының шешімдеріне Кеден ісі туралы заңның 388-395-баптарына сәйкес шағым түсірілуі мүмкін.

К е д е н д і к	р е с і м д е у
ж ө н і н д е г і	м а м а н ғ а
б і л і к т і л і к	а т т е с т а т ы н
б е р у д і ң	е р е ж е с і н е
1-қосымша	

	Қ а з а қ с т а н	Р е с п у б л и к а с ы
М е м л е к е т т і к	к і р і с	
м и н и с т р л і г і	К е д е н	
комитетінің Төрағасына		

(Аты-жөні) ӨТІНІШ

(мәшенкемен жазу түрінде толтырылады)

Кедендік ресімдеу жөніндегі маманға біліктілік аттестатын беруді сұраймын.

Қоса беріліп отырған құжаттар:

1) Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кіріс министрлігі Кеден комитетінің Кедендік ресімдеу жөніндегі мамандарды аттестациялау жөніндегі Орталық комиссиясының 200_жылғы "___" _____ біліктілік емтиханды тапсыру туралы анықтамасы;

2) Біліктілік аттестатта беру үшін алымды төлеуді растайтын құжат, 200_жылғы "___" _____ (дан) N _____

Төлем	Қазақстан	Республикасы	Ұлттық
банкiнiң	200__жылғы	"__"	_____
бағамы	бойынша	1	ЕВРО- _____тенге

жасалды.

_____ 200_жылғы "___" _____			
Кедендік	ресімдеу	жөніндегі	маманға
біліктілік	аттестатын	берудің	ережесіне
2-қосымша			

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК КІРІС
МИНИСТРЛІГІНІҢ КЕДЕН КОМИТЕТІ

**КЕДЕНДІК РЕСІМДЕУ ЖӨНІНДЕГІ МАМАННЫҢ
АТТЕСТАТЫ**

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кіріс министрлігі
Кеден комитетінің Кедендік ресімдеу жөніндегі мамандарды
аттестациялау жөніндегі Орталық комиссиясының шешімімен

(Аты-жөні)

19__жылы туған, паспорт (жеке куәлігі) N _____, кім
берілді _____

(қашан берілді, кім берді)

кедендік брокердің атынан кедендік ресімдеу бойынша іс-қимыл
жасау құқығы беріледі және КЕДЕНДІК РЕСІМДЕУ ЖӨНІНДЕГІ МАМАН
біліктілігі танылады.

Хаттама 200_жылғы "___" _____, N_____

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кіріс министрлігі Кеден
комитетінің Төрағасы

(қ о л ы)

Аттестациялық комиссияның хатшысы

(қолы)

Тіркеу N_____

М.О.

Кедендік ресімдеу жөніндегі маманға
біліктілік аттестатын берудің ережесіне
3-қосымша

Кедендік ресімдеу жөніндегі маманның

N _____КАРТОЧКАСЫ

Кедендік брокердің атауы

ФОТОСУРЕТ

тұрғылықты жері _____

Тел. _____

N__ біліктілік емтиханды өткізу туралы Хаттаманың негізінде

200_жылғы "___" _____

(А т ы - ж ө н і т о л ы қ)

Жеке куәлік/Паспорт N _____

(Паспорттың/жеке куәліктің N, аттестат берген органның атауы)

_____жылғы "____" _____ берілді

кедендік ресімдеу жөніндегі маманның N_____аттестаты берілді

Аттестат беру күні 200_ж. "____" _____

M.O.

Аттестат алушының қолы

Аттестат берушінің қолы

Аттестациялау туралы белгілер

Ерекше белгілер _____

Хаттама N_____200_жылғы "____" _____

Келесі аттестацияны өткізу күні

200_жылғы "____" _____

M.O.

Кедендік ресімдеу жөніндегі мамандарды
аттестациялау жөніндегі Орталық
комиссияның хатшысы

Хаттама N_____200_жылғы "____" _____

Келесі аттестацияны өткізу күні

M.O.

Кедендік ресімдеу жөніндегі мамандарды
аттестациялау жөніндегі Орталық
комиссияның хатшысы

Кедендік
маманға
берудің
4-қосымша

ресімдеу
біліктілік
ережесіне

жөніндегі
аттестатын

**Кедендік ресімдеу жөніндегі мамандардың біліктілік
аттестаттарын тіркеу кітабы**

N Біліктілік нөмірі	Хаттама тіркеу	Аттестат N	N және алым төлеу	Маман туралы	Аттестат р/с карточка.	аттестат. беру
талған			р-қ күні	сының N күні		
			а	д	а	м

Кедендік ресімдеу жөніндегі
маманға біліктілік аттестатын
берудің ережесіне
5-қосымша

**Кедендік ресімдеу жөніндегі
МАМАН N 000000**

Фамилия _____
Есімі _____
Әкесінің аты _____
200_ж. "___" _____ дейін

жарамды

ФОТОСУРЕТ

Қолы _____

М.О.

К е л і с і л д і

Қазақстан

Республикасының

Мемлекеттік

кіріс

министрі

2001 жылғы 15 ақпан

Б е к і т і л д і

Қазақстан

Республикасы

Мемлекеттік

кіріс

Кеден

комитетінің

министрлігі

N 54

б ұ й р ы ғ ы м е н

2001 жылғы 15 ақпандағы

**Мамандарды кедендік ресімдеу бойынша аттестация
жүргізу жөніндегі Қазақстан Республикасының**

**Мемлекеттік кіріс министрлігі Кеден комитетінің
Орталық комиссиясы туралы
ЕРЕЖЕ**

1. Жалпы ережелер

1. Осы Мамандарды кедендік ресімдеу бойынша аттестация жүргізу жөніндегі Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кіріс министрлігі Кеден комитетінің Орталық комиссиясы туралы ереже (бұдан әрі - Ереже) Мамандарды кедендік ресімдеу бойынша аттестация жүргізу жөніндегі Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кіріс министрлігінің Кеден комитеті Орталық комиссиясының (бұдан әрі - Комиссия) жұмыс тәртібін, сондай-ақ кедендік ресімдеу жөніндегі маманның біліктілік аттестатын алу үшін біліктілік емтихандарды өткізудің тәртібін анықтайды.

2. Комиссия кедендік ресімдеу бойынша мамандарды (бұдан әрі - мамандар) даярлау және аттестациялау жөніндегі Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кіріс министрлігі Кеден комитетінің (бұдан әрі - Кеден комитеті) жалпы саясатын және жұмысын үйлестіру мақсатында құрылады және іс-қимыл жасайды.

3. Комиссияның персоналдық құрамын Кеден комитетінің Төрағасы бекітеді.

4. Комиссия өз қызметін өтеусіз негізде жүзеге асырады.

**2. Комиссияның міндеттері, функциялары
және құқықтары**

5. Мамандарды даярлау және аттестациялау жөніндегі Кеден комитетінің саясатын құрастыру және іске асыру Комиссияның міндеті болып табылады.

6. Міндеттерге сәйкес Комиссия төмендегідей функцияларды іске асырады:
бағдарламаларды, сондай-ақ біліктілік емтихандарды, мамандарды аттестациялауды өткізудің тәртібін құрастыру;

біліктілік емтихандарға тестілер мен сұрақтарды құрастыру және бекіту;
біліктілік емтихандарды өткізу орны мен уақыты туралы мәліметтерді жариялауды қамтамасыз ету;

біліктілік емтихандардың хаттамаларын қарау және бекіту, олардың негізінде аттестат беру туралы шешім қабылдау;

мамандардың тізбесін аттестаттарды кері шақыру және күшін уақытша тоқтату туралы мәліметтерді көрсете отырып, жүргізу;
аттестаттарды беруден бас тарту туралы өтініш берушілердің хабарламасы; шағым арыздарды қарау және олар бойынша шешімдер қабылдау.

Кеден комитеті басшылығының қарауына аттестаттарды кері шақыру, жарамсыз деп тану немесе күшін уақытша тоқтату туралы ұсыныстар енгізуге;

Кеден органдарындағы лауазымды адамдармен және басқа да тұлғалармен өзара іс-қимыл жасау және оларды жұмысқа тартуға құқылы.

3. Комиссияның қызметін ұйымдастыру

8. Комиссия жеті тұрақты мүшелерден тұрады.

9. Комиссия Кеден комитеті лауазымды адамдарынан қалыптасады. Комиссияның құрамына кедендік іске қатысты ғылыми, оқыту немесе сарапшылық іс-әрекетпен шұғылданатын адамдар кіруі мүмкін.

10. Комиссияны Комиссия Төрағасы басқарады, ол Кеден Комитетінің Төрағасы орынбасарының қызметін атқарады және оны Кеден Комитетінің Төрағасы қызметке тағайындайды.

11. Комиссияның Төрағасы:

Комиссияға жалпы басшылық етуді жүзеге асырады;
Комиссияның отырыстарын жүргізеді және оның шешімдеріне қол қояды;
оның мүшелері бойынша Комиссияның қызметіне қатысты тапсырмалар
б е р е д і ;

біліктілік емтихандардың бағдарламаларын және оларды өткізудің,
мамандарды аттестациялаудың тәртібін бекітеді;

біліктілік емтихандарға тестілер мен сұрақтарды бекітеді;

аттестаттарға қол қояды;

аттестаттардың күшін уақытша тоқтату және кері шақыру туралы ұсыныстар
е н г і з е д і ;

Комиссия жұмысының жоспарларын бекітеді;

Кеден Комитеті Төрағасының қарауына Қазақстан Республикасындағы кедендік істің құқықтық реттелуі біршама өзгерген жағдайда, мамандарды қайта аттестациялау бойынша ұсыныстар енгізеді;

емтихандық комиссиялардың құрамын бекітеді.

12. Комиссияның Төрағасы болмаған жағдайда, Комиссияның мүшелерінен сайланатын Комиссия хатшысы оның функцияларын жүзеге атқарады.

13. Комиссия хатшысы:

Комиссия жұмысының жоспарларын құрастырады және Комиссия мәжілістерін, оның мүшелеріне оларды өткізу және күн тәртібі туралы кемінде 5 күн бұрын хабарлай отырып, ұйымдастырады, жоспарланған мәжіліске қажетті материалдарды әзірлейді және олардың жіберілуін іске асырады;

Комиссия шешімдерінің жобаларын әзірлейді және оларды орындау

мерзімдерінің сақталуын бақылауды жүзеге асырады;
хатшы ретінде Комиссия шешімдеріне, мамандардың куәліктеріне қол қояды,
сондай-ақ аттестаттарға қол қойып, Кеден Комитетінің Төрағасына қол қою үшін
б е р е д і ;

біліктілік емтихан тапсырған адамдарға аттестат беруді бақылауды жүзеге
а с ы р а д ы ;

Комиссия шешімдерін жариялауды ұйымдастырады;
Комиссияның Төрағасы белгілеген басқа да функцияларды атқарады.

14. Комиссияның мүшелері Комиссияның отырыстарына қатысады,
сондай-ақ Комиссия Төрағасының тапсырмаларын орындайды.

4. Комиссияның мәжілістерін және шешімдерді қабылдауды ұйымдастыру

15. Комиссияның мәжілістері қажеттілікке орай тоқсанына кемінде 1 рет
өткізіледі.

16. Комиссия, оның отырысында кемінде төрт мүшесі қатысқан жағдайда,
шешімдер қабылдауға құқықтық тұрғыдан өкілетті.

17. Төраға болмаған жағдайда, Комиссияның мәжілістерін хатшы жүргізеді.

18. Төрағаны қосқанда, Комиссияның барлық мүшелері, шешімдер қабылдау
кезінде бір дауысқа ие.

19. Комиссияның шешімдері жариялылық және алқалылық негізінде
қабылданады.

20. Комиссияның шешімдері мәжіліске қатысқандардың қарапайым дауыс
көпшілігімен қабылданады. Дауыстардың саны тең болған жағдайда, Комиссия
Төрағасының, ал ол болмаған жағдайда, мәжілісті жүргізуші хатшының дауысы
басым.

21. Комиссияның қабылданған шешімдері хаттамамен ресімделеді, оған
Комиссияның Төрағасы, ал ол болмаған жағдайда, мәжілісті жүргізуші хатшы
қол қояды.

5. Біліктілік емтихандарды және мамандарды аттестациялауды өткізудің тәртібі

22. Біліктілік емтиханды емтихандық комиссия қабылдайды, оның құрамын
Комиссияның Төрағасы бекітеді. Емтихандық комиссияның құрамында
Комиссияның кемінде үш мүшесі болады.

23. Біліктілік емтиханды тапсыру үшін мүдделі тұлғалар осы Ереженің 1-
қосымшасына сәйкес белгіленген нысанда Комиссияға өтініш береді.

24. Біліктілік емтиханды тапсыруға рұқсат беру туралы өтініш, алынған күнінен бастап 10 күннің ішінде қаралуы тиіс.

25. Біліктілік емтихандар кемінде 10 өтініш берген адамға емтихан тапсыруға рұқсат берілген кезде өткізіледі.

26. Комиссия емтихан тапсыруға рұқсат алу үшін өтініш берген адамдарға біліктілік емтиханның өтуі күні мен орны туралы хабарлайды.

27. Біліктілік емтихандар Комитет тұрған жерден тыс жерлерде де өткізілуі мүмкін.

28. Біліктілік емтихан екі кезеңде өтеді:

1) т е с т с ы н а ғ ы ;

2) негізгі емтихан.

29. Тест сынағы жазбаша және/немесе электрондық нысанда жүзеге асырылады және әрбір сұраққа берілетін жауапты 2 минуттың көлемінде дайындау және әрбір жаттығудың шешілуіне жауап іздеудің уақыты 45 минуттың көлемінде болу есебімен өткізіледі.

30. Тест 12 сұрақтан және екі практикалық жаттығудан тұрады (бірінші практикалық жаттығу - кедендік жүк мәлімдемесін толтыру жөнінде, екіншісі - төмендегі құжаттардың бірін толтыру жөнінде: кедендік құн мәлімдемесі, кедендік құнды түзету мәлімдемесі, мәміле паспорты). Бұл ретте, жаттығулар тікелей негізгі емтихан кезеңінде бағаланады.

31. Тесттегі 4 сұраққа жауап бермеген немесе қате жауап берген адамдарға қосымша 3 ұсынылады. Бір сұраққа жауап болмаған немесе қате жауап болған жағдайда, мұндай адамдар негізгі емтиханға жіберілмейді.

32. Біліктілік емтиханды қайта тапсыру алдында өткізілген емтиханнан 6 ай өткеннен кейін ғана рұқсат етіледі. Бұл ретте, рұқсат беру осы Ережеге сәйкес жүргізіледі.

33. Тесттегі 3 сұраққа жауап бермеген немесе қате жауап берген адамдарға негізгі емтиханды тапсыру үшін рұқсат беріледі.

34. Осы Ереженің 2-қосымшасына сәйкес белгіленген нысанда тест сынағының қорытындылары бойынша хаттама толтырылады, оны емтихандық комиссия бекітеді.

35. Негізгі емтихан емтихан тапсырушының бір емтихандық билет бойынша ауызша жауабы және тест кезеңінде орындалған практикалық жаттығулар емтихандық комиссиямен бағалана отырып өткізіледі.

36. Емтихандық билеттердің жалпы саны 50-ден кем болмауы тиіс және де әрбір билетте 5 сұрақ болады.

37. Емтихан тапсырушының жауабы оның практикалық жаттығуларды шешуі бесұпайлық жүйе бойынша бағаланады.

38. Емтихандық комиссияның әрбір мүшесі емтихандық билеттегі сұрақтарға берілген әрбір жауапты, практикалық жаттығуларды шешуді бағалайды және комиссия мүшесінің емтихандық карточкасында осы Ереженің 3-қосымшасында көрсетілген үлгі бойынша бағаларды көрсетеді.

39. Негізгі емтиханда алынған баға емтихандық комиссия мүшелерінің емтихандық карточкаларында көрсетілген ұпайлардың негізінде алынған орташа ұпай ретінде анықталады.

40. Тұлғаның жалпы орташа ұпайы кемінде 3 ұпай болған жағдайда, ол біліктілік емтиханды тапсырды деп саналады.

41. Біліктілік емтиханның қортындылары бойынша осы Ереженің 4-қосымшасында көрсетілген нысан бойынша біліктілік емтиханды өткізу туралы хаттама жасалады.

42. Біліктілік емтиханды өткізу туралы хаттаманың негізінде Комиссияның хатшысы біліктілік емтиханды тапсыру туралы тиісті анықтамаларды ресімдейді, олардың нысаны осы Ереженің 5-қосымшасында көрсетіледі.

43. Мамандарды тест сынағынан өткізуді тест сынағының қорытындыларын бекіткен Комиссия жүргізеді.

Мамандарды	кедендік	ресімдеу
бойынша	аттестация	жүргізу
жөніндегі	Қазақстан	Республикасы
Мемлекеттік	кіріс	министрлігі
Кеден	комитетінің	Орталық
комиссиясы	туралы	ережеге
1-қосымша		

	Мамандарды	кедендік	ресімдеу
аттестация	жүргізу		
жөніндегі	Қазақстан	Республикасы	
Мемлекеттік	кіріс	министрлігі	
Кеден	комитетінің	Орталық	
комиссиясының		Төрағасына	

-----',
(а т ы - ж ө н і т о л ы қ)
туған жылы _____

ӨТІНІШ

(машиналық жазба түрінде толтырылады)

Кедендік ресімдеу жөніндегі маманның аттестатын алу үшін біліктілік емтиханды тапсыруға рұқсат беруіңізді өтінемін.

Өзім туралы мәлімет:

Білім _____, _____ жылы бітірдім.

(орта, жоғары) (бітіру жылы)

_____ (оқу орны атауы)

Кеден ісі саласындағы жұмыс тәжірибесінің болуы (болса) _____
(толық жылдардың саны)

кәсіпорында (ұйымда) _____
(кәсіпорынның, ұйымның атауы)

_____ лауазымы бойынша қызмет еттім.

Кедендік ресімдеу жөніндегі оқу курстарын
_____ аяқтадым.

(оқу курстарының атауы)

Қоса беріліп отырған құжаттар:

1) Жұмыс орнынан анықтама

2) Кедендік ресімдеу жөніндегі оқу курстарын өтуді растайтын
құжат.

Біліктілік емтихан өткізу туралы ақпаратты төмендегі мекен-жайы бойынша
хабарлауды өтінемін: _____

телефон _____ факс _____

200_жылғы "___" _____

(қолы)

Мамандарды	кедендік	ресімдеу
бойынша	аттестация	жүргізу
жөніндегі	Қазақстан	Республикасы
Мемлекеттік	кіріс	министрлігі
Кеден	комитетінің	Орталық
комиссиясы	туралы	ережеге
2-қосымша		

Тест сынағының хаттамасы

N _____ 200_жылғы "___" _____

Біліктілік емтиханның бірінші кезеңінің қорытындылары бойынша
(тест сынағы) мынадай құрамдағы емтихандық комиссия: _____

төменде аталған адамдардың негізгі емтиханға қол жеткізген нәтижелерімен жіберілуін рұқсат етеді:

Аты-жөні жауап сұрақ	Дұрыс	Қосымша жауап сұрақ	Аты-жөні	Дұрыс	Қосымша
1 .				8 .	
2 .				9 .	
3.		10.			
4.		11.			
5.		12.			
6.		13.			
7.		14.			

Төменде аталған адамдар біліктілік емтиханның бірінші кезеңін өте алмады, сондықтан негізгі емтиханға жіберілмейді.

1 .				8 .	
2 .				9 .	
3.		10.			
4.		11.			
5.		12.			
6.		13.			

7. 14. _____

Орталық комиссияның мүшелері:

Комиссияның Төрағасы _____ Аты-жөні.

Комиссияның хатшысы _____ Аты-жөні.

1. _____ Аты-жөні.

2. _____ Аты-жөні.

3. _____ Аты-жөні.

4. _____ Аты-жөні.

5. _____ Аты-жөні.

6. _____ Аты-жөні.

7. _____ Аты-жөні.

Мамандарды	кедендік	ресімдеу
бойынша	аттестация	жүргізу
жөніндегі	Қазақстан	Республикасы
Мемлекеттік	кіріс	министрлігі
Кеден	комитетінің	Орталық
комиссиясы	туралы	ережеге
3-қосымша		

КОМИССИЯ МҮШЕСІНІҢ ЕМТИХАНДЫҚ КАРТОЧКАСЫ

200_жылғы "___" _____

Емтихандық комиссияның мүшесі

(Аты-жөні)

Бесұпайлық жүйеде бағаланады

Емтихан тапсырушының аты-жөні	Сұрақтар			Практ. жаттығу	Орташа баға
	-----	-----	-----		
	1	2	3	4	5

1 .

2 .

3 .

4

.

5

.

6

.

7

.

8

.

9

.

1

0

.

1

1

.

1

2

.

1

3

.

1

4

.

1

5

.

1

6

.

1

7

.

1

8

.

1

9

.

2

0

.

2

1

.

2

2

.

2 3 .

2 4 .

2 5 .

2 6 .

2 7 .

2 8 .

2 9 .

3 0 .

Қолы _____

Мамандарды	кедендік	ресімдеу
бойынша	аттестация	жүргізу
жөніндегі	Қазақстан	Республикасы
Мемлекеттік	кіріс	министрлігі
Кеден	комитетінің	Орталық
комиссиясы	туралы	ережеге
4-қосымша		

Біліктілік емтиханды өткізу туралы хаттама

N _____ 200_жылғы "___" _____

Біліктілік емтиханның қорытындылары бойынша емтихандық мынадай құрамдағы комиссия: _____

-----',
төменде аталғандардың кеден ісі саласындағы қажетті білімі бар екендігін анықтады. Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кіріс министрлігі Кеден Комитетінің біліктілік аттестаты беріле отырып, оларды кедендік ресімдеу жөніндегі мамандар деп тануға болады: _____

Аты-жөні ұпай	Жалпы ұпай	Аты-жөні	Жалпы
1.	8.		
2.	9.		
3.	10.		
4.	11.		
5.	12.		
6.	13.		
7.	14.		

Төменде аталғандар біліктілік емтихандарды тапсыра алмады: _____

Аты-жөні ұпай	Жалпы ұпай	Аты-жөні	Жалпы
1.	8.		
2.	9.		
3.	10.		
4.	11.		
5.	12.		
6.	13.		
7.	14.		

Орталық комиссияның мүшелері:
Комиссияның Төрағасы _____ Аты-жөні.

Комиссияның хатшысы _____ Аты-жөні.

1. _____ Аты-жөні.

2. _____ Аты-жөні.

3. _____ Аты-жөні.

4. _____ Аты-жөні.

5. _____ Аты-жөні.

6. _____ Аты-жөні.

7. _____ Аты-жөні.

Мамандарды кедендік ресімдеу
бойынша аттестация жүргізу
жөніндегі Қазақстан Республикасы
Мемлекеттік кіріс министрлігі
Кеден комитетінің Орталық
комиссиясы туралы ережеге
5-қосымша

Біліктілік емтиханды тапсыру туралы анықтама

_____ берілді

(Аты-жөні толық)

Куәлік/Паспорт N _____

200_жылғы "___" _____ берілді

Кедендік ресімдеу жөніндегі маман болу
үшін біліктілік емтиханды

тапсырылғандығын растау ретінде

Біліктілік емтиханды өткізу туралы N _____ хаттама

200_жылғы "___" _____

Кедендік ресімдеу бойынша
Қазақстан Республикасы
Мемлекеттік кіріс
министрлігінің Кеден комитеті
Орталық комиссиясының
х а т ш ы с ы

(Аты-жөні)

200_жылғы "___" _____

Мөр

К е л і с і л д і

Қазақстан

Республикасының

Мемлекеттік кіріс министрі
2001 жылғы 15 ақпан
Б е к і т і л д і
Қазақстан Республикасы
Мемлекеттік кіріс
Кеден комитетінің министрлігі
N 54 б ұ й р ы ғы м е н
2001 жылғы 15 ақпандағы

**"Жасыл және қызыл дәліздер" жүйесін пайдалана отырып
жеке тұлғалар өткізетін тауарларды кедендік
ресімдеу және кедендік бақылау ережесі**

1. Жалпы ережелер

1. "Жасыл және қызыл дәліздер" жүйесін пайдалана отырып жеке тұлғалар өткізетін тауарларды кедендік ресімдеу және кедендік бақылау жөніндегі осы ережелер (бұдан әрі - Ереже) "Қазақстан Республикасындағы Кеден ісі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі - Кеден ісі туралы заң) 193, 203 және 210-баптарына сәйкес әзірленді және Қазақстан Республикасының кедендік шекарасындағы халықаралық өткізу бекеттері арқылы жеке тұлғалар өткізетін тауарларға кедендік бақылау жүргізудің нысаны мен тәртібін анықтайды.

2. Халықаралық өткізу бекетінде "жасыл және қызыл дәліздер" жүйесін пайдалану туралы шешімді Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кіріс министрлігінің Кеден комитеті (бұдан әрі - Кеден комитеті) қабылдайды.

3. "Жасыл және қызыл дәліздер" жүйесін пайдалану бойынша Қазақстан Республикасының кедендік шекарасынан өтетін жеке тұлға мәлімдеу нысанын және өзі өткізетін тауарларды кедендік ресімдеу және кедендік бақылау үшін оған сәйкес дәлізді дербес таңдайды.

4. Мәлімдеудің және кәмелетке толмағандар өткізетін тауарларды кедендік ресімдеу және кедендік бақылау үшін оған сәйкес келетін дәліздің нысанын таңдауды алып жүретін адам жүргізеді.

5. Кәмелетке толмағандар өткізетін тауарлар туралы мәліметтер алып жүретін адамның жолаушылық кедендік жүк декларациясында мәлімделеді.

6. "Жасыл дәліз" - Қазақстан Республикасының кедендік шекарасындағы халықаралық өткізу бекеттері арқылы жүретін, қол жүгі мен алып жүрілген жол жүгінде Қазақстан Республикасының кедендік шекарасы арқылы жеке тұлғалармен өткізетін тауарларды кедендік ресімдеудің, мәлімдеудің және кедендік бақылаудың ережелеріне сәйкес міндетті жазбаша мәлімдеуге жататын

тауарлар болмайтын жеке тұлғаларымен жылжытылатын тауарларды кедендік бақылаудан өткізудің оңайлатылған тәртібі болып табылады.

7. Кедендік бақылаудың "жасыл дәлізде" жекелеген нысандарының қолданбауы тұлғаларды Қазақстан Республикасы кедендік заңнамасын сақтаудан босатпайды.

8. "Қызыл дәліз" - Қазақстан Республикасының кедендік шекарасындағы халықаралық өткізу бекеттері арқылы жүретін жеке тұлғалар өткізетін тауарларды Қазақстан Республикасы кедендік заңнамасын сақтауды қамтамасыз ету үшін жеткілікті кедендік бақылаудың нысандарының пайдаланылуымен кедендік бақылаудың тәртібі болып табылады және де ол қол жүгі мен алып жүрілген жол жүгінде Кеден ісі туралы заңның 192-бабына сәйкес міндетті жазбаша мәлімдеуге жататын тауарлар болатын жеке тұлғаларға қатысты қолданылады.

9. "Жасыл және қызыл дәліздердің" басталуы мен аяқталуын кедендік орган кедендік бақылау аймағының шеңберінде белгілейді.

10. Айрықша жағдайларда, Кеден комитетінің шешімімен "жасыл дәліз" уақытша жабылуы мүмкін. Мұндай шешім өткізу бекетінде қалыптасқан шұғыл жағдай, Қазақстан Республикасының кедендік шекарасы арқылы өтетін белгілі бір адамдар топтарының ерекшеліктері, Қазақстан Республикасының заңнамасымен Қазақстан Республикасына әкелуге және Қазақстан Республикасынан әкетуге тыйым салынған тауарлар әкелінуі немесе жіберілуі мүмкін мемлекеттердің ерекшеліктері ескеріле отырып, қабылдануы мүмкін.

2. "Жасыл дәліз" жүйесі бойынша жеке тұлғаларды өткізудің тәртібі

11. Жеке тұлғалардың "жасыл дәліз" ілесіп жүруі бойынша ескере отырып, жазбаша немесе ауызша нысанда мәлімдеусіз (жолаушылық кедендік декларациясын толтырусыз) конклюденттік нысанда мәлімдеуді білдіреді. Оларға және олар жылжытатын тауарларға осы Ереженің 13, 14-тармақтарында көзделген жағдайларды қоспағанда, кедендік бақылаудың техникалық құралдары пайдаланыла отырып жүргізілетін қарау және бақылау қолданылмайды.

12. Жеке тұлғалардың "жасыл дәлізден" өтуі кедендік орган жол жүгінде және қол жүгінде міндетті жазбаша мәлімдеуге жататын тауарлардың болмауы туралы жолаушының өтініші ретінде қарастырады.

13. Өзінде немесе жол жүгінде жеке тұлғада міндетті жазбаша мәлімдеуге жататын тауарлар бар деуге негіздер болса, кедендік органның лауазымды

адамдары "жасыл дәлізде", Кедені ісі туралы заңның 211-бабында көрсетілген жағдайларды қоспағанда, Кеден ісі туралы заңда көзделген кедендік бақылаудың тиісті нысандарын қолдана алады.

14. "Жасыл дәлізде" таңдаулы кедендік бақылау жүргізілуі де мүмкін .

3. "Қызыл дәліз" жүйесінен жеке тұлғаларды өткізудің тәртібі

15. "Жасыл дәлізден" өтетін жеке тұлғалар Қазақстан Республикасының кедендік шекарасы арқылы жеке тұлғалар өткізетін тауарларды кедендік ресімдеу, мәлімдеу және кедендік бақылаудың белгіленген тәртібіне сәйкес міндетті жазбаша мәлімдеуге жататын өткізетін тауарлар туралы мәліметтерді жолаушылық декларацияда өтініш түрінде жазбаша мәлімдейді.

4. "Жасыл және қызыл дәліздерді" қолдану үшін шекарадағы өткізу бекеттеріне қойылатын талаптар

16. "Жасыл және қызыл дәліздер" жүйесі шекарадағы өткізу бекетінің кедендік бақылау аймағында, "жасыл дәлізге" қойылатын талаптарға сәйкес жабдықталған кемінде бір дәліз болған жағдайда, сондай-ақ "қызыл дәлізге" қойылатын талаптарға сәйкес жабдықталған кемінде бір дәліз болған жағдайда қолданылады.

17. Дәліздердің санын кедендік орган белгілейді.

18. "Жасыл және қызыл дәліздерді" ұйымдастыруға мынадай талаптар қ о й ы л а д ы :

1) өткізу бекеті ғимаратының жоспарына қатысты дәліздер қол жүгін беру орындарының шегінен тыс жерде болуы тиіс;

2) қарауды қоса алғанда, кедендік бақылаудың технологиясын ұйымдастыру кезінде, жеке тұлғалардың кедендік бақылау аймағы арқылы қол жүгін беру орнынан шығуға дейін (ұшып келу кезінде) және кіре беріс орнынан авиабилеттер мен қол жүгін тіркеу орнына дейін (ұшу кезінде) жүруін қамтамасыз ету көзделуі тиіс;

3) әрбір дәліз бойынша қозғалыстың бағыты айқын белгіленуі тиіс;

4) дәлізге кіру орны еденде төтесінен ені 10 сантиметр дәліздің енімен бірдей сызықпен белгіленуі тиіс, сондай-ақ төртбұрыш түріндегі графикалық белгі б о л у ы қ а ж е т :

ені 100 сантиметр, биіктігі 50 сантиметр;

белгінің периметрі мен диагоналі (жоғарғы оң жағындағы бұрыштан сол жағындағы төменгі бұрышқа) тиісінше белгіленеді;

"қызыл дәліз" үшін - ені 10 сантиметр қызыл сызықпен;

"жасыл дәліз" үшін - ені 10 сантиметр жасыл сызықпен;
Ақ түсті белгінің алаңына мемлекеттік, орыс және ағылшын тілінде тиісінше
ж а з б а ж а с а л а д ы :

"жасыл дәліз" үшін - "Жасыл дәліз";
"қызыл дәліз" үшін - "Қызыл дәліз".

19. "Жасыл" және "қызыл" дәліздерге кіру орындары ақпараттық тақтайшалармен жабдықталуы тиіс, онда кедендік бақылау нысанын таңдаудың шарттары және әрбір сол шартқа қатысты кедендік ресімдеудің тәртібі, сондай-ақ жеке тұлғалардың Қазақстан Республикасының кедендік шекарасы арқылы өткізетін тауарларын кедендік бақылаудан жасыруына немесе жалған мәлімдеуіне қатысты жауапкершілігі көрсетілуі тиіс.

20. Тақтайлардағы ақпарат мемлекеттік, орыс және ағылшын тілінде, сондай-ақ оның пайдаланылуын кедендік орган ұтымды деп таныған кез келген
ті л д е б а я н д а л у ы т и і с .

Кедендік орган ақпараттық материалдарға уақытылы қажетті өзгерістер енгізуге міндетті.

21. Кедендік бақылау аймақтарының алдында орналасқан үй-жайлар немесе өткізу бекеттерінің аймақтары жолаушылық кедендік декларацияларының бланкілерін толтыру үшін үстелдермен жабдықталуы, сондай-ақ бланкілер мен оларды толтырудың үлгілері жеткілікті болуы тиіс.

22. Жеке тұлғаларға консультациялар беру үшін ақпараттық аймақта кедендік органның жұмыс тәжірибесі мол лауазымды адамдары болуы тиіс.

23. "Жасыл" және "қызыл" дәліздер, әдеттегідей, теледидарлық бақылау жүйелерімен жабдықталуы керек.

К е л і с і л д і

Қазақстан Республикасының
Мемлекеттік кіріс министрі

2001 жылғы 15 ақпан

Б е к і т і л д і

Қазақстан Республикасы
Мемлекеттік кіріс
Кеден комитетінің министрлігі

№ 54 б ұ й р ы ғ ы м е н

2001 жылғы 15 ақпандағы

**Қазақстан Республикасының кеден шекарасы арқылы өтетін
болмаса халықаралық байланыс үшін ашық кеден бақылауы**

аймағында не әуежай аймағында орналасқан жеке тұлғаларға жеке қарау жүргізу тәртібі туралы нұсқаулық

1. Жалпы ережелер

1. Осы Қазақстан Республикасының кеден шекарасы арқылы өтетін болмаса халықаралық байланыс үшін ашық кеден бақылауы аймағында не әуежай аймағында орналасқан жеке тұлғаларға жеке қарау жүргізудің тәртібі туралы нұсқаулық (бұдан әрі - Нұсқаулық) "Қазақстан Республикасындағы Кеден ісі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі - Кеден ісі туралы заң) 212-бабына сәйкес Қазақстан Республикасының кеден шекарасы арқылы өтетін жеке тұлғаларға жеке қарау жүргізу үшін негізді, оның тәртібін және оны өткізудің х а т т а м а н ы с а н ы н а й қ ы н д а й д ы .

Нұсқаулық Қазақстан Республикасы кеден органдарының барлық лауазымды тұлғаларының орындауы үшін міндетті.

2. Жеке қарау кеден бақылауының айрықша нысаны болып табылады және Қазақстан Республикасының кеден шекарасы арқылы өтетін болмаса халықаралық байланыс үшін ашық кеден бақылауы аймағында немесе халықаралық әуежайдың транзитті аймағында орналасқан жеке тұлғаның Қазақстан Республикасының кеден органдарына бақылау жүктелген Қазақстан Республикасының заңдарын немесе Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарын бұзу объектілері болып табылатын тауарларды өзінде жасырады және бермейді деген негіз болған кезде кеден органының бастығы немесе оның орнын ауыстыратын лауазымды тұлғаның шешімі бойынша жүргізілуі мүмкін.

3. Жеке қарауға азаматтығына қарамастан кез-келген жеке тұлға ұшырауы м ү м к і н .

Кеден ісі туралы заңның 211-бабына, сондай-ақ Әкімшілік тәртіп бұзушылықтар туралы Қазақстан Республикасы Кодексінің 693-бабына сәйкес жеке қарау жүргізуден босатылған тұлғалар жеке қарауға ұшырауы мүмкін емес.

4. Кеден органының бастығы (оның орнын ауыстыратын тұлға) қабылдаған айқындалған жеке тұлғаға жеке қарау жүргізу туралы шешім жеке тұлға берген кеден декларациясына болмаса кеден органының лауазымды тұлғасының рапортына бұрыштама қою жолымен жазбаша түрде ресімделеді не жеке актімен ресімделеді. Шешімде жеке қарау жүргізу тапсырылған кеден органының нақты лауазымды тұлғасы көрсетілуі қажет. Шешімнің көшірмесі жеке қараудағы тұлғаға тапсырылады.

5. Жеке қарауды куәгердің, ал қажеттілік кезде мамандар, соның ішінде аудармашы және білікті медицина қызметкерінің қатысуы кезінде кеден органының бастығы (оның орнын ауыстыратын тұлға) тағайындаған кеден органының лауазымды тұлғасы жүргізеді.

Кәмелетке толмаған немесе қабілетсіз тұлғаны жеке қарау оның заңды өкілдерінің (ата-аналары, асырап алушылары, қорғаншылары, қамқоршылары) немесе оны алып жүретін тұлғалардың қатысуымен жүргізіледі.

Оған қатыспайтын және оған қатысы жоқ тұлғалардың жеке қарау кезінде қатысуына тыйым салынады.

6. Жеке қарауға қатысатын тұлғалар, соның ішінде куәгерлер қаралатын тұлғамен бірге кәмелетке толғандар және бір жыныста болуы қажет.

7. Қаралатын тұлғаның денесін қарауды медицина қызметкері жүзеге асырады.

8. Жеке қарау жеке тұлғаның өзінде жасырылған тауарларды қолға түсіру үшін қажетті шектерде қаралатын тұлғаның жеке басының еркін кемсітуді және денсаулығына залал келтіруді және мүлкіне заңсыз залалды болдырмайтын сыпайы нысанда жүргізілуі қажет.

Кеден ісі туралы заңның 424-бабына сәйкес кеден органдары лауазымды тұлғаларының заңсыз әрекеттері нәтижесінде қаралатын тұлғаға келтірілген шығындар немесе залалдар өтеледі.

9. Жеке қарауды жүргізу жөніндегі кеден органдары лауазымды тұлғаларының әрекеттеріне Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес қаралатын тұлғаның шағымдануына болады.

10. Кеден ісі туралы заңның 212-бабына сәйкес қаралатын тұлға адвокаттың қызметін пайдалануға құқылы.

2. Жеке қарауға қатысатын тұлғалар.

Олардың құқықтары мен міндеттері

11. Жеке қарауды жүргізуге қаралатын жеке тұлғаның туысқаны болып табылатын немесе жеке қараудың айқындалған нәтижелеріне ол жеке, тікелей немесе жанама мүдделі деп санауға мүмкіндік беретін өзге де жағдайлары бар Қазақстан Республикасының кеден органдарының лауазымды тұлғасына жол берілмейді.

12. Жеке қарауды кеден органдары лауазымды тұлғасының жүргізу мүмкіндігіне жол бермейтін жағдайлар бар кезде КББ, КБ, кеден бастығы немесе оның орнын ауыстыратын лауазымды тұлға жаңа шешіммен жеке қарауды жүргізуді кеден органының басқа лауазымды тұлғасына жеке қарауды тапсырады.

Сол негіздерде көрсетілген кеден органының лауазымды тұлғасына қаралатын тұлға, ал кәмелетке толмаған немесе қабілетсіз тұлғаны жеке қарау кезінде - оның заңды өкілдері оны алып жүретін тұлға бас тартуы мүмкін. Бас тарту туралы өтініш себепті болуы керек. Бас тарту туралы өтінішті кеден органының бастығы (оның орнын ауыстыратын тұлға) қарайды. Бас тарту туралы өтінішті беру кезінде жеке қарау ісі тоқтатыла тұрады.

13. Жеке қарау жүргізу тапсырылған кеден органының лауазымды тұлғасы:

1) жеке қарау туралы шешімді нақты және мерзімінде орындауға;
2) жеке қарау басталу алдында жеке тұлғаға аталған шешім туралы жариялауға, жеке қарау жүргізу туралы кеден органы бастығының (оның орнын ауыстыратын тұлғаның) шешімімен оны таныстыруға және жеке қарауды жүргізу туралы шешімнің көшірмесін тапсыруға, оны құқықтары мен міндеттерімен таныстыруға және жасырылған тауарларды өз еркімен беруді ұ с ы н у ғ а ;

3) жеке қарауға қатысатын барлық тұлғаларға олардың құқықтары мен міндеттерін түсіндіруге;

4) жеке қарау жүргізу туралы Қазақстан Республикасы заңдарының талаптарын және осы Нұсқаулықтың ережелерін сақтауға;

5) белгіленген нысан бойынша жеке қарау хаттамасын жасауға;

6) жеке қарау хаттамасымен қаралатын тұлғаны таныстыруға міндетті.

14. Куәгерлер ретінде (екі тұлға санында) қарау нәтижелеріне мүдделі емес Қазақстан Республикасының кез-келген азаматтары (көлік қызметкерлері, жолаушылар және басқалары) шақырылуы мүмкін.

15. Куәгерлер:

1) қаралатын тұлғадан алынған заттарды қарау кезінде қатысуға;

2) жеке қарау хаттамасына енгізілуге жататын жүргізілген іс-әрекеттері жөнінде ескертулерді жасауға құқылы.

16. Жеке қарауды жүргізуге Қазақстан Республикасы кеден органының лауазымды тұлғасы тартатын медицина қызметкері:

1) оның өмірі мен денсаулығына залал келтірместен қаралатын тұлғаның денесін қарауды жеке өзі жүргізеді;

2) қаралатын тұлғаның денесін қарау себебі бойынша түсініктер береді;

3) оның қатысуымен рәсімделетін жеке қарау хаттамасының және басқа да құжаттардың мазмұнын өз қолымен куәландырады.

17. Медицина қызметкері:

1) жеке қарау хаттамасымен танысуға және қаралатын тұлғаның денесін қарауға қатысты бөлшекте ескертулер жасауға;

2) қажеттілік жағдайында қаралатын тұлғаның өмірі мен денсаулығы үшін қауіпсіз және оған залал келтірмейтін техникалық құралдарды (мысалы: медицина аспаптары және жабдық пен басқалары) қолдануға құқылы.

18. Жеке қарау жүргізуге қатысуға Қазақстан Республикасы кеден органының лауазымды тұлғасы тартатын маман:

1) жеке қарау жүргізетін кеден органының лауазымды тұлғасы нұсқамалармен дәл жүруге;

2) қаралатын тұлға жасыратын заттарды табу және алудың барысы мен нәтижелерін оны тіркеу үшін өзінің арнайы білімі мен дағдыларын пайдалана отырып жеке қарауға (осы Нұсқаулықтың 27-тармағында көрсетілген кезеңдерден басқа) қатысуға;

3) тауарларды жасырудың мүмкін болатын орындары мен тәсілдерін жеке қарауды жүргізетін кеден органы лауазымды тұлғасының назарын аудартуға және оларды табу тәсілі туралы нұсқамалар беруге;

4) олардың орындалатын іс-әрекеттері жөнінде түсініктер беруге;

5) жеке қарау хаттамасына және қажеттілік жағдайында оның қатысуымен рәсімделетін басқа да құжаттарға қол қоюға міндетті.

19. Маман:

1) жеке қарауды жүргізетін кеден органының лауазымды тұлғасының рұқсатымен қаралатын тұлғаға сұрақтар қоюға;

2) ғылыми-техникалық құралдарды және жасырылған заттарды табу мен алу үшін әдістерді пайдалануға, бұл ретте өтініш жасауға;

3) бақылау, өлшеу және зерттеу жүргізуге;

4) арнайы білімдер мен дағдыларды талап ететін мәселелер бойынша жеке қарауды жүргізетін кеден органының лауазымды тұлғасына кеңестер беруге;

5) хаттамаға оларды міндетті түрде енгізумен олар қол қоятын құжаттардың мазмұны туралы ескертулер жасауға құқылы.

20. Егер қаралатын тұлға мемлекеттік немесе орыс тілін білмесе жеке қарауға қатысу үшін аудармашы тартылады.

21. Аудармашы оның барлық кезеңдерінде (осы Нұсқаулықтың 27-тармағында көрсетілген кезеңдерден басқа) жеке қарауға қатысады. Осы Нұсқаулықтың 27-тармағында көрсетілген жеке қарау кезеңінде аудармашының қатысуы қаралатын тұлғаның талап етуі бойынша мүмкін.

22. Қаралатынның келісімімен кеден органының лауазымды тұлғасы аудармашы ретінде тартылуға жол беріледі.

23. Аудармашы оған тапсырылған аударманы дәл және толық орындау қажет.

24. Жеке қарау барысында қаралатын тұлға жеке қарауды жүргізетін Қазақстан Республикасы кеден органының лауазымды тұлғасының заңды талаптарын орындауға міндетті және мыналарға:

1) жеке қарау жүргізу туралы кеден органы бастығының немесе оның орнын ауыстыратын лауазымды тұлғаның жеке қарауды жүргізу туралы шешімінің көшірмесін талап етуге;

2) өз құқықтары мен міндеттерімен танысуға;

3) алып кетуді көрсетуге;

4) түсініктемелер беруге, өтініш беруге;

5) оны жасаудың аяқталуы бойынша жеке қарау хаттамасымен танысуға және оның мазмұны бойынша ескертулер жасауға;

6) ана тілімен немесе ол білетін басқа да тілді, сондай-ақ аудармашының қызметін пайдалануға;

7) жеке қарау жүргізу аяқталуы бойынша, егер жеке қарау жүргізу кезінде өз құқықтары мен заңды мүдделері тапталған деп санаса, кеден органының лауазымды тұлғасының іс-әрекеттеріне шағымдануға құқығы бар.

3. Жеке қарауды жүргізу кезеңдері

25. Жеке қарау үш кезеңде жүргізіледі.

26. Бірінші кезең (дайындық) жеке қарауды жүргізу туралы кеден органы бастығының (оның орнын ауыстыратын тұлғаның) шешімін жеке тұлғаға жариялаудан басталады. Дайындық кезеңінде кеден органының лауазымды тұлғасы жеке тұлғаны жеке қарауды жүргізу туралы кеден органы бастығының (оның орнын ауыстыратын тұлғаның) шешімімен таныстырады, жеке қарауды жүргізу туралы шешімнің көшірмесін тапсырады, куәгерлердің қатысуымен оның құқықтары мен міндеттері тұлғаға түсіндіріледі, сондай-ақ кеден бақылауынан жасырылған тауарларды өз еркімен беру ұсынылады.

27. Екінші кезеңде - тікелей жеке бақылау жүргізіледі. Кеден органының лауазымды тұлғасы жеке тұлғаға тікелей жеке бақылаудың басталуы туралы хабарлайды. Осы кезеңде жеке тұлғаның заттары, киімдері мен денесін қарау, қажеттілік жағдайында оларды зерттеу жүзеге асырылады.

Маман (білікті медицина қызметкерінен басқа) мен аудармашы қаралатын тұлғаның денесін қарау жүргізілетін үй-жайда, сондай-ақ тұлға денелік киімде немесе киімсіз орналасқан уақытта қатыспауы тиіс. Аталған үй-жайда осы уақытта суретке түсіру, киноға түсіру, бейне жазбаға жол берілмейді.

28. Үшінші кезең - аяқтаушы. Осы кезеңде жеке қарау құжатты рәсімделу жүзеге асырылады. Құжатты рәсімделу Кеден ісі туралы заңның 212-бабына және Әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы Қазақстан Республикасы Кодексінің 626-бабына сәйкес жеке қарау хаттамасында жасалады.

4. Жеке қараудың дайындық кезеңі

29. Кеден органының лауазымды тұлғасы оған байланысты жеке қарауды жүргізу ниеті туралы жеке тұлғаға хабарлайды, жеке қарауды жүргізу туралы кеден органы бастығының (оның орнын ауыстыратын тұлғаның) шешімімен таныстырып, жеке Қарауды жүргізу туралы шешімнің көшірмесін тапсырады.

30. Жеке қарауды жүргізу туралы шешіммен жеке тұлға танысу фактісі жеке қарауды жүргізу туралы шешімге тиісті жазба жолымен аталған тұлға куәландырылады. Осындай әрекеттерді жасаудан бас тартқан жағдайда, жеке қарауды жүргізу туралы шешім жариялаған Қазақстан Республикасы кеден органының лауазымды тұлғасының қолымен куәландырылған жеке қарау жүргізу туралы шешімге белгі қойылады.

31. Жеке бақылауды жүргізуге тағайындалған кеден органы лауазымды тұлғасының Кеден ісі туралы заңға және осы Нұсқаулыққа қайшы келмейтін кез-келген өкімі немесе талабы жеке қарауды жүргізу туралы шешіммен жеке тұлғаны таныстыруды куәландыру сәтінен оны жүргізу және ресімдеу үшін уақыты, орны, тәсілі және рәсімі туралы оған қатысты жеке бақылау жүргізілген жеке тұлға үшін міндетті.

Жеке қарауды жүргізуге тағайындалған кеден органы лауазымды тұлғасының заңды өкіміне немесе талабына бағынбау жауапкершілік Кеден ісі туралы заңның 413-бабында көзделген кеден ережелерін бұзу туралы хаттаманың жеке тұлғаға қатысты жасалуы үшін негіз болып табылады.

Жеке қарау жүргізуде кеден органының лауазымды тұлғасына қарсылық көрсету Кеден ісі туралы заңның 327-бабында көзделген тәртіпте және мерзімде жеке тұлғаны әкімшілік ұстау үшін негіз болып табылады.

32. Жеке қарау жүргізу туралы шешіммен жеке тұлға танысқаннан кейін тұлға жеке қарау жүргізу үшін үй-жайға кіргізіледі, онда куәгерлердің қатысуымен оған оның құқықтары мен міндеттері түсіндіріледі.

33. Дәлелді бас тартудағы жеке тұлғаның өтініші жағдайында кеден органының лауазымды тұлғасы енгізілген бас тартуды кеден органының бастығына (оның орнын ауыстыратын тұлғаға) ұсынады, одан кейін тұлғаны көрсетілген бас тарту шешіміне қатысты қабылданған шешіммен таныстырылып, шешімнің көшірмесі қаралатын тұлғаға тапсырылады.

34. Тұлғаға кеден бақылауынан жасырылған тауарларды өз еркімен беру ұсынылады. Берілген тауарлар жеке қарауға қатысатын тұлғаларға ұсынылады.

35. Егер тұлға жасырылған тауарларды өз еркімен бас тартқан жағдайда болмаса егер кеден органы лауазымды тұлғасының осындай тауарларды бергеннен кейін жеке тұлға кеден бақылауынан қандай-да бір тауарларды жасырады деген дәлелді негіз бар болса, кеден органы лауазымды тұлғасы тұлғаның тікелей жеке қарауына көшеді.

5. Жеке қарауды жүргізу тәртібі

36. Қарауға қатысатын тұлғалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында оны жүргізу басталғанға дейін ауызша нысанда қаралатын тұлғада оқпен атылатын, газ бен суық қару және шабуыл жасау үшін жарамды өзге де заттар мен бұйымдардың жоқтығына көз жеткізу қажет.

37. Жеке қарау санитарлық-гигиеналық талаптарға жауап беретін Қазақстан Республикасы кеден органының осы мақсат үшін арнайы жабдықталып бөлінген үй - ж а й ы н д а жү р г і з і л е д і .

Жеке қарау санитарлық-гигиеналық талаптарға жауап беретін бөлінген аэропорт, вокзал, көлік құралдарында (каюта, купе және басқасы), сондай-ақ көлік ұйымдарының, құқық қорғау және Қазақстан Республикасының өзге де мемлекеттік органдардың бөлінген үй-жайларында жүргізілуі мүмкін.

38. Жеке қарау жүргізілетін үй-жайда жеке тұлғаны ертіп жүру кезінде жүру кезінде аталған тұлға өзінде бар тауарларды, заттарды, құжаттарды лақтырып жібермеу немесе жойып жібермеу үшін бақылау қамтамасыз етілуі қажет.

39. Жеке қарау жүргізілетін үй-жай куәгерлердің қатысуымен Қазақстан Республикасының кеден органы лауазымды тұлғасы алдын-ала қарауы тиіс. Қабырғалас үй-жайлардағы есіктер, терезелер, иллюминаторлар тығындалып жабылуы, шабуыл жасау қаруы ретінде пайдаланылуы мүмкін заттар алып тасталуы қажет.

40. Жеке қарау жүргізілетін үй-жайға бөгде тұлғалардың енуі және жеке қарау жүргізу үшін олардың бақылау мүмкіндігі болмауы қажет.

41. Бір үй-жайда бір уақытта бірнеше тұлғаның жеке қарауына тыйым салынады.

42. Жеке қарауды жүргізетін кеден органы лауазымды тұлғасының өкімінде қаралатын тұлғада бар киімді, аяқ киімді және басқа да заттарды толық зерттеу үшін қажетті аспаптар, құрал-жабдықтар және қарайтын техникалық заттар болуы қажет.

43. Жеке қарау барысында:

1) қаралатын тұлғадағы бар барлық ұсақ заттар қаралады (арқан, қолшатыр, портмоне, оттық, автоқалам, портсигар және тағысын тағылар);

2) қаралатын тұлғадан кезек-кезегімен шешілетін үстіңгі киім, аяқ киім және б а с к и і м ;

3) қаралатын тұлғаның денелік киімінен жоғары барлық денесі жоғарыдан төмен қарай ұстап көрінеді;

4) кезек-кезегімен жоғарыдан төмен қарай қаралатын тұлғадан шешілген

денелік

киім

қаралады;

5) қаралатын тұлғаның денесі зерттеледі (шаштарын, қолының шынтактарын, аяқтарының табандарын және басқалары).

44. Жеке қарау барысында қаралатын тұлғаның тәртібіне тұрақты қадағалау жүргізу, қаралатын тұлғада бар киімнің, аяқ-киімнің және заттардың белгілеріне, денедегі таңғыштар мен дәкеден жасалған таңғыштарға айырықша көңіл аударатырып жеке қараудың аралық қорытындыларын ескеру, сондай-ақ Қазақстан Республикасының кеден шекарасы арқылы өткізілетін заңсыз сол немесе өзге де заттарды жасырудың сипатты тәсілдерін ескеру қажет.

45. Киімді және аяқ-киімді қарау кезінде ортапедиялық аяқ-киімдерге, бас киімдерге, сондай-ақ киімнің тігістеріне, жамауларына, қайырмаларына, иықшаларына, астарына, аяқ киімнің белдігіне, қонышына, ұлтарағына, өкшесіне айырықша назар аудару қажет.

46. Жеке қарауға қатысатын тұлғалар қаралатын тұлғаның мүлкіне ұқыпты және дұрыс қарауы тиіс.

47. Қаралатын тұлғаның тауарларды өз еркімен беруі жағдайында, егер аталған тұлға тағы да қандай-да бір тауарларды жасырады деген онда жеткілікті болжам негіздері жоқ болса, кеден органының лауазымды тұлғасы олардан алуды шектеуге құқылы. Осы шешім жеке қарау хаттамасында көрсетілуі қажет.

48. Өз еркімен берілген немесе жеке қарау кезінде табылған тауарларды көру үшін жеке қарауға қатысатын тұлғаларға ұсынады және қаралатын тұлға үшін қолы жетпейтін жерлерге қойылады.

49. Жеке қарау аяқталғаннан кейін оны жүргізген кеден органының лауазымды тұлғасы жеке қарау жүргізілген үй-жайды мұқият қарауға міндетті.

Жеке қарау басталғанға дейін үй-жайда болмаған заттар табылған жағдайда, кеден органының лауазымды тұлғасы олардың кімдікі екенін анықтау үшін шаралар қабылдауы тиіс.

50. Жеке қарауға қатысқан тұлғаларға жеке қарау кезінде белгілі болған қаралатын тұлғаның физикалық ерекшеліктері, қарау нәтижелерін жаюға тыйым салынады.

6. Жеке қарауды құжатты ресімдеу

51. Жеке тұлғаны жеке қарауды жүргізу үшін кеден органының бастығы немесе оның орнын ауыстыратын тұлға қол қойған жеке қарау жүргізуге шешімнің (1-қосымша) бар болуы міндетті.

52. Жеке қарау аяқталғаннан кейін кеден органының лауазымды тұлғасы белгіленген нысан бойынша жеке қарау хаттамасын (2-қосымша) жасайды.

Хаттаманың көшірмесін қаралатын тұлғаға болмаса оның заңды өкіліне қолхатпен тапсырылады.

53. Жеке қарау хаттамасына мыналар қол қояды:

- 1) жеке қарауды жүргізген кеден органының лауазымды тұлғасы;
- 2) к у ә г е р л е р ;
- 3) осы Нұсқаулыққа сәйкес жеке қарауды жүргізуге тартылған өзге де т ұ л ғ а л а р ;
- 4) оған қатысты жеке қарау жүргізілген жеке тұлға.

Жеке қарау хаттамасына қол қоюдан оған қатысты жеке қарау жүргізілген тұлға бас тартқан жағдайда, хаттамада осы туралы куәгерлердің қолы қойылып куәландырылған тиісті жазба жасалынады.

54. Жеке қарау хаттамасына қоса беріледі:

- 1) қаралатын тұлға өз еркімен берген заттар;
- 2) жеке қарау барысында табылған және алынған заттар;
- 3) жеке қарау барысында орындалған фотографиялық суреттер мен негативтер, киноленталар, аудио және бейне жазбалар;
- 4) қаралатын тұлғаның, медицина қызметкерінің, маманның, куәгерлердің жеке парақтардағы түсініктері мен өтініштері;
- 5) құжатты түрде тіркелген бақылаулардың, өлшеулер мен зерттеулердің, сондай-ақ дәрілік заттарды қолданудың нәтижелері.

55. Қаралатын тұлға өз еркімен берген, жеке қарау барысында онда табылған және алынған заттар, бейне, аудио, фото, кинопленталар және басқа да заттай айғақтар жеке пакеттерге салынады және мөр басылып салынып қойылады. Пакеттерде қажетті түсініктер болуы тиіс және жеке бақылауды жүргізген кеден органы лауазымды тұлғасының және куәгерлердің қол қоюымен куәландырылуы қажет.

56. Жеке қарау хаттамалары күнтізбелік жылдың басынан бастап ұлғаймалы тәртіппен "Жеке қарау хаттамаларын тіркеу журналында" (3-қосымшаға) міндетті түрде тіркелуге жатады.

57. Қылмыстық істі қозғау немесе кеден ережелерін бұзғаны туралы қылмыстық іс жүргізу кезінде жеке қарау хаттамасының түпнұсқасы қылмыстық істің тиісті материалдарына немесе кеден ережелерін бұзу туралы іске қоса беріледі, оның көшірмесі кеден органында қалады.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң
к е д е н ш е к а р а с ы а р қ ы л ы
ө т е т і н б о л м а с а х а л ы қ а р а л ы қ
б а й л а н ы с ү ш і н а ш ы қ к е д е н
б а қ ы л а у ы а й м а ғ ы н д а н е ә у е ж а й
а й м а ғ ы н д а о р н а л а с қ а н ж е к е

тұлғаларға жеке қарау жүргізудің
тәртібі туралы нұсқаулыққа
1-қосымша

Жеке қарау жүргізу туралы ШЕШІМ

200_жылғы "___" _____

(хаттаманы жасау орны)

(кеден органының бастығы немесе оның орнын ауыстыратын тұлға,
а т ы - ж ө н і)

_____ жедел ақпаратты қарап

БЕЛГІЛЕДІ:

/Халықаралық аэропорттың транзиттік аймағында немесе кеден бақылауы
аймағында орналасқан/ Қазақстан Республикасының кеден шекарасы арқылы
ө т е т і н а з а м а т (ш а)

өзінде болуы және кеден бақылауынан заттарды жасыруы мүмкін:
белгіленген тәртіпте міндетті түрде декларациялауға жататын Қазақстан
Республикасының кеден шекарасы арқылы алып өтуге тыйым салынған.

жазылғанның негізінде және Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық
бұзушылықтар туралы Қазақстан Республикасы Кодексінің 253, 257-баптары мен
"Қазақстан Республикасындағы кеден ісі туралы" ҚР Заңының 212-бабын
басшылыққа ала отырып,

ШЕШТІ:

_____ тұратын _____

азаматқа(шаға) жеке қарау жүргізілсін.

Бастық _____

(аты-жөні)

қолы

Маған шешім 200_жылғы "___" _____ жарияланды. _____

қолы)

Қазақстан Республикасының
кеден шекарасы арқылы
өтетін болмаса халықаралық
байланыс үшін ашық кеден
бақылауы аймағында не әуежай
аймағында орналасқан жеке
тұлғаларға жеке қарау жүргізудің
тәртібі туралы нұсқаулыққа
2-қосымша

Жеке қарау хаттамасы

200_жылғы "___" _____
(хаттаманы жасау орны)
Жеке қарау_____ сағат_____ минутта басталды.
Жеке қарау_____ сағат_____ минутта басталды.

(кеден органының атауы, жеке қарау

жүргізілген шешім бойынша кеден органының

лауазымды тұлғасының қызметі, аты-жөні)
_____ шешіміне
с ә й к е с

(кеден органының атауы, жеке қарау жүргізетін

және хаттама жасаушы кеден органының

лауазымды тұлғасының қызметі, аты-жөні)
жеке қарау жүргізу туралы шешім хабарланған, "Қазақстан
Республикасындағы кеден ісі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының
212-бабында көзделген оның құқықтары мен міндеттері түсіндірілген_____

(қаралатын тұлғаның азаматтығы,

аты-жөні, туған жылы, төлқұжат деректері)
жеке қарау жүргізді._____
(қаралатын тұлғаның қолы)

Қазақ немесе орыс тілін _____
(меңгеремін, меңгермеймін)

аудармашының қызмет көрсетуін қажет етемін (етпеймін) және _____
тілінде _____ көрсеткіш бере аламын.

(қаралатын тұлғаның қолы)

Жеке қарау мынадай куәгерлер қатыса отырып:

(аты-жөні, жұмыс орны немесе қызметінің шыққан
_____ аудармашы,

жері, жеке басын куәландыратын құжат туралы мәлімет)

1. _____

(аты-жөні, тұрғылықты мекен-жайы, жеке басын куәландыратын
құжаттың деректері)

2. _____

Қазақстан Республикасының ҚІЖК-нің 84-бабында көзделген олардың
құқықтары мен міндеттері жеке қарау басталар алдында түсіндірілген

1. _____

(медициналық жұмысшы маманның,

_____ қарауға қатысқан маманның аты-жөні,

_____ жұмыс орны және қызметі)

2. _____

_____ маманның (мамандардың) қатысуымен

_____ (жеке қарау жүргізілетін орын - әуежай, вокзал

_____ үй-жайында өткізілді.

және т.б., үй-жайдың нөмірі, купе және т.б.)

_____ (маманның қолы)

_____ (аудармашының қолы)

_____ (куәгерлердің қолдары)

_____ (маманның қолы)

Азамат(ша) _____ кедендік бақылаудан жасырған
заттарын өз еркімен беру туралы ұсынысқа _____

_____ мәлімдеді және
өз еркімен _____

(ерікті нақты қандай заттар берілгенін

көрсету, олардың саны және дербес белгілері,

тәсілі және оның жасырылған орны)

көрсетті.

Жеке қарау нәтижесінде азамат(ша) _____
(қараудың хронологиялық дәйектілігінде қандай заттар

қолға түсірілді, олардың саны және дербес белгілері,

тәсілі және жасырған орны болмаса алдағы қарау жүргізілмейді)

қолға түсірілді.

Жеке қарау жүргізудің шегі: _____
(жеке қарауды жүргізудің шегі, маманның, медицина

қызметкерінің дәрежесі және қатысу нысаны)

Нақты техникалық құралдар, медициналық аспаптар (параметрі атауы, типі, маркасы, үлгісі) пайдалану туралы, оларды пайдалану шарттары және тәртібі туралы белгі: _____

Хаттамаға қоса беріледі: _____
(жеке қарау жүргізу кезінде ерікті түрде берілген

немесе қолға түсірілген заттардың атауы,

саны және жеке белгілері; ұқсастырумен

қамтамасыз етудің тәсілдері)

Жеке қараудың хаттамасына қосылғандар: фотографиялық суреттер, негативтер, киноленталар, аудио- және видеожазбалар, құжатты тіркелген қадағалаулардың қорытындылары, өлшеу және зерттеулер, дәрі-дәрмектерді пайдалану (қажет емесін сызу).

Қаралатын тұлғаның өтініші: _____

Жеке қарауға қатысатын өзгеде тұлғалардың өтініші: _____

Қаралатын тұлғаның тәртібі туралы белгі (қажет болған жағдайда)

Жеке қарау жүргізуді және хаттама жасады:

(қолы)

(аты-жөні)

Тексерілуші тұлға:

(қолы)

(аты-жөні)

Куәгерлер:

(қолы)

(аты-жөні)

(қолы)

(аты-жөні)

Мамандар:

(қолы)

(аты-жөні)

(қолы)

(аты-жөні)

Аудармашы:

(қолы)

(аты-жөні)

Қазақстан Республикасының
кеден шекарасы арқылы

өтетін болмаса халықаралық
байланыс үшін ашық кеден
бақылауы аймағында не әуежай
аймағында орналасқан жеке
тұлғаларға жеке қарау жүргізудің
тәртібі туралы нұсқаулыққа
3-қосымша

(кеден органының атауы)

жеке қарау хаттамаларын тіркеу
журналы

NN Жеке Тексерілуші Жеке Жеке Жеке қараудың Жеке
р/с қарау тұлғаның қарауды қарауды қорытындылары қараудың
жүргізу аты-жөні, жүргізу кім жиынтығы
күні белгіленген туралы жүргізді бойынша
деректері кім шешім шешім
қ а б ы л д а д ы

К е л і с і л д і

Қазақстан

Республикасының

Мемлекеттік

кіріс

министрі

2001 жылғы 15 ақпан

Б е к і т і л д і

Қазақстан

Республикасы

Мемлекеттік

кіріс

Кеден

комитетінің

министрлігі

N 54

б ұ й р ы ғ ы м е н

2001 жылғы 15 ақпандағы

**Жеке тұлғалардың Қазақстан Республикасының кеден
шекарасы арқылы алып өтетін тауарларын кедендік ресімдеу,
декларациялау және кедендік бақылау
Ережесі**

1. Жалпы ережелер

1. Жеке тұлғалардың Қазақстан Республикасының кеден шекарасы арқылы алып өтетін тауарларын кедендік ресімдеу, декларациялау және кедендік бақылаудың осы Ережесі (бұдан әрі - Ереже) "Қазақстан Республикасындағы кеден істері туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес әзірленді және жеке тұлғалардың Қазақстан Республикасының кеден шекарасы арқылы алып өтетін тауарларын кедендік ресімдеу, декларациялау және кедендік бақылаудың тәртібін айқындайды.

2. Қазақстан Республикасының кеден шекарасы арқылы алып өтетін тауарларға қатысты оңайлатылған, жеңілдетілген тәртіпте Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын нормалар шегінде декларациялау және кедендік бақылау тәртібі қолданылады.

3. Жеке тұлғалардың Қазақстан Республикасының кеден шекарасы арқылы алып өтетін тауарларын кедендік ресімдеуді Қазақстан Республикасының кеден шекарасында орналасқан кеден органдары жеке тұлғалар тауарлар мен көлік құралдарын Қазақстан Республикасының кеден шекарасы арқылы тікелей алып өткен кезде жүргізеді.

4. Жеке тұлғалардың Қазақстан Республикасының кеден шекарасы арқылы алып өтетін тауарларын кедендік ресімдеуге мүмкіндік болмаған жағдайда, Қазақстан Республикасының кеден шекарасында орналасқан кеден органдары кедендік ресімдеуді тауарларды Қазақстан Республикасына әкелу кезінде нысаналы кеден органында болмаса тауарларды Қазақстан Республикасынан әкету кезінде шығарылатын кеден органында жүргізуі мүмкін.

5. Осы Ереженің мақсаттары үшін мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) иесімен жөнелтілетін жүк - Қазақстан Республикасының кеден шекарасы арқылы өтетін жеке тұлғаның тікелей алып өтетін тауарлары;

2) иесіз жөнелтілетін жүк - Қазақстан Республикасының кеден шекарасы арқылы өтетін жеке тұлғаның тасымалдаулары (жүк түбіршегі, үстемесі, коносаменті және басқа құжаттар бойынша) туралы жасалған шарт бойынша тасымалдаушының Қазақстан Республикасының кеден шекарасы арқылы алып өтетін тауарлары.

2. Тауарларды жолаушы кеден декларациясын пайдаланып декларациялау тәртібі

6. Жеке тұлғалардың алып өтетін тауарларын он алты жасқа толған (отандық немесе шетелдік) тұлға декларациялайды.

Он алты жасқа толмаған жеке тұлғалардың алып өтетін тауарларын жасы

кәмелетке толған, кәмелетке толмаған тұлғаның атынан сөйлеуге өкілеті бар оларды ілестіріп жүрген тұлға декларациялайды.

7. Жеке тұлғалардың Қазақстан Республикасының кеден шекарасы арқылы алып өтетін осы Ереженің 1 қосымшасының тізіміне сәйкес міндетті жазбаша декларациялауға жататын тауарларды декларациялау осы ереженің 2 қосымшасына екі данада жолаушы жүк декларациясында олар туралы мәліметті хабарлау жолымен жүргізіледі.

Егер декларацияға жеке тұлғаның алып өтетін барлық тауарлары туралы мәліметтер сыймаған жағдайда, нысаны және пайдалану тәртібі осы Ережелермен белгіленетін декларацияның қосымша парақтары пайдаланылады.

8. Тауарларын Қазақстан Республикасының кеден шекарасы арқылы алып өтетін әрбір жеке тұлғаға жазбаша нысанда декларациялауға мүмкіндік берілуі к е р е к .

9. Жеке тұлғалардың белгіленген жазбаша нысан бойынша міндетті түрде жазбаша декларациялауға жататын тауарлардың болуы туралы мәліметтерді декларацияламауы олардың Қазақстан Республикасы кеден шекарасы арқылы алып өтетін қол жүктерінде және жүктерінде осындай тауарлардың болмауы туралы хабарланғаны сияқты қаралады.

10. Жеке тұлғалардың Қазақстан Республикасының кеден шекарасы арқылы алып өтетін осы Ереженің 1 қосымшасында аталмаған тауарларын декларациялау ауызша нысанда жүргізілуі мүмкін.

11. Иесіз жөнелтілген жүктердегі тауарларды декларациялау тасымалдаушыда алып өтетін тауарларға қатысты Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңдарына сәйкес жеткілікті өкілеттігі немесе тауар иесінің атынан жолаушы жүк декларациясымен бірге және тауар иесінің еркін нысанда толтырған өтініші болған кезде оларды тасымалдаушы жүргізуі мүмкін.

12. Тасымалдаушы тауарларды декларациялаудан бас тартқан немесе мүмкіншілігі болмаған кезде, тауарлар осы тауарларды тиісінше алушы немесе жіберуші болып табылатын тұлға жолаушы жүк декларациясын ұсынғанға дейін оларды Қазақстан Республикасына әкелуге немесе оларды Қазақстан Республикасынан әкетуге жіберілмейді.

13. Олардың кедендік ресімделгенін растайтын құжаттары жоқ тауарлар әкету кезінде және оларды кеден органына бергеннен кейін кедендік ресімдеу тікелей аяқталуы мүмкін еместерге қатыстылар уақытша қойма орындарына орналастырылады.

14. Иесіз жөнелтілген жүктердегі тауарларды алушы оның Қазақстан Республикасына келуін растайтын құжаттар (Қазақстан Республикасына келуі кезінде ресімделген жолаушы жүк декларациясы) болған кезде кеден баждарын, кедендік ресімдеу үшін кеден алымдарын және қосылған құн салығын салудан

босатылады. Бұл ретте, иесімен жөнелтілген жүкке ресімделген тауарлар ескеріледі. Осы құжаттың көшірмесі тауар алу кезін ресімделетін жолаушы кеден декларациясына қоса беріледі және ресімделген кеден органында қалады.

15. Иесіз жөнелтілген жүкті ресімдеу кезінде берілетін кіру кеден декларациясын қайта пайдалануды болдырмау мақсатында, осы құжаттың түпнұсқасындағы "Қызметтік белгілер үшін" деген бағанға кеден органының лауазымды тұлғасы олардың ресімделгені туралы жүк түбіршектерінің, үстемелердің және басқа да құжаттардың нөмірлерін және күндерін көрсетіп "ИЖЖ ресімделді" деген белгі қояды.

16. Жеке тұлғалардың Қазақстан Республикасы кеден шекарасы арқылы алып өтетін тауарларының белгіленген нормалардан артуы Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жүк кеден декларациясын пайдаланып кедендік ресімдеуге жатады.

3. Жолаушы кеден декларацияларының тармақтарын (бағандарын) толтыру тәртібі

17. Декларацияда тиісті тармақтармен көзделген мәліметтер көрсетіледі.

18. "келу", "кету" және "транзит" шаршыларында тиісті шаршыларды сызып тастау жолымен Қазақстан Республикасының кеден шекарасы арқылы өтетін тұлғаның тауарларды алып өту бағыты көрсетіледі - тиісті шаршыны сызып тастау дұрыс жауап, сызбау - теріс жауап; декларант тауарларды транзитпен алып өткен кезде де алып өту бағыты көрсетіледі, яғни "транзит" дегеннен басқа "келу" немесе "кету" шаршыларын сызып тастайды.

19. "Тұлға туралы мәлімет" 1 тарауда:

аты-жөні, тұратын елі, азаматтығы, төлқұжатының немесе жеке басын куәландыратын өзге де құжаттың нөмірі, жіберілген елі, нысаналы елі, кеден шекарасы арқылы өту кезінде тұлғаға ілескен кәмелетке толмаған балаларының болуы және олардың саны толық көрсетіледі.

20. "Жүктерінің болуы туралы мәлімет" 2 тарауда:

2.1-тармақта - кеден органына бір уақытта жолаушы декларациясын берумен ұсынылуы мүмкін жүктің жеке тұлғада болуы немесе болмауы көрсетіледі. Ол болған кезде орнының саны көрсетіледі;

2.2-тармақта - жеке тұлғада иесіз жөнелтілген жүктің болуы болмаса болмауы көрсетіледі. Ол болған кезде оны Қазақстан Республикасының кеден шекарасы арқылы алып өтетін иесіз жөнелтілген жүкке әрекет қолданған жеке тұлғаға қатысты тауар орналасқан орынның жалпы саны көрсетіледі. Қазақстан Республикасының кеден аумағына келу кезінде осы мәліметтер осындай

тауарларды әкету ниеті туралы Қазақстан Республикасы кеден органдарының осы тұлғаларына хабарланған сияқты қаралады. Осындай мүліктерді декларациялау белгіленген тәртіпке сәйкес тек қана жүкті алуы бойынша жүргізіледі.

21. "Тауарлардың болуы туралы мәліметтер" 3 тарауда халықаралық заңдарға және Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес міндетті түрде декларациялауды талап ететін тауарлар туралы мәліметтер көрсетіледі:

3.1 тармақта - Тізімнің 1, 2, 3-тармақтарына сәйкес мәліметтер;

3.2 тармақта - Тізімнің 4-тармағына сәйкес мәліметтер;

3.3 тармақта - Тізімнің 5-тармағына сәйкес мәліметтер;

3.4 тармақта - Тізімнің 6-тармағына сәйкес мәліметтер;

3.5 тармақта - Тізімнің 7-тармағына сәйкес мәліметтер;

3.6 тармақта - Тізімнің 8-тармағына сәйкес мәліметтер;

3.7 тармақта - Тізімнің 9-тармағына сәйкес мәліметтер;

3.8 тармақта - Тізімнің 10-тармағына сәйкес мәліметтер;

3.9 тармақта - Тізімнің 11-тармағына сәйкес мәліметтер;

3.10 тармақта - Тізімнің 12-тармағына сәйкес мәліметтер;

3.11 тармақта - оларды уақытша әкелген кезде 3.1-3.10 тармақтарда көрсетілген тауарлар туралы мәліметтер;

3.12 тармақта - Тізімнің 13-тармағына сәйкес мәліметтер көрсетіледі.

22. "Тауарлар туралы мәліметтер" 4 тарауда:

4.1 тармақта - мүмкіншілігі бойынша олардың ерекшеленетін белгілерін (олардың әзірленген материалы, түсі, нысаны, тауардың маркасы, салмағы және т.б.) көрсетіп 3.2-3.11 тармақтарда көрсетілген тауарлар туралы мәліметтер: алып өтетін тауарлардың саны, тауарлардың құны (Қазақстан Республикасының валютасымен немесе АҚШ долларымен);

4.2 тармақта көлік құралдары туралы мәліметтер көрсетіледі, бұл ретте, шаршыларды алып өтетін осындай көлік құралдарының бағыты мен мақсатын көрсету үшін толтырылады.

23. Толтырылған декларацияға құрылған күні және декларанттың қолы қойылып куәландырылады.

24. "Қызметтік белгілер үшін" деген бағанда кеден органының лауазымды тұлғасы:

рұқсат беретін құжаттардың нөмірін, берілген күнін және оларды берген органдардың атауын; иесіз жөнелтілген жүктердің ресімделуі туралы мәліметтерді;

қоса берілген қосымша бланктардың санын;

кеден төлемдері мен салықтарын төлегенін растайтын құжаттар болған кезде олардың нөмірін көрсетеді.

25. Декларацияға енгізілетін кез-келген өзгерістер мен толықтырулар декларанттың қолымен және осы кеден декларациясын қабылдаған кеден органының лауазымды тұлғасының жеке нөмірлі мөрінің бедерлемесімен к у ә л а н д ы р ы л у ғ а ж а т а д ы .

26. Декларация мемлекеттік немесе орыс тілдерінде, ал кеден органының рұқсатымен - кеден органының лауазымды тұлғасы сөйлейтін басқа да тілдерде толтырылады.

4. Кеден органы лауазымды тұлғасының жолаушы кедендекларациясын ресімдеу тәртібі

28. Хабарланған жолаушы кеден декларациясындағы мәліметтердің тауарлардың нақты күйімен сәйкестігін тексергеннен кейін кеден органының лауазымды тұлғасы мемлекеттік уәкілетті органдар берген және қолданыстағы заңдарға сәйкес Қазақстан Республикасының кеден шекарасы арқылы осы тауарларды алып өту құқығын беретін малдәрігерлік, фитосанитарлық, экологиялық және басқа да мемлекеттік бақылау түрлеріне жататын тауарларға қатысты рұқсат беретін құжаттарының болуын, сондай-ақ кеден мақсаттары үшін қажетті басқа да құжаттардың болуын тексереді.

29. Кеден мақсаттары үшін рұқсат беретін және басқа да қажетті құжаттар берілмеген және бұл ретте, кеден ережелерін бұзу белгілері болмаса қылмыс құрамы болмаған жағдайда, осындай тауарлар уақытша сақтау орындарына о р н а с т ы р ы л а д ы .

30. Ұсынылған құжаттар туралы мәліметтер "Қызметтік белгілер үшін" б а ғ а н ы н а е н г і з і л е д і .

31. Кеден органының лауазымды тұлғасы растаған кеден мақсаттары үшін қажетті құжаттардың көшірмелері аталған декларацияны ресімдеген кеден органында қалдырылатын жолаушы кеден декларациясына қоса беріледі.

32. Кеден органының лауазымды тұлғасы кеден органдарының құзыретіне жатқызылған мәліметтерді енгізуден басқа, өзінің бастамасы, тапсырмасы немесе қандай да болмасын тұлғаның өтініші бойынша декларацияны толтыруға, ондағы көрсетілген мәліметтерді өзгертуге немесе толықтыруға құқығы жоқ.

33. Толтырылған декларацияда кеден органының лауазымды тұлғасы "Қызметтік белгілер үшін" деген 3.1 және 4.1 бағандарындағы жазбаларды шектейді (қоршап қояды). Қоршап қою оны ресімдегеннен кейін қосымша жазба жазуға келмейтін түрмен жүргізіледі. Осы мақсаттар үшін осы тараулардағы жазба мен бос бағандар арасындағы бос жерлерді кеден органының лауазымды тұлғасы біртұтас сызықпен сызып тастауы керек.

3.1 және 4.1 бағандардағы қоршалған жазбалар кеден органының лауазымды

тұлғасының жеке нөмірлі мөрімен расталады.

"Қызметтік белгілер үшін" деген бағандағы "М.О." рәміздерімен белгіленген шаршыларға декларацияны қабылдаушы және тауарлардың кедендік ресімдеуін жүргізуші кеден органының лауазымды тұлғасының жеке нөмірлі мөрінің бедерлемесі қойылады.

34. Декларация ресімделген сәттен бастап заңды күші бар құжат болады.

35. Кедендік ресімдеу аяқталғаннан кейін жолаушы кеден декларациясының бір данасы декларантқа қайтарылып беріледі, ал келесісі кедендік ресімдеу жүргізген кеден органының істерінде қоса берілген құжаттармен бірге декларация ресімделген күннен бастап бес жыл ішінде сақталады.

5. Кеден бақылауын жүргізудің тәртібі

36. Қол жүктері мен иесімен бірге жөнелтілген жүктерге техникалық құралдардың көмегімен кедендік бақылау жүргізгеннен кейін кеден органының лауазымды тұлғасы ауызша сұрау жүргізеді және қажет кезде қол жүктері мен жүктерді қарап шығу жүргізіледі. Бұл ретте, кедендік қарап шығу таңдау арқылы жүргізілуі мүмкін.

37. Қарап шығу кезінде хабарланған жолаушы кеден декларациясындағы мәліметтердің тауарлардың нақты күйіне сәйкестігі және толықтығы тексеріледі.

38. Жүк кеден декларациясын пайдаланып кедендік ресімдеу, сондай-ақ рұқсат беретін құжаттардың болмауы, кеден төлемдері мен салықтарға тиісті төлемдердің мүмкіншілігі, сондай-ақ кеден мақсаттары үшін қажетті басқа да құжаттардың болмауы себептері бойынша кеден органдарына тауарларды бергеннен кейін тікелей аяқталуы мүмкін емес кедендік ресімдеу қолдануға қатысты тауарлар уақытша сақтау орындарына орналастырылады.

6. Кеден бақылауының белгілі бір нысандарынан босату

39. Кеден бақылауының белгілі бір нысандарынан босату Кеден ісі туралы Заңның 211, 223-227-баптарына сәйкес жүзеге асырылады.

7. Қорытынды ережелер

40. Осы Ережелермен белгіленген талаптарының бұзылуы Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жауапкершілік көзделген.

Жеке тұлғалардың Қазақстан Республикасының кеден шекарасы арқылы алып өтетін

тауарларын
декларациялау
бақылаудың
1 қосымша

кедендік
және
Ережелеріне

ресімдеу,
кедендік

**Қазақстан Республикасының кеден шекарасы оларды алып
өту кезінде жеке тұлғалардың міндетті түрде жазбаша
декларациялауға жататын тауарларының
ТІЗБЕСІ**

1. Жеке тұлғалардың Қазақстан Республикасының кеден шекарасы арқылы алып өтетін қолдағы шетел және ұлттық валютасын декларациялау тәртібіне сәйкес жазбаша декларациялауға жататын Қазақстан Республикасының валютасы, шетел валютасы, бағалы қағаздар.

2. Алып өтуге қатысты Қазақстан Республикасының заңдарымен Қазақстан Республикасына әкелудің және Қазақстан Республикасынан әкетудің жеңілдетілген (кеден төлемдері мен салықтардан толық босатылып) тәртібі көзделген зергерлік және басқа да бұйымдардан басқа, кез-келген түрдегі және күйдегі бағалы металдар (алтын, күміс, платина және платиналық топтағы металдар, нақтырақ айтқанда, палладий, иридий, радий, рутений, осмий).

3. Алып өтуге қатысты Қазақстан Республикасының заңдарымен Қазақстан Республикасына әкелудің және Қазақстан Республикасынан әкетудің жеңілдетілген (кеден төлемдері мен салықтардан толық босатылып) тәртібі көзделген зергерлік және басқа да бұйымдардан басқа, шикізаттай және өңделген түрдегі табиғи бағалы тастар (алмастар, лағылдар, зүбәржаттар, сапфирлер және құбылтастар) сондай-ақ інжулер.

4. Қару, яғни тірі және басқа да нысанаға тигізу, дыбыс беру үшін арналған конструкторлық құрылғылар және заттар;

оқ-дәрілер, яғни, нысанаға тигізу үшін арналған және қопару, лақтыру, пиротехникалық немесе жұлып алу заряды болмаса олардың үйлесімі бар қарулану және металмен жабдықтау заттары;

жарылғыш заттар, яғни әртүрлі порохтар, пироксилин, нитроглицерин, нитроглицоль, динамит, тротил және сыртқы импульс (соққы, жылу дірілінен және басқа да әсерлерден) әсерінен газ тәрізді өнімдер құрап және жылу бөліп өзінен-өзі үлкен химиялық реакцияға (жарылыс) бейімделген химиялық қосылымдар және қоспалар.

5. Нашакорлық құралдар және сананы улайтын заттар (Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес Қазақстан Республикасына бақылануға жататын нашакорлық құралдардың, сананы улайтын заттардың және олардың

прекурсорларының тізбесіне қосылған синтетикалық және табиғи шығатын заттар, препараттар, өсімдіктер), сондай-ақ соған ұқсастар.

6. Мәдениет құндылықтары, атап айтқанда:

тарихи құндылықтар, соның ішінде халық өмірінде, қоғам мен мемлекеттің дамуында, ғылым және техника тарихында, сондай-ақ атақты тұлғалардың өмірі мен қызметіне қатысты тарихи оқиғалармен байланыстылар;

археологиялық қазбалар нәтижесінде алынған заттар және фрагменттер;

көркем-өнер құндылықтары, соның ішінде:

кез-келген негізде және кез-келген материалды қолдана отырып қолмен жасалған (сызбалар мен өнеркәсіп бұйымдары, қолмен боялған халық кәсіпшілігі мен сувенирлік бұйымдар) картиналар, полотно және суреттер, иконалар;

кез-келген материалдан жасалған түпнұсқалық көркем шығармалар;

діни ғұрыптық көркем кәсіпшілігінің бұйымдары;

гравюралар, эстампалар, литография және олардың түпнұсқалық баспа н ы с а н д а р ы ;

бұқаралық және топтап шығару бұйымдардан басқа кез-келген материалдардан жасалған әшекейлі-қолданбалы өнер шығармалары;

сәулет, тарихи, көркем ескерткіштерінің және монументтік өнер ескерткіштерінің құрайтын бөлшегі және фрагменттері;

жеке немесе коллекцияларда ерекше (тарихи, көркем, ғылыми және көркем) қызығушылық тудыратын ескі кітаптар, басылымдар;

сирек кездесетін қол жазбалар және құжаттамалық ескерткіштер;

фото-, фоно-, кино-, бейнеархивтерді қоса алғандағы архивтер;

бірегей және сирек кездесетін музыкалық аспаптар;

пошта маркалары, өзге де филателистикалық материалдар, жекелеп алғанда ж ә н е к о л л е к ц и я л а р д а ;

ескі тиындар, ордендер, медальдар, мөрлер және басқада коллекциялау з а т т а р ы ;

басқа да жылжымалы заттар, соның ішінде тарихи, көркем, ғылыми немесе өзге де мәдениеттік мәні бар көшірмелер, сондай-ақ мемлекет қорғауға алған тарихи және мәдениет ескерткіштері;

100 жылдан астам бұрын жасалған өзге де көне заттар.

7. Баспа өнімдері, кино-, фото- және бейне материалдар, сондай-ақ мемлекеттік және қоғамдық құрылысқа нұқсан келтіруге, соғысты, терроризмді, расизмді насихаттауға бағытталған материалдары, сондай-ақ порнографиялық сипаттағы материалдары бар ақпараттарды тасудың басқа да түрлері.

8. Тіпті салыстырмалы кішкентай мөлшері адам организміне түскен кезде улануға немесе өлімге әкелетін адам организміне жат табиғи және синтетикалық (мышьяк, циандық калий, сулема, стрихнин және басқалары) заттар;

күйікке және басқа да организмді бүлдіруге әкелетін (қышқылдар, ойып түсіретін сілтілер және т.б.) заттар;

жол жүру болмаса емдік курс алу үшін Қазақстан Республикасының кеден шекарасынан өтуші тұлғалардың тек қана жеке пайдалануы үшін арналған дәрілік заттардан басқа, дәрілік заттар.

9. Химиялық элементтері, радиоактивті (технеций, прометий, полоний және олардан кейінгі Менделеевтің кезеңділік жүйесіндегі барлық элементтері) барлық изотоптары бар заттар және нәтижесінде тірі организмдерге қауіпті кез-келген толқынды, корпускулярлы немесе электромагнитті сәуле мөлшері пайда болатын иондайтын тарауға әкелуді сипаттайтын өзге де табиғи және синтетикалық заттар.

10. Флора мен фаунаның сирек кездесетін коллекциялары және үлгілері, минералогия, анатомия және палентология, жойылу қаупі тұрған жабайы флора мен фауна объектілері сияқты осындай ғылым салалары үшін қызығушылық тудыратын заттар, олардың бөліктері және олардан алған өнімдер.

11. Оларды Қазақстан Республикасының аумағында пайдалану мемлекеттік органдар тарапынан бақылауға жатпайтын техникалық құралдардан, соның ішінде жеке ұялы байланыстағы мобильдік телефондарынан басқа, бір немесе бірнеше радиоберуші болмаса қабылдаушы құрылғылардан тұратын техникалық құралдар немесе олардың комбинациясы және көмекші жабдықтары (радиостанция, радионавигация және радиоайқындау жүйелері, кабельдік теледидар жүйелері) және 9 кГц асатын жиілікте жұмыс істейтін басқа да құрылымдар.

12. Егер бұл шектеулер артылған болса, оларды кеден шекарасы арқылы кеден төлемдері мен салықтарын төлемей оңайлатылған жеңіл тәртіппен алып өтуге Қазақстан Республикасының заңдарымен белгіленген сандық (салмақтық) немесе құндық шектеулерге қатысты тауарлар.

13. Тауар ретінде әкелінген (әкетілген) болмаса уақытша әкелінген (әкетілген) көлік құралдары.

14. Иесіз жөнелтілген жүктегі алып өтетін тауарлар.
Жеке тұлғалардың Қазақстан Республикасының кеден шекарасы арқылы алып өтетін тауарларын кедендік ресімдеу, декларациялау және кедендік бақылаудың Ережелеріне
2 қосымша

ЖОЛАУШЫ КЕДЕН ДЕКЛАРАЦИЯСЫ

* Әрбір 16 жасқа толған тұлға толтырады.

* Керекті жауап тиісті рамкаға мынадай белгімен белгіленеді.

* Уақытша келу/кетудің барлық кезеңінде сақталады және қайтып келу кезінде кеден органына беріледі. Жоғалған кезде орнына келтірілмейді.

келу кету транзит

1. Тұлға туралы мәлімет:

тегі	Аты	әкесінің аты
тұрақты тұратын елі	азаматтығы/берілгендігі	төлқұжаты

қандай елден келді (шығу елі қай елге барады (нысаналы көрсетіледі) елі көрсетіледі)

Өзіммен бірге кәмелетке толмаған балалар бар _____ Саны
Иә Ж о қ

2. Жүгінің болуы туралы мәлімет:

2.1. Қол жүгін қоса алғандағы, _____ 2.2. Иесіз жөнелтілген жүк _____
иесімен жөнелтілген жүк Иә Ж о қ (жүкке ілескен құжаттар И Ж
б о й ы н ш а)

Орын саны _____ Орын саны _____

3. Тауарларының болуы туралы мәлімет:

Менде және менің жүгімде міндетті түрдегі декларациялауды талап ететін және шекара арқылы алып өту тиісті құзыретті органдардың рұқсат беретін құжаттары бойынша жүргізілетін тауарлар бар:

3.1 Ұлттық және өзге де қолдағы валюта, валюталық құндылықтар, кез-келген түрдегі және күйдегі бағалы металдардан және асыл _____
тастардан жасалған бұйымдар Иә Ж о қ

Валюталардың, құндылықтардың немесе бұйымдардың атаулары	Сомасы/саны
	Санмен Жазумен

3.2 Қару, кез-келген __ __ 3.8 флора және фауна объек-рі,
оқ-дәрілер, жарылғыш Иә Жоқ олардың бөліктері және олардан __ __
заттар алынған өнімдер Иә Жоқ

3.3 Нашалар және __ __ 3.9 Жоғары жиілілік
сананы уландыратын Иә Жоқ радиоэлектронды құрылым және __ __
заттар байланыс құралы Иә Жоқ

3.4 Ескі және өнер __ __ 3.10 Кеден төлемдерін салуға __ __
заттары Иә Жоқ жататын тауарлар Иә Жоқ

3.5 Баспа басылым. __ __ 3.11 Уақытша әкелінетін __ __
дары және басқа да Иә Жоқ (әкетілетін) тауарлар Иә Жоқ
ақпарат тасушылар

3.6 Улы және қатты __ __ 3.12 Көлік құралдары __ __
әсер ететін заттар Иә Жоқ Иә Жоқ
және дәрілер

3.7 Р а д и о а к т и в т і __ __
материалдар Иә Жоқ

Кедендік бақылау мақсаттарында 3.2.-3.12. тармақшаларда көрсетілген тауарлар туралы нақты мәліметтер, олар болған кезде декларацияның келесі бетіндегі 4. тармақта көрсетілуі қажет.

4. Тауарлар туралы мәліметтер:

4.1 3.2-3.11 тармақшаларда көрсетілген тауарлар туралы мәліметтер

N	Тауардың атауы және басқа да ерекше	Саны	Ұлттық
р/с	белгілері, рұқсат беретін құжаттың нөмірі _____		валютамен
	және берілген күні және оны берген орган	Сан. Жазу.	және АҚШ \$
		м е н м е н	қ ұ н ы

Жалпы құны (Барлығы):

4.2. Көлік құралы туралы мәліметтер

Түрі, маркасы _____ Шығарылған жылы _____ Двигателінің көлемі (см3)

Шасси N _____ Кузов N _____ Двигатель N _____

Кеден режимі:

әкелу ____ уақытша әкелу ____ кері әкету ____
әкелу ____ уақытша әкету ____ кері әкелу ____

Декларацияда жалған мәліметтер хабарлағаным үшін өзіме қолданыстағы
зандарға сәйкес жауапкершілікке тартылатыныма мен хабардармын

" ____ " _____ 2001 ж. Тұлғаның қолы _____

Қызметтік _____ белгілер _____ үшін _____

_____ ж е к е

_____ н ө м і р л і

_____ м ө р і

М.О.

ЖОЛАУШЫ КЕДЕН ДЕКЛАРАЦИЯСЫНЫҢ ҚОСЫМША ПАРАҒЫ

(Кеден декларациясы негізгі парағының 3.1.; 4.1. бағандарына
симай қалған тауарлар туралы мәліметтер)

Тұлға _____ туралы _____ мәліметтер:

_____ тегі _____ аты _____ әкесінің аты _____

Тауарлар туралы мәліметтер:

Ұлттық және өзге де қолдағы валюта, валюталық құндылықтар,
кез-келген түрдегі және күйдегі бағалы металдардан және асыл
тастардан _____ жасалған _____ бұйымдар

Валюталардың, құндылықтардың _____ Сомасы/саны

немесе бұйымдардың _____

атаулары _____ Санмен _____ Жазумен _____

3.2-3.11. тармақшаларда көрсетілген тауарлар туралы мәліметтер

N Тауардың атауы және басқа да ерекше Саны Ұлттық
р/с белгілері, рұқсат беретін құжаттың нөмірі _____ валютамен
және берілген күні және оны берген орган Сан. Жазу. және АҚШ \$
м е н м е н қ ұ н ы

Жалпы құны (Барлығы):

" _____ " _____ 2001 ж. Тұлғаның қолы _____
Қызметтік белгілер _____ үшін

----- ж е к е

----- н ө м і р л і

----- м ө р і

М.О.

К е л і с і л д і

Қазақстан

Республикасының

Мемлекеттік

кіріс

министрі

2001 жылғы 15 ақпан

Б е к і т і л д і

Қазақстан

Республикасы

Мемлекеттік

кіріс

Кеден

комитетінің

министрлігі

N 54

б ұ й р ы ғ ы м е н

2001 жылғы 15 ақпандағы

Қысқаша декларацияны толтыру жөніндегі нұсқаулық

1. Қысқаша декларацияны тауарларды және көлік құралдарын тасымалдаушының өкілі, ал арнайы уәкілетті тұлға болмаған жағдайда, көлік құралын жүргізуші тұлға N 1 қосымшаға сәйкес белгіленген нысан бойынша үш данада толтырады. Егер тауарлар мен көлік құралдары уақытша сақтау үшін

ашық алаңқайларға, көлік құралдарына немесе арнайы бөліп берілген және жайғастырылған үй-жайларға орналастырылған жағдайда, қысқаша декларацияның үшінші данасын толтыру талап етілмейді.

Бұл ретте, қысқаша декларацияның даналары мынадай тәртіпте таратылады:

1-ші дана - бақылау үшін кеден органының істерінде қалады;

2-ші дана - тасымалдаушыға беріледі;

3-ші дана - УСҚ (кеден қоймасының, бос қойманың) иесіне беріледі.

2. Кеден органы қысқаша декларацияны қабылдаудан бас тарта алмайды.

3. Қысқаша декларация кеден органдарына N 4-қосымшада келтірілген нысан бойынша қысқаша декларациялар есебін жүргізу кітабында есептеледі. Қысқаша декларацияның есеп жүргізу кітабындағы нөмірі оның тіркеу нөмірі болып е с е п т е л е д і .

4. Қысқаша декларация 14 бағаннан тұрады және онда мынадай мәліметтер б о л у ы т и і с :

1-баған. "Тауарларды жіберуші, жіберу елі"

жіберу елін көрсетілген жіберушінің атауы, заңды мекен-жайы;

2-баған. "Тауарларды алушы, нысаналы елі"

нысаналы елі көрсетілген алушының атауы, заңды мекен-жайы;

3 - б а ғ а н . " Т а с ы м а л д а у ы ш ы "

тауарларды тасымалдауды жүзеге асыратын тұлғаның атауы және заңды м е к е н - ж а й ы ;

Егер тасымалдаушы мыналар болып табылған жағдайда:

жеке тұлға - аты-жөні, паспорттық мәліметтері және оның т ұ р ғ ы л ы қ т ы ж е р і ;

темір жол - "темір жол" деген жазба жазылады;

әуе компаниясы - "авиа" деген жазба жазылады, рейс нөмірі және қазақстандық әуежайына әуе кемесінің келу уақыты көрсетіледі;

тасымалдаушы болған жағдайда:

теңіз немесе өзен кемесі - "теңіз (өзен) кемесі" деген жазба жасалады және тіркелу порты және қазақстандық портқа келу уақыты көрсетіледі;

4-баған. "Көлік құралы туралы мәлімет"

көлік түрі, атауы және көлік құралының нөмірі;

5-баған. " Көлік құжаттарының атауы, нөмірлері"

құжаттардың атауы, көліктік құжаттың нөмірі болған жағдайда, оның нөмірі;

6-баған. "Тауардың ТМД СЭҚ ТН бойынша атауы/коды"

тауардың атауы, көлік құжаттарында тауардың ТМД СЭҚ ТН бойынша коды болмаған жағдайда, оны көрсету қажет емес.

Тауарлардың үштен астам атауын берген кезде осы баған бойынша мәліметтерді мәлімдеме парағының екінші жағында көрсетуге рұқсат етіледі, ол

үшін бағанның нөмірі көрсетіледі ("6-бағанға қосымша"), кеден органының қысқаша декларацияны қабылдайтын және тіркейтін лауазымды адамының қолымен және жеке нөмірлі мөрімен, ресімдеу күні көрсетіле отырып расталады;

7 - баған. "Орындар саны"

көлік құжаттарында көрсетілген орындардың саны;

8 - баған. "Салмағы (кг)"

тауарлармен бірге жүретін құжаттарда көрсетілген уақытша сақтауға орналастырылатын тауарлардың килограммалық салмағы;

9-баған. "Пломбылардың және өзге де ұқсастыру құралдарының саны мен нөмірлері"

көлік құралында бар болатын пломбылардың немесе өзге де ұқсастыру құралдарының саны мен нөмірлері;

10-баған. "Қосымша мәліметтер"

Тауарларды және көлік құралдарын уақытша сақтау орындары және рәсімі туралы нұсқаулыққа сәйкес уақытша сақтаудың жеке орындарына орналастыруға шектеу қойылған тауарлар әкелінген жағдайда толтырылады;

11-баған. "Уақытша сақтау орны"

тандалған уақытша сақтау орнының атауы және тұрғылықты жері, сол орынның иегері туралы мәліметтер;

12-баған. "Уақытша сақтау мерзімі"

"Қазақстан Республикасындағы кеден ісі туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес айқындайтын уақытша сақтау мерзімі;

13-баған. "Кеден органының атауы"

тауарлар мен көлік құралдары берілетін Қазақстан Республикасы кеден органының толық атауы;

14-баған. "Кеден органының шешімі"

уақытша сақтау орны туралы кеден органының шешімі.

Тандалған уақытша сақтау орны Тауарларды және көлік құралдарын уақытша сақтау орындары және рәсімі туралы нұсқаулыққа сәйкес келмесе, осы Нұсқаулыққа сәйкес рұқсат етілетін уақытша сақтау орындары көрсетіледі.

Өзге де уақытша сақтау орнын таңдау жаңа қысқаша декларацияны белгіленген тәртіпте беру арқылы ресімделеді.

Осы жағдайда, бұрын жасалған қысқаша декларацияның күші жойылады.

5. Тауарлар мен көлік құралдарын тасымалдаушының өкілі 1-11-бағандарды толтырады, ал арнайы уәкілетті тұлға болмаған жағдайда, көлік құралын жүргізуші тұлға.

6. Кеден органының тауарларды және көлік құралдарын кедендік ресімдеуден өткізетін лауазымды адамы 12-14-бағандарды толтырады.

7. Тауарлар мен көлік құралдарын тасымалдаушы өкілінің қолымен, ал

арнайы уәкілетті тұлға болмаған жағдайда, көлік құралын жүргізуші тұлғаның қолымен расталған тиісті түзетулер енгізу арқылы 1-5, 7-11-бағандарда көрсетілген мәліметтерді өзгерту жүзеге асырылады.

8. Қысқаша декларация кеден органының тауарларды және көлік құралдарын кедендік ресімдеуден өткізетін лауазымды адамының қолымен ресімдеу күні көрсетіле отырып расталады.

Қысқаша декларацияны толтыру
жөніндегі нұсқаулыққа
1-қосымша

N _____ қысқаша декларация

1. Тауарларды жіберуші, ж і б е р у		3. Тасымалдаушы е л і		
2. Тауарларды алушы, н ы с а н а л ы е л і		4. Көлік құралдары туралы м ә л і м е т		
5. Көлік құжаттарының атауы, нөмірі	6. Тауардың СЭҚ ТН бойынша атауы/коды	7. Орындар. дың саны	8. Салмағы (кг)	9. Пломбылар мен өзге де ұқсастыру құралдарының с а н д а р ы ж ә н е н ө м і р л е р і
10. Қ о с ы м ш а		м ә л і м е т т е р		
11. Уақытша сақтау орны		12. Уақытша сақтау мерзімі		
13. Кеден органының атауы		14. Кеден органының шешімі		
Тасымалдаушының өкілінің аты-жөні				
(көлік құралдарын жүргізуші уәкілетті тұлғаның қасақана қатыспауы кезінде)				

(қолы)

Қысқаша декларацияны толтыру
жөніндегі нұсқаулыққа
2-қосымша

Қысқаша декларацияларды тіркеу журналы

Р/с	Алушы	Тауардың атауы	Тасымал. даушы	Көлік құралы	Саны мен салмағы (кг)	уақытша сақтау орны	уақытша сақтау мерзімі
-----	-------	----------------	----------------	--------------	-----------------------	---------------------	------------------------

* Қысқаша декларациялардың реттік саны оның тіркеу нөмірі болып табылады

Бұйрыққа қосымша <*>

Ескерту. Бұйрық жаңа қосымшамен толықтырылды - Мемлекеттік кіріс министрінің 2002 жылғы 6 наурыздағы N 69 бұйрығымен .

"Астана - жаңа қала" арнайы экономикалық аймағының аумағында еркін кедендік аймақ режимінде мәлімделетін тауарларды кедендік бақылау мен кедендік ресімдеудің ЕРЕЖЕСІ

1. Жалпы ережелер

1. Осы "Астана - жаңа қала" арнайы экономикалық аймағының аумағында еркін кедендік аймақ режимінде мәлімделетін тауарларды кедендік бақылау мен кедендік ресімдеудің ережесі (бұдан әрі - Ереже) "Қазақстан Республикасындағы кеден ісі туралы" Қазақстан Республикасының Заңына (бұдан әрі - Кеден ісі туралы заң), "Кедендік режимдер туралы" Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кіріс министрлігі Кеден комитетінің 2001 жылғы 9 ақпандағы N 46 бұйрығымен бекітілген Еркін кедендік аймақтың кедендік режимін қолдану жөніндегі нұсқаулыққа , Қазақстан Республикасы Президентінің "Астана - жаңа қала" арнайы экономикалық аймағын құру туралы" 2001 жылғы 29 маусымдағы N 645 Жарлығымен бекітілген "Астана - жаңа қала" арнайы экономикалық аймағы туралы ережеге сәйкес әзірленді және "Астана - жаңа қала" арнайы

экономикалық аймағының аумағына (бұдан әрі - "Астана - жаңа қала" АЭА) еркін кедендік аймақ кедендік режимімен орналастырылатын тауарларды кедендік бақылау мен кедендік ресімдеуді жүргізудің тәртібін белгілейді.

2. Кеден ісі туралы заңның 71-бабына сәйкес еркін кедендік аймақтың кедендік режимі (бұдан әрі - ЕКА-ның кедендік режимі) - бұл шетелдік тауарлар тиісті аумақтық шекараларда немесе үй-жайларда (орындарда) кедендік баждар, салықтар алынбастан және тарифтік емес реттеу шаралары қолданылмастан орналастырылатын және пайдаланылатын, отандық тауарлар әкетуге Кеден ісі туралы заңмен айқындалатын тәртіппен экспорттың кедендік режиміне сәйкес қолданылатын шарттарда орналастырылатын және пайдаланылатын кедендік р е ж и м .

"Астана - жаңа қала" АЭА-ның аумағындағы ЕКА кедендік режимі - бұл Қазақстан Республикасының салық заңнамасында белгіленген тәртіппен акциздер салынатын, "Астана - жаңа қала" АЭА-ның аумағында орналастырылатын және пайдаланылатын импортталатын тауарларға акциз алуды қоспағанда осы тармақтың бірінші абзацында белгіленген шарттарда қолданылатын кедендік режим. (РҚАО-ның сілтемесі: (9-бөлім) қараңыз.)

2. Тауарларды "Астана - жаңа қала"

АЭА-ның аумағында ЕКА кедендік режимінде орналастырудың шарттары

3. Арнайы экономикалық аймақтың аумағына ЕКА кедендік режимімен: құрылысқа арналған машиналар мен жабдықтарды; арнайы экономикалық аймақтың аумағындағы құрылыс процесінде толығымен пайдаланылатын тауарларды; құрылыс және объектілерді жобалық-сметалық құжаттамаға сәйкес пайдалануға беру үшін қажетті тауарлар мен жабдықтарды орналастыруға рұқсат етіледі.

4. Арнайы экономикалық аймақтың аумағында тауарлармен мынадай операцияларды жасауға рұқсат етіледі: бұл тауарлардың сақталуын қамтамасыз ету жөніндегі; тауарларды тасымалдауға дайындау жөніндегі: құрылыс процесінде ұтымды орналастыру және тұтыну мақсатында бөлінген құрылыс салу учаскелерінің шегінде партияларды бөлу, тауарлар мен көлік құралдарын сұрыптау, тиеу, түсіру, қайта тиеу, сондай-ақ орнын ауыстыру (кеден органының рұқсатымен); ғимараттарды және құрылыстарды тұрғызу кезінде құрылыс өндірісі технологиясының талаптарын орындау жөніндегі.

5. Тауарлар "Астана - жаңа қала" АЭА-ның аумағында ол жұмыс істеп тұрған жағдайда ЕКА кедендік режимімен шектеусіз мерзімдерде бола алады.

6. ЕКА кедендік режимімен орналастырылған тауарларды тасымалдау құрылысқа арналған учаскелердің шегімен шектеледі. Бұл жағдайда учаскелер арасында тасымалдау тауарларды кедендік бақылаумен жеткізуге (кедендік алып жүру) белгіленетін талаптарға сәйкес жүзеге асырылады.

7. "Астана - жаңа қала" АЭА-ның аумағына шетелдік және отандық тауарлардың жеткізілуін жүзеге асыратын көлік құралдары кедендік ресімдеу кезеңінде бақылау-өткізу пункттерінің жанындағы ашық алаңдарда (уақытша сақтау орындары) орналастырылады.

Осындай көлік құралдарының "Астана - жаңа қала" АЭА-ның аумағында болу мерзімдері тиеу-түсіру жұмыстарын жүзеге асыруға қажетті уақытқа қарай белгіленеді. Көлік құралының келуі мен кетуін есепке алу "Астана - жаңа қала" АЭА-ның аумағындағы бақылау өткізу пунктіндегі арнаулы журналда 1-қосымшаға сәйкес белгіленген нысан бойынша жүргізіледі.

3. Тауарларды кедендік ресімдеу

8. Кеден органына жүктік кедендік декларацияны ұсына отырып ЕКА кедендік режимінде кедендік ресімдеуге осы Ереженің 3-тармақтарында көрсетілген шетелдік және отандық тауарлар жатады.

9. Тауарларды ЕКА кедендік режимімен орналастыруға заңнамалық тәртіппен "Астана - жаңа қала" АЭА аумағында тіркелген тұлғаларға рұқсат етіледі. (РҚАО-ның сілтемесі: (6-бап) ; (3-тарау) қараңыз.)

10. Осы Ереженің 3-тармағында көрсетілген тауарлар кеден органына:
жүктік кедендік декларацияны;
тұрғызылатын құрылыстар мен техникалық-экономикалық негіздеуге (машиналар мен жабдықтар үшін) арналған жобалық-сметалық құжаттаманы;
жүктік кедендік декларацияларды, құжаттарды және "Тауарлар мен көлік құралдарын кедендік ресімдеу туралы" Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кіріс министрлігі Кеден комитетінің 2001 жылғы 15 ақпандағы N 54 бұйрығымен бекітілген кедендік мақсаттар үшін қажетті қосымша мәліметтерді қабылдау мен тексеру ережесінде белгіленген талаптарға сәйкес белгіленетін өзге де құжаттарды ұсыну жолымен декларациялауға жатады.

Тауарларды "Астана - жаңа қала" АЭА-ның аумағына әкелу кезінде декларациялау мынадай ерекшеліктер ескеріле отырып жүргізіледі:

тауар тобы ретінде бір объектінің құрылысына арналған тауарлар ұғылады;
30 "Тауарды қарау орыны" бағанында оның мекен-жайына тауар жеткізілетін "Астана - жаңа қала" АЭА құрылысы объектісінің бірдейлендірілген нөмірі

мынадай сызба бойынша көрсетіледі:

N 0.000 элемент, мұнда:
0. - учаскенің нөмірі;
000. - құрылыс объектісінің нөмірі;

тауарларды өткізу кезінде кезеңдік және алдын ала мәлімдеудің ережесі қолданылуы мүмкін. Бұл ретте тауарларды кезеңдік декларациялау рәсімі бойынша тауарларды әкелуге кезеңдік жүк кедендік декларациясын тіркеген сәттен бастап отыз күнтізбелік күннің ішінде рұқсат етіледі. Тауарларды әкелу аяқталғаннан кейін он күннен кешіктірмей әкелінген тауардың нақты саны ескеріле отырып толтырылған толық жүк кедендік декларация ұсынылады.

Ескерту. 10-тармақ өзгертілді, толықтырылды - ҚР Кедендік бақылау агенттігі төрағасының 2002 жылғы 25 желтоқсандағы N 157 бұйрығымен .

11. Осы Ереженің 3-тармағында көрсетілген де, көрсетілмеген де отандық тауарларды, машиналар мен жабдықтарды "Астана - жаңа қала" АЭА-ның аумағына орналастырған жағдайда, декларациялаудың оңайлатылған нысаны қолданылуы мүмкін (2-қосымша).

Бұл жағдайда декларациялаудың оңайлатылған нысанының даналары мынадай тәртіппен бөлінеді:

1-дана - бақылау үшін кеден органының істерінде қалады;

2-дана - декларанттың қолына беріледі.

Оңайлатылған нысандағы декларация тауарлар мен көлік құралдарын кедендік ресімдеуді жүргізетін кеден органы лауазымды адамының қолымен және жеке нөмірлік мөрімен, ресімделген күні көрсетіле және оларды іс жүзінде әкелгені/әкеткені туралы белгілер қойыла отырып расталады.

Тауарларды әкелгендегіден өзгеше мөлшерде әкеткен жағдайда, тауарды өткізуші тұлға мөрмен расталған Оңайлатылған нысандағы декларацияның 9-бағанында әкетілетін тауардың іс жүзіндегі мөлшерін көрсетеді.

Оңайлатылған нысандағы декларацияны кеден органдары оңайлатылған нысандағы декларацияларды тіркеу журналына осы Ережеге 3-қосымшада келтірілген нысанға сәйкес есепке алады.

"Астана - жаңа қала" АЭА-ның аумағындағы объектілерге қызмет көрсету үшін (жұмысшыларды, жолаушыларды, қызмет көрсетуші қызметшілерді тасымалдау) пайдаланылатын және тауарлар тасымалдауға жұмылдырылмаған автокөлік құралдарын көрсетілген АЭА-ның аумағына өткізуге кеден органының келісімімен рұқсат етіледі.

12. ЕКА кедендік режимі өзге кедендік режимге өзгерген жағдайда тарифтік емес реттеу шараларын қолдану, кедендік төлемдер мен салықтарды төлеу таңдалған кедендік режимнің шарттары мен талаптарына сәйкес жүргізіледі.

13. Бұрын "Астана - жаңа қала" АЭА аумағынан Қазақстан Республикасы кедендік аумағының қалған бөлігіне ЕКА кедендік режимімен орналастырылған отандық тауарларды әкету кезінде, тауарларды өткізуші тұлға төлем ретінде немесе тауарларды әкелу кезінде берілген өзге де жеңілдіктердің нәтижесінде алынған соманы қайтарады.

14. ЕКА кедендік режимімен орналастырылған шетелдік тауарлар Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерлерге қайта экспорттаудың кедендік режиміне сәйкес әкетіледі. Нақты әкетуге бақылау тауарларды кедендік бақылаумен жеткізуге белгіленген талаптарға сәйкес жүзеге асырылады.

4. Кедендік алымдар мен салықтарды төлеудің ерекшеліктері

15. ЕКА кедендік режимімен орналастырылатын шетелдік тауарларды әкелу кезінде импортталатын тауарларға акциз алуды қоспағанда, кедендік баждар, салықтар алынбайды және тарифтік емес реттеу шаралары қолданылмайды.

16. Отандық тауарларды "Астана - жаңа қала" АЭА-ның аумағына Қазақстан Республикасының қалған кедендік аумағынан әкелу кезінде кедендік төлемдер, салықтар алынбайды және тарифтік емес реттеу шаралары қолданылмайды.

17. Осы Ереженің 12-тармағында белгіленген тәртіпке сәйкес "Астана - жаңа қала" АЭА-ның аумағына бұрын әкелінген отандық тауарларды "Астана - жаңа қала" АЭА-ның аумағынан Қазақстан Республикасының қалған кедендік аумағына әкету кезінде кедендік төлемдер мен салықтар алынбайды, тарифтік емес реттеу шаралары қолданылмайды.

18. ЕКА кедендік режимімен орналастырылатын шетелдік тауарларды "Астана - жаңа қала" АЭА-ның аумағынан Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерлерге әкету кезінде кедендік баждар, салықтар алынбайды және тарифтік емес реттеу шаралары қолданылмайды.

19. Шетелдік тауарларды "Астана - жаңа қала" АЭА-ның аумағынан Қазақстан Республикасы кедендік аумағының қалған бөлігіне әкелу кезінде кедендік баждар мен қосымша құн салығы мәлімделген кедендік режимнің шарттарына сәйкес алынады және тарифтік емес реттеу шаралары қолданылады.

5. ЕКА кедендік режимімен орналастырылатын тауарларды кедендік бақылау

20. ЕКА кедендік режимімен орналастырылатын тауарларды кедендік бақылау тауар ЕКА кедендік режиміне орналастырылған сәттен бастап жүзеге асырылады және тауарды өзге кедендік режимге орналастырған кезде, не кеден органының тауарлардың АЭА-ның аумағындағы құрылыс процесінде толығымен

пайдаланылғанына көзі жеткеннен кейін аяқталады.

Өзге кедендік режимдерге мәлімделген тауарларды одан әрі кедендік бақылау таңдап алынған кедендік режимнің шарттарына және талаптарына сәйкес жүзеге асырылады.

21. ЕКА кедендік режимімен орналастырылатын тауарларды кедендік ресімдеу кеден қоймасының, бос қойманың режимдерін қоспағанда оларды өзге кедендік режимде мәлімдеген жағдайда мұндай тауарларды ЕКА кедендік режимінде кедендік ресімдеуді жүзеге асыратын кеден органында жүргізіледі.

6. ЕКА кедендік режимімен орналастырылатын тауарларды есептеу мен есептілікті жүргізудің тәртібі

22. Қазақстан Республикасының заңнамаларының сақталуын қамтамасыз ету мақсатында кеден органдары кедендік бақылаудың барлық нысандарын қолдануға, сондай-ақ белгіленген кестеден тыс есеп ұсынуды талап етуге құқылы. Бұл жағдайда, есепті ЕКА кедендік режимін мәлімдеген адамдар кеден органы бастығының жазбаша талабы ұсынылғаннан бастап жеті күннің ішінде ұсынуы тиіс.

23. ЕКА кедендік режимін мәлімдеген адамдар белгіленген үлгідегі есеп кітабында (4-қосымша) тауарлардың есебін жүргізеді және кеден органдарына олар туралы есеп береді. Тауарларда болатын кез келген өзгерістер есептік құжаттарда көрсетілуі тиіс. Есептілік осы Ереженің 4 және 5-қосымшаларына сәйкес нысан бойынша есептіктен кейінгі айдың 10-на дейін тоқсан сайын ұсынылады.

24. Билігінде ЕКА кедендік режимінде мәлімделген тауарлар бар адамдар Қазақстан Республикасының кеден органдарына есептілікті ұсынбағаны және тауарлардың есебін жүргізу тәртібін сақтамағаны үшін жауаптылықта болады.

25. "Астана - жаңа қала" АЭА-ның кедендік шекарасы арқылы өткізілетін тауарларды есепке алатын және осы Ережеге сәйкес қолданылатын барлық журналдар мен кітаптар нөмірленуі, тігілуі және кеден органының мөрімен расталуы тиіс.

7. Арнайы экономикалық аймақты жабу

26. "Астана - жаңа қала" АЭА таратылған жағдайда құрылыс процесіне толығымен пайдаланылған тауарларды, сондай-ақ "Астана - жаңа қала" АЭА-ның мерзімінен бұрын таратылған жағдайда "Қазақстан Республикасындағы арнайы экономикалық аймақтар туралы" Қазақстан Республикасының 1996 жылғы 26 қаңтардағы N 2823 Заңының 6-бабында

көзделген кепілдіктер таратылатын тауарларды қоспағанда бұрын ЕКА режимінде ресімделген және "Астана - жаңа қала" АЭА-ның аумағына орналастырылған тауарлар Қазақстан Республикасының кедендік заңнамасына сәйкес өзге кедендік режимге қайта ресімдеуге жатады.

8. Қорытынды ережелер

27. Еркін кедендік аймақ кедендік режимінің талаптарын бұзғаны үшін Қазақстан Республикасының заңнамасында көрсетілген жауаптылық белгіленеді. "Астана - жаңа қала" арнайы экономикалық аймағының аумағында еркін кедендік аймақ режимінде мәлімделетін тауарларды кедендік бақылау мен кедендік ресімдеудің ережесіне 1-қосымша

"Астана - жаңа қала" АЭА-ның бақылау-өткізу пунктінде көлік-құралдарын әкелу мен әкетуді есепке алу журналы

БӨП ашық а/м	Тауардың Саны Объект.	АЭА	Кеден.	АЭА	Ес.
алаңына маркасы,	атауы	тінің учаске.	дік аумағы.	кер.	
орналас. мем.		атауы сіне	құжат.	нан ту	
күні нөмірі			келген	тың шыққан	
(уақыты)			күні нөмірі	күні	
			(у а қ ы .	(у а қ ы .	
			т ы)	т ы)	

"Астана - жаңа қала" арнайы экономикалық аймағының аумағында еркін кедендік аймақ режимінде мәлімделетін тауарларды кедендік бақылау мен кедендік ресімдеудің ережесіне 2-қосымша

(Тек қана отандық тауарлар үшін)

Оңайлатылған нысандағы декларация

N 0./00.00.0/0.000000 *

1. Тауарларды жөнелтуші	3. Тасымалдаушы
2. Тауарларды алушы	4. Көлік құралы туралы мәліметтер

5. Атауы, көлік құжаттарының нөмірлері	6. Тауарлардың атауы	7. Саны (дана, орны,	8. Салмағы (кг.) жиынтықтар және т.б.)
---	-------------------------	-------------------------	---

9. Құрылыс	Қосымша учаскесінің (объектінің	нөмірі, бірдейлендірген	мәліметтер объектінің атауы коды)
------------	---------------------------------------	----------------------------	--

Тауарды алушының өкілі _____

М.О.

_____ күні
(қ о л ы)

Кеден органының қызметкері _____ ЖНМ

* 0./00.00.0/0.000000 элементі, мұнда:

0. - құрылыс учаскесінің нөмірі;

00.00.0 - оңайлатылған нысандағы декларацияны қабылдаған айы, күні және
о с ы ж ы л д ы ң с о ң ғ ы с а н ы ;

0.000000 - учаскі БӨП-інің нөмірі және кеден органы берген оңайлатылған
нысандағы декларацияның өспелі қорытындысы бар реттік нөмірі (жыл
аяқталғаннан кейін нөмірлеу қайтадан басталады).

"Астана - жаңа қала" арнайы экономикалық
аймағының аумағында еркін кедендік аймақ
режимінде мәлімделетін тауарларды кедендік
бақылау мен кедендік ресімдеудің ережесіне
3-қосымша

Оңайлатылған нысандағы декларацияларды тіркеу ЖУРНАЛЫ

N	* Алушы	Тауардың	Тасымалдаушы	Көлік	Саны	Салмағы	Уақытша
р/б		атауы		құралы			сақтау

						о р ы н ы
--	--	--	--	--	--	-----------

* Оңайлатылған нысандағы декларацияның реттік нөмірі оның тіркеу нөмірі болып табылады.

"Астана - жаңа қала" арнайы экономикалық аймағының аумағында еркін кедендік аймақ режимінде мәлімделетін тауарларды кедендік бақылау мен кедендік ресімдеудің ережесіне 4-қосымша

(ұйымның, кәсіпорынның атауы)

"Астана - жаңа қала" АЭА аумағында "еркін кедендік аймақ" режимінде ресімделген тауарлардың, машиналардың және жабдықтардың пайдаланылуын ЕСЕПКЕ АЛУ КІТАБЫ

Басталды:

Аяқталды:

К І Р І С

Қоймалық есеп	Есептік кезеңнің басына	Тауардың түскен күні	ЖКД-ның немесе өзге кедендік құжаттың нөмірі	СЭҚ ТН бойынша сипаттау және код	Өлшем бірлігі	Саны
---------------	-------------------------	----------------------	--	----------------------------------	---------------	------

Ш ы ғ ы с

Талаптың (жүк-құжаттың) нөмірі	ЖКД-ның немесе өзге кедендік құжаттың	Өлшем бірлігі	Саны	Құрылыс объекті. аяғында атауы	Есептік кезеңнің	Ескерту
--------------------------------	---------------------------------------	---------------	------	--------------------------------	------------------	---------

	нөмірі			қалдық

Басшы _____

Бас бухгалтер _____

"Астана - жаңа қала" арнайы экономикалық аймағының аумағында еркін кедендік аймақ режимінде мәлімделетін тауарларды кедендік бақылау мен кедендік ресімдеудің ережесіне 5-қосымша

_____ Кеден органына есептіден
(ұйымның, кәсіпорынның атауы) кейінгі айдың 10-на дейін
тоқсан сайын ұсынылады
_____ жылдың _____ тоқсанындағы

"Астана - жаңа қала" АЭА аумағында "еркін кедендік аймақ" режимінде ресімделген тауарлардың, машиналардың және жабдықтардың пайдаланылуы туралы ЕСЕП

Басталды:

Аяқталды:

К І Р І С

Қоймалық есеп кәртiшке. сiнiң нөмiрi	Есептiк кезеңнiң басына қалған қалдық	Тауардың түскен күнi	ЖКД-ның немесе өзге кедендiк құжаттың нөмiрi	СЭҚ ТН бойынша сипаттау және код	Өлшем	Саны бiрлiгi

Ш Ы Ғ Ы С

Талаптың		ЖКД-ның		Өлшем		Саны		Құрылыс		Есептік		Ескерту
(жүк-		немесе өзге		бірлігі				объекті.		кезеңнің		
құжаттың)		кедендік						сінің		аяғына		
нөмірі		құжаттың						атауы		қалған		
		нөмірі								қалдық		

Басшы

Бас бухгалтер